

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ
«ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ»

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ
МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ
ДІНИ-ӨНЕГЕЛІК МҰРАСЫ**

Алматы, 2024

ӘОК 94(574) (035.3)

ҚБЖ 63.3 (5 Каз.)

Қ 18

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының Ғылыми кеңесімен ұсынылды*

*ҚР ҰҒА академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
С.Т. Сейдумановтың жалпы редакциясымен*

Пікір білдірушілер:

С.Е.Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор

К.А.Затов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Д.С.Утебаева, философия докторы PhD дінтану мамандығы бойынша

Қ 18 Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-өнегелік мұрасы. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану және дінтану институты», 2024. – 312 б.

ISBN – 978-601-304-142-1

Бұл ұжымдық монографияда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы діни дүниетаным мәселелеріне ғылыми талдау жасалады. Ойшылдың дүниетанымына тән діни ой-толғамдар қазіргі заманғы дінтанулық парадигмада айқындалып бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылды.

Аталмыш ұжымдық монография дін тарихын зерделеуге ұмытылатын мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, дінтану және исламтану мамандықтарының докторанттарына, магистранттарына, бакалаврларына, сондай-ақ дін тақырыбына қызығушылық танытатын көпшілік оқырман қауымға арналады.

**Ұжымдық монография Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің №АР13068253 «Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-өнегелік мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.*

ӘОК 94(574) (035.3)

ҚБЖ 63.3

ISBN – 978-601-304-142-1

© ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, ШЖҚ РМҚ, 2024

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Қазіргі заман аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы (<i>Кельдинова А.Б.</i>).....	8
2. Ойшылдың XIX-XX ғғ қалыптасқан діни ахуалдың әсерін дінтанулық қырынан зерттеу (<i>Шағырбай А.Д., Сарсенгали Б.Ж.</i>).....	30
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным эволюциясының аспектілері (<i>Мейманхожа Н.Р.</i>).....	59
4. XIX-XX ғғ. аралығында қалыптасқан діни ағартушылық идеялардың Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасымен сабақтастығы (<i>Ишмаханов Ж.Ж.</i>).....	83
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Ш.Құдайбердіұлының ақыретке сенім мәселесі (<i>Қалдыбеков Н.С.</i>).....	115
6. Діни түбірдегі экстремистік және радикалистік идеологияға қарсы тұрудағы Мәшһүр мұралары мен ойшылдың діни көзқарастарының бүгінгі қоғам үшін өзектілігі мен маңыздылығын тұжырымдау (<i>Дүйсенбаева А.К.</i>).....	162
7. The relevance and significance for modern society of Mashhour’s legacy and the thinker’s religious views in the confrontation against extremist and radicalist ideology in the religious sphere (<i>Молдахмет Б.</i>).....	181
8. Мәшһүр Жүсіптің ислам дініне деген көзқарасы және түсініктері (<i>Аманқұл Т.О.</i>).....	243
9. Идеи Машхур Жусупа Копеевича в противостоянии радикальной идеологии (<i>Орынтай А.О.</i>).....	277
Қорытынды	305

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда діннің өзектілігі еліміздегі діни сананың жаңғыруымен байланысты. Сонымен қатар заманауи либералды-демократиялық қоғамның дамуы қазақстандық қоғам үшін де, әлемдік қауымдастық үшін де толерантты сұхбаттық дүниетанымды қалыптастырудың маңыздылығын алға тартады. Тәуелсіздік алғалы бері демократиялық идеология аясында қоғамда діннің рөлі үнемі өсіп келеді. Қазіргі замандағы қазақстандықтардың діндарлығы көбіне діни дәстүрге деген қызығушылықтары мен діни бірегейлік жолындағы ізденістерден туындаған, алайда, көптеген қазақстандықтар үшін діндарлық ресми-абстрактілі сипатта ғана. Себебі классикалық кезеңдердегі діни жүйенің дәстүрлі және дәстүрлі емес аясы туралы бұлыңғыр түсініктер бар.

Ұсынылып отырған монография идеясы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымына тән діни ой-толғамдар қазіргі заманғы дінтанулық парадигмада айқындалып, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсыну.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы діни дүниетанымдық мәселелерді айқындап, оның діни көзқарасындағы ерекшеліктерді қазіргі қазақстандық қоғамдағы діни ахуалмен байланыстыра отырып, ғылыми-дінтанулық тұрғыда кешенді түрде зерттеу.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дүниетанымына ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында қалыптасқан діни ахуалдың әсерін тарихи-дінтанулық қырынан қоғам және заман арақатынасында зерттеу.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни ұстанымын айқындау үшін оның өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным

эволюциясын ислам ілімінің мәні мен мазмұны арнасында бағамдау. ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. бастапқы ширегіндегі Қазақ даласында қалыптасқан діни ағартушылық бағыттың арналарын айқындап, оның өкілдерінің тұжырымын пайымдауларын Мәшһүр Жүсіп ойларымен салыстыра сараптау. М.Ж. Көпейұлы рухани мұрасының жинақталуы және қолжазба негізінде исламдық идеялардың қазіргі қазақстандық діни ахуалға қатысты қолданылу мүмкіндіктерін сипаттау. Діни түбірдегі экстремистік және радикалистік идеологияға қарсы тұрудағы МәшһүрЖүсіп мұралары мен ойшылдың діни көзқарастарының бүгінгі қоғам үшін өзектілігі мен маңыздылығын тұжырымдау.

Елбасының бағдарламалық мақаласында «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» өткен тарихымыз, әдет-ғұрып, дәстүр-салтымыз, туған жерімізде бой көтеріп тұрған ескерткіштер, әулиелердің кесенелері, тарихи тұлғалар туралы деректер рухани жаңғыру жайлы айтылса, «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «біздің қаһармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек отандастарымыз ғана емес, сондай-ақ шетелдегілер де білетін болады», – деп атап көрсеткен. Сондықтан Елбасы Н.Ә.Назарбаев бастамасымен көтерілген еліміздегі үдерістерге орай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған мол рухани мұрасын игерудің зор маңыздылығын тұжырымдаймыз.

Дүниетаным қоғамдық сана және тұлға санасының ұйытқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік немесе этномәдени топтың жетілуінің маңызды көрсеткіші. Бұл диалектикалық заңдылық дәстүрлі қазақ қоғамындағы басым құндылықтарды құрайтын діни дүниетаным, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни (исламдық) көзқарастарынан бірегей көрінеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алдыңғы ширегінде өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жан-жақты шығармашылығында діни құндылықтар, оның ішінде исламдық рухани негіздер алдыңғы орынды алады. Жастайынан өмірінің соңына дейін діни және дінтанулық білім алумен сипатталатын рухани ізденісте болған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығындағы діни дүниетаным эволюциясында ханафилік мазхабтағы сүннилік көзқарастар айқын басымдық танытады. Оның көзқарасына йасауилік және нақышбандилік тариқаттарға сүйенген сопылық ілімдердің ықпалы болғанымен, оның көтерген діни тақырыптағы мәселелерін дәстүрлі біліммен қатар, сол заманда өмірге енген заманауи ғылыми жаңашылдықтар тұрғысында да пайымдау қажет.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қалыптасқан ахуалдың, діни модернизм мен жәдидшілдіктің Мәшһүр Жүсіп дүниетанымына үлкен әсері болған. Оның діни көзқарасына сәйкес, оны жаңашылдық пен дәстүрдің таразы бастарын тең ұстады деп есептесек те, дегенмен іргелі негіздің дәстүрде жатқанын тұжырымдарынан аңғарамыз. Бүгінгі күні біз Мәшһүр Жүсіп өмір сүрген ортамен салыстырғанда да дәстүрлі құндылықтарымыздан анағұрлым ажырап қалғанбыз. Бұл мәселе, яғни дәстүр мен жаңашылдық арақатынасының қазіргі заманда одан сайын өзектілігімен көзге түсуде.

Қазақ діни ағартушылығының Абай Құнанбайқы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Мәшһүр Жүсіп тәрізді үш алыбы да діни құндылықтарды насихаттай отырып, жікке бөлінушіліктен, бүліктен бойды аулақ ұстап, қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрға бөленуін уағыздаған. Діни ағартушылық бағыттың ең көрнекті үш өкілі де мәңгі тақырып ретіндегі теологиялық мәселелерді қозғай отырып, өз заманындағы қазақ қоғамындағы бірқатар әлеуметтік

теріс қылықтарды сынай отырып, сондай-ақ барлығының Құдай алдындағы теңдігін, кедейлер мен қуғындалушыларға деген адамшылық қарым-қатынастың қажеттілігін насихаттай отырып, айқын гуманистік көзқарастарымен танылады.

Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен діни ойшылдарының дүниетанымдық көзқарастарын анықтау барысында бүгінгі қоғамдық ахуалдың даму үрдістерін, олардың өзара ықпалдасу сипаттарын қарастыру қажеттілігі туындайды. XX ғасырдың басында қазақ қоғамының үлкен этномәдени және діни кеңістігінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алатын орны зор. Еліміздегі қазіргі діни жағдайды дұрыс бағытта дамыту үшін ағартушы Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастарын ғылыми тұрғыда талдап, оның бүгінгі күн үшін рухани маңыздылығы мен әлеуеттілігін ашып көрсету көкейтесті мәселенің бірі болып табылады.

Ислам діни бойынша қасаң қағидалар мен шарттарға байланып қалумен сипатталатын рухани жағдай тәкаппарлық пен әділетсіздікке жол беріп, адамның ақылы мен имандылығына зиян келтіреді. Құран кәрімде иджитхәдқа талдауға орын берілген, тәпсірлеуге ашық тұстар жеткілікті. Ислам тарихында әр ғасырда өмір сүрген ғұламалар Құранның негізгі мағынасынан ауытқымай отырып, өз заманының парадигмасына сай пәтуа беріп, көзқарастарын білдіріп отырған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының сондай ойлары мен пікірлері діни түбірдегі фундаментализмнің, радикализм мен экстремизмнің алдын алуға септігін тигізеді.

Кельдинова Айман Бауржановна

ҚАЗІРГІ ЗАМАН АЯСЫНДА МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

XX ғасырдың басындағы қазақтың біртума ойшылдарының бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы қазақ философиясы тарихынан ерекше орын алады. Оның әрбір туындысы қазақ философиясын идеялық, көркемдік жағынан байытқан сирек кездесетін, қайталанбас даналық. Ойшыл адамның жан дүниесінде болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді нақты, әрі шыншыл бейнелей отырып, өмір шындығы туралы батыл, ашық айтуды өзінің міндеті деп санаған. Шындықты айту арқылы ғана халықтың санасын оятуға болады деген пікірде болған нағыз қазақ жанашыры атанған.

Кеңес энциклопедиясы көрнекті ойшыл, философ, ақын, публицист, тарихшы, шығыстанушы, этнограф, ислам теориясының білгірі, көріпкел және халық ауыз әдебиеті туындыларын жинақтаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы бірнеше сөйлеммен ғана шектеледі. Қазіргі заман аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясының алып отырған орнын зерттемес бұрын, оның өмірбаяндық мәліметтерін, әсіресе тұлғалық қалыптасуындағы тағдырлы бетбұрыс тарихын қарастырған жөн. Ол Қазақстанның інжу-маржаны атанған Сарыарқаның жүрегінде Баянауыл атты елді-мекенде дүниеге келген. Ата-анасы берген есімі – Адам Жүсіп. Кейін, Мұса Шорманов аңыздарды, дастандарды, поэмаларды тамаша орындағаны үшін тоғыз жасында оны Мәшһүр Жүсіп, яғни араб тілінен аударғанда «даңқты, танымал, лайықты» деп атаған. Осылайша, оның есімі Мәшһүр Жүсіп аталып, халық арасына атақты

есімімен нық енді. «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы өлеңіне назар аударатын болсақ:

Атамыз дін жолына белін буды,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.
Көшенің қақ басынан қуғанынан,
Жеткенше медресеге атпен қуды [1, 159 б.].

Екі ғасырдың тоғысында және олардың бетбұрыс заманында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған өмірбаяны әлі табылған жоқ. Сондай-ақ оның өмірбаяны ғылыми тұрғыдан аз деңгейде зерттелгені екені байқалады. Кейбір библиографиялық деректерде Мәшһүр Жүсіптің туылған жылы түрліше және қате жазылып, бұрмаланулар кездеседі.

1861 жылы Мәшһүр Жүсіп үш жасқа толғанда, оның отбасы мүшелері қысқы ашаршылық кезінде барлық малынан айырылғанда, оның әкесі: «Мал адамға тірек емес, білім өмірлік тірек», – деп шешіп, бес жасар ұлын медресеге сауатын ашуға береді. Жас кезінен бастап Мәшһүр Жүсіп өзінің қоршаған ортаны қабылдауымен, сезімталдығымен, сондай-ақ ақыл-ой қабілеттерімен барлық молдалардың назарында болғанымен ерекшеленді. Тіпті, оны әрдайым салыстырмалы үлгі ретінде тұтқан, басқа оқушылар назарында мақтаған. Молданың есептеуімен кімде кім «Шар» кітабын оқыса, оның медресе бітіруге шамасы бар, бұл адамның кез келген кітапты оқуға хақы бар деп таныған. Ұлының жетістіктеріне риза болған Көпжасар ұлына «Мұхамедия» атты сирек кітабын тапты. Бірақ әкесінің «Шар», «Михат» кітаптарын сатып алуға қаражаты жоқ екенін білген Мәшһүр Жүсіп оларды жатқа біліп алған. Нәтижесінде, ол арабша, парсыша, шағатай және түрік тілдерін жетік меңгерген. «Мәшһүрдің өзін таныстыруы» атты өлеңінде келесі өлең жолдары көрсетіліп, осы поэтикалық туындыда оның ғұмырлық ерекшеліктері баяндалады:

Тірлік пен денсаулықта – баста бағым,

Онан соңғы дәулетім – тіл мен жағым [1, 32 б.].

Мәшһүр Жүсіп 1886 жылдан 1891 жылға дейін Өзбекстандағы Бұхарадағы мұсылмандық жоғары мектебінде оқыған. Ізденіс үстінде Мәшһүр Жүсіп Солтүстік және Орталық Қазақстанның басқа аудандарына барып, халық ауыз әдебиетінің шығармаларын жинайды. Атап өту қажет, білім мен орудың жолына түскен Мәшһүр Жүсіп бүкіл Қазақстанға таны- мал Қараөткел, Атбасар, Қызылжар жерлерін аралап, осы өлкені мекендеген рулар мен тайпалардың өмірімен, тұрмысымен және фольклорымен танысты, өзінің дүниетанымын байытты. Осы кездің өзінде де ол өзін өмірдің оқиғалары мен құбылыстарын дәл сипаттай және жеткізе алатын дара ойшыл ретінде көрсете білді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ағартушылық қызметі, оның өмір сүрген уақыт аралығы үшін маңызды қадамы болды. Ол балалар мен жастарға білім беруге, сауаттылықты насихаттауға ерекше мән берді. Мысалы, оның «Бес парыз» шығармасында келесі өлең жолдары көрсетіледі:

Алланың ризалығын шын ойласаң,

Баланы кішкентайдан оқуға бер.

Баланы оқуға бер жас басынан,

Алланың құр қалдырмай олжасынан... [1, 87 б.].

Сонымен қатар, ол қазақ тілінде жазылған еңбек- оқулықтар, ғылыми мақалалар шығарды. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, 1872 жылы Мәшһүр Жүсіп Бұхарада медресе- сеге оқуға түсіп, жоғары мұсылман діни білімін алған. Оқуды тәмамдағаннан кейін оқытушылық қызметпен айналысқан, яғни медресені бітірген соң бірнеше жыл туған өлкесінде қазақ балаларының сауаттылыққа баулып, мұғалім болып қызмет атқарған. Сол сияқты Мәшһүр Жүсіп қазақ жерінде тек мек- тептер ашып қана қоймай, балаларды оқытып, педагогикалық

жұмыс жүргізді, сонымен қатар өздері оқулықтар, оқу құралдарын, оқытуға арналған нұсқаулықтар жазды.

1875 жылы ауылда мұғалім болып жұмыс істегенімен қатар, журналистік қызметпен де белсенді айналысты. Мәселен, оның мақалалары, очерктері мерзімді түрде «Дала уәлаяты» газетінде және «Айқап» журналында басылып тұрды. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Қазақстанда түрлі әлеуметтік өзгерістер болды. Ресей империясының отарлау саясатынан туындаған саяси-экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын терең өзгертті. Халық арасында сауаттылықты арттыру, көшпелі өмірден отырықшылыққа көшу, жаңа білім мен ғылымға қызығушылық туындады. Сондай-ақ, қазақ қоғамында ағартушылық идеяларының таралуы, әсіресе жастар арасында білім алу, мәдениетке қызығушылық көбеюі байқалды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы жағдайларға жауап ретінде ұлттық мәдениетті, руханиятты көтеру, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін күресті. Оның айқын дәлелі - оның шығармашылығы, ағартушылық қызметі, этнография мен тарихқа Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қосқан үлесі болып табылады. Мысалы, ақынның «Ит дүние», «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені», «Мына заман», «Сарыарқаның кімдікі екендігі қазақтың осы күнгі әңгімесі», «Партия хақында» өлеңдері ұлттық мәселелерді, әлеуметтік әділеттілікті, халықтың тұрмысын және салт-дәстүрін насихаттады:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,

Өзінің болған емес кесірінен.

Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді

Қойнында құшақтаған жесірінен.

Адасып осы күнде қазақ қалды

Бұрынғы ата-баба рәсімінен... [1, 212 б.].

Этнография мен тарихқа Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қосқан үлесі де зор. Ақын өз шығармаларында қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, дініне қатысты көптеген мәселелерді қозғап, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға, халықтың мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға үлкен үлес қосты. Ол поэзиясында қазақтың қасиетті ұлттық ұғымдарын, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілігін, болашаққа деген сенімділігін білдірді. Бұл ретте, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Беташар», «Жар-жар», «Бата үлгілері», «Той» – деген соң» туындылары, жұмбақтары және жаңылтпаштары бар:

Айт, айт, келін, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін!
Сауысқаннан сақ, келін,
Жұмыртқадан ақ келін! [1, 179 б.].

Шығыс тілдері мен қазақ фольклорын жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы барлық түркітілдес халықтарға ортақтастырылған рухани байлық болып табылады. Оның шығармалары халықты әрдайым жақсылыққа, шыншылдыққа, парасаттылыққа шақырды. Халықтың ұлттық сана-сезімді оятуға бағытталған поэтикалық өлең жолдары да бар. Ол көптеген батыл, әрі болашаққа бағдар бола алатын өзекті ойларды айтқан. Оның рухани мұрасы өркениет пен болашақтың, өткен мен бүгіннің сабақтастық байланысы десек қателеспейміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэтикалық мұрасының едеуір бөлігін дастандар (жоғары көркем поэтикалық шығармалар) құрайды, олардың көпшілігі діни тақырыптарға арналған. Бұл тұрғыда Мәшһүр Жүсіп дастандарының шығыс классиктерінің шығармаларымен ұқсастығы бар. Діни дастандарда автор халық аңыздарының дәстүрін көркем жазба әдебиеті деңгейіне дейін көтере алған. Мұхтар Әуезов атап өткендей,

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиеті үлгілерін сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне қосқан зор еңбегі мен үлесін атап өтпеуге болмайды [2, 68 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екі ғасырдың тоғысында, бетбұрыс оқиғаларының айналысында жарқын өмір сүрді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында туындаған қоғамдық ахуал ойшылдың бірқатар әлеуметтік-мәдени құндылықтық дүниетанымын қалыптастырды. Біріншіден, осы уақыт аралығында орын алған тарихи оқиғалар болса, екіншіден, Мәшһүр Жүсіптің өзіндік тұлғалық қасиеттері, тәлім-тәрбиесі, білімі, өмірлік тәжірибесі қалыптастырады. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіппен қатар бір дәуірде өмір сүрген замандастарының дүниетанымдық әсері оның әлеуметтік-мәдени құрылысы толықтырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының эволюциясын үш кезеңге бөлуге болады: XIX ғасырдың соңғы онжылдықтары, XX ғасырдың басы және кеңестік кезең арылығы. Дүниетанымның қалыптасуы өзара байланысты екі үдерістің шеңберінде болды: нақтылау және жеке мен әлеуметтік даму идеалдарын нақты-лау идеялары төңірегі айналысында болды. Сонымен бірге философтың өмірбаяны оның философиялық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен сыртқы және ішкі оқиғаларға толы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз философиясында ең маңызды ұғымдар ретінде ар-ождан, гуманизм идеяларын қорғады. Ол білім, өнер адамның жан дүниесін тазартады және оған жоғары мақсаттарға жетуге көмектеседі деп өз оқырмандарын сендірді. Ол бұл идеяны дінмен байланыстырады: оның пікірінше, Құдайды білу адамзатқа, әділеттілікке әкеледі. Сондықтан оның дүниетанымында Құдайға деген сенім ерекше орын алады. Ойшылдың болжамдары олардың дұрыстығына, нақтылығына жетелейді. Оның философиялық еңбектерінде адам мен қоғам

өміріне, сол кездегі өзекті мәселелерге қатысты анықтамалар берілген.

Осыған орай, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясы Шығыс философия дәстүрлерімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн, бұл ойшылға тарихи шындықты шынайы бейнелеуге көмектесті. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған ойшылдың әр сөзі бүгінде қанатты өрнек сияқты естіледі. Оның аңыздар мен өлеңдерде айтқан ислам дінінің тарихы туралы ойлары мен тұжырымдары қол жетімді және түсінікті ақиқат екені күмәнсіз.

Қазақ философының дүниетанымдық ұстанымының діни негізіне ерекше тоқталатын болсақ. Моральдық принцип пайда болып, Құдайдың негізінде құрылғандықтан, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының идеясы бойынша кемелдіктің негізгі көрсеткіші бірінші орынға шықты. Ислам дінінің басты ерекшелігі бола отырып, кемелдік идеясын барлық деңгейдегі ойшылдар дәйекті түрде жүзеге асырды: зияткерлік, адамгершілік және физикалық негізде де. Мәшһүр Жүсіп исламның ақыл мен ғылымның дамуына ықпал еткеніне сенімді болды, бұл өз кезегінде жаратылған әлемнің құдайлық мағынасын ашуға көмектесуі болды. Таным процесін адамның өзін-өзі жетілдіру тәсілдерінің бірі ретінде талдау кезінде қазақ діни философы танымның сопылық түсіндірмесіне сәйкес, шындықты жүрекпен түсінуге баса назар аударды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының исламды тұжырымдауының басты ерекшеліктерінің бірі «Алла» түсінігін жаңа мазмұнмен толтыруы болды. Мәшһүр Жүсіп Алланың сиқырлы іс-әрекетте (діни жораларды жасауда) емес, ең алдымен Аллаға, адамзатқа және барлық тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікте екенін түсіндірді.

«Алла» ойшыл үшін тек табиғаттан тыс күш қана емес, сонымен бірге танымдық және әрекет етуші субъектінің

ойлауын сипаттайтын ұғым болды. «Бұл ретте, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тұлға мәселесіне, оның ішкі және әлеуметтік бостандығына ерекше көңіл бөлуі, оның исламды құдайшылықпен түсінуінде себеп болды» – деп С.Н. Мамытова көрсеткен [3, 19 б.].

Мәшһүр Жүсіптің философиялық көзқарастарына ислам әсер етті. Бүгінгі таңда, Кеңес дәуірімен салыстырғанда, Мәшһүр Жүсіптің философиясының діни аспектілері туралы айтуға және жазуға болады. Бұл ретте Данысбекова Қ.Б.-ның «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – діни философияның көрнекті өкілі» атты мақаласында әділ атап өткен пікірімен толық келісеміз: «Мәшһүр Жүсіп нақ осындай қиын-қыстау сәттерде өзінің шығармашылығы арқылы ұлттың бар болмысын сақтауға аса қажетті – діни негіздеріміз бен рухани құндылықтар ұғымдарын барынша терең ашып көрсетуге тырысты. Олардың мейлінше өзектілігіне меңзеп, бағыт-бағдар бере білді. Олай болса, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясы, сөз жоқ, бірінші кезекте діни философиясы болып табылады» [4, 224 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни тақырыптарға жазылған туындылары қазақ философиясы тарихынан ерекше орын алып, қазақ философиясын нотематикалық, көркемдік, ағартушылық тұрғысынан байытқан сирек кездесетін, қайталанбас мұра болып саналады. Әрине, Мәшһүр Жүсіп өз дүниетанымында өз халқының ең үздік адамдарынан, Батыс және Шығыс философтарынан үлгі алған. Өзінің бай тәжірибесіне, біліміне сүйене отырып және естігендерінен, оқығандарынан қажетті нәрсені таңдай отырып, ақын өте мазмұнды тұжырымдарға келді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясының тағы бір ерекшелігі, онда ол басқа ақындар жүгінбеген, қарастырмаған тақырыптарға талдау жасайды. Ойшыл сюжетті безендірмейді, өлеңдерінде ештеңе асырмайды. Ол үшін ең бастысы -

адамгершілікті, адалдықты, мейірімділікті мадақтау, бұл оның гуманистік идеяларының жемісі болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жан-жақты адам болған, оның білімі энциклопедиялық десек қателеспейміз. Ол өрттің зияны туралы, шөпті қалай шабу және оны сақтау туралы, қандай жылқыларды өсіру керек, қай жерде не егу керек, жылқыларды қалай емдеу керек, суды қалай іздеу керек және т.б. қоғамға пайдалы сұрақтарға шешімін табуға ойластырған. Геолог ретінде судың қайнар көзі қайда екені және оны қалай қазуға кеңес берді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына араб және парсы тілдерін жетік білу, табиғи ақындық дарын, туған халқының мәдениеті мен тарихын еңсеңе түсіну, аналитикалық қабілеттер оған болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардың мәнін тереңірек және айқын түсінуге, оларды ағартушылық көзқарастарымен салыстыра отырып бағалауға көмектесті. Оның ең көрнекті философиялық шығармаларының бірі – «Жер мен көк» поэмасы. Поэма философиялық және моральдық уағыз-әңгіме түрінде құрылған және ең алдымен діни функцияға ие. Онда ол Данте, Милтон, Шведборг, Шеллинг, Фихте және басқа Батыс Еуропа ойшылдарына жақын. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұнда тек ақын ретінде ғана емес, сонымен бірге діни ұстанымдарды, космогenez туралы ежелгі ілімдерді, халық аңыздарын, эзотерикалық даналықты түсіндіретін нағыз философ ретінде өзін таныта білді. Поэма грек-рим антикалығының сюжеттерін, библиялық және Құран бейнелері мен мәтіндерін қазақ халқының діни санасымен ұштастырған. Поэмада дін мен мораль, сенім мен ақыл, өмір мен өлім, әлемдік діндер ілімдерінің синтезіндегі Құдай өсиеттерінің мағынасы және ежелгі әдептердің даналық мұрасы туралы сұрақтар бар. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің көзқарасы мен қиялы арқылы өзінің суреттерін (әлемді құру, түпнұсқа күнә және т.б.) жеткізе отырып, әлемді түсінуге ты-

рысады. Ойшыл бір Құдайдың күшімен құрылған аспан мен жер арасындағы тепе-теңдік туралы айтады. Оған адам жолы игі істер жасай отырып ғана жете алады деген көзқарастар көрсетілген [5, 44 б.].

Поэмада біз әлемнің, жердің және адамның жаратылысын түсіндіруге дәстүрлі емес көзқарастарды кездестіреміз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы белгілі канонизацияланған бейнелерді жаңа мағынада береді, жер мен көктегі дәстүрлі идеяларға сәйкес келмейтін заттар мен құбылыстардың әртүрлі символдарын жасайды.

Оның тұжырымдамасының ерекшелігі – ғалам сан алуан және шексіз, сансыз өзгеретін әлемдерден тұрады. Оның діни санасы да қозғалыста, кеңістік пен уақытты, адамды, Құдайды білуге бағытталған. Діни ілімде бір-бірімен өзара әрекеттестің жарық пен қараңғылықтың, жақсылық пен жамандықтың эзотерикалық символикасы жатыр. Аспан мен жер бір-бірімен байланысты, ал әмбебап ақыл - Құдай.

Осылайша, ислам философиясын басшылыққа алған, сабақтастықты танытқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен ислам ойшылдарының түйсіні арасындағы рухани байланысты табуға болады.

Ислам философиясының ірі өкілі Әбу Мансур әл-Матуридидің айтуынша, аян Құдайдан шыққан және ол барлық нәрсенің Иесі. Ол бұл тұжырымдаманы Құдайдың еркіне бағынбай қабылдауды талап етеді. Бұл тұжырымдаманы қазақ халқы да сол қалпында қабылдады деп айтуға болады. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармасындағы бұл жолдар Әбу Мансур әл-Матуриди тұжырымдамасымен терең үндес:

Бір Алла – серігі жоқ, жалғыз өзі,

Оның жоқ ата-ана, ұғлы-қызы.

Тумайды, өзі ешкімнен туылмады,

Осылай «Қул һуа Алла» - Құран сөзі

Ол Алла жасим жауһар - ғариз емес,
Боларға басқа-басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге сатуға
Еш нәрсе оған ұқсап, жөні келмес!
Дүниеде еш нәрсе жоқ теңдес оған,
Өзінің зақымынан қаиум тұрған.
Өзі жалғыз, мұқтажсыз, мұңсыз Құдай,
Барша мұқтаж өзіне болған оңай [6, 124 б.].

Бұл жолдар шығарма авторының философиялық-теологиялық мәселелер туралы хабардар болуының жоғары дәрежесін көрсетеді. Мұндай эрудиция барлық қазақ ойшылдарына тән деп айтуға болмайды.

Е.Е.Бертельстің пікірі бойынша, «Мұсылман шығысындағы ең ірі авторлардың барлығы дерлік, сирек жағдайларды қоспағанда, қандай да бір түрде суфизммен байланысты» [7, 54 б.].

Қазақ ойшылдарының мұрасын талдау қазақ философиясындағы сопылық дәстүрінің сабақтастығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ол түркі орта ғасырының философиясынан бастау алып, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында қазақ ағартушылығы дәуірінде лайықты жалғасын тапты.

Ағартушылар соқыр сенімнің табынуына емес, білімге еліктеуді қалаған, білім беру құрметті орынға қойылған. Қазақ ағартушыларының жазбалары мен очерктеріне сәйкес, сол кездің өзінде де қоғам арасында деструктивті діни ағымдар мен діни фанатизм орын алған. Ойшылдар ақ пен қараны ажыратуға тырысты. Дала ағартушыларының көзқарастары біздің заманымызға қызықты, өйткені бүгінде ислам осындай қиындықтарға тап болып отыр. Сонымен қатар, мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасы және модернизация мен сенім арасындағы тепе-теңдік өзекті мәселе болып қала береді. XIX-XX ғасырдағы қазақ ағартушылары бұл сұрақтарға қалай қарады?

Абай Құнанбайұлының тұжырымдамасы бойынша, ислам бір жағынан қалыпты дін ретінде, екінші жағынан ағартушылық діні ретінде көрінеді. Оның түсінігінде дін ұстамдылық пен мейірімділікке шақырады және сонымен бірге қоршаған әлемді ақылдың көмегімен білуге тыйым салмайды. Абай Құнанбайұлы үшін діни рәсімдер емес, ал адамның Аллаға шын жүректен сенетіні айқындаушы күші болды. Адам өзінің сенімін әдемі және ақкөңіл әрекеттермен растауы керек. Оның түсінігінде ислам адамға немесе қоғамға зиян келтіре алмайды.

Науаи, Хафиз сияқты Шығыс ақындарына тәнті болған Абай Құнанбайұлы сопылық әдебиеттің ықпалына түсіп, оның поэзиясында сопылық идеялардың көріністері үйлеседі.

Абай Құнанбайұлы еліктеуге бағытталған дәстүрлі қазақ әдебиетіне сын көзбен қарады. Бұл сопылық поэзияға да қатысты болса керек. Сопылық терминологиясы араб-парсы лексикасынан көптеген кірме сөздерді меңзеді, бәлкім бұл қазақ әдебиетін бұзып, ұлттық белгілерді жасыру себебімен байланыстырылды. Сондықтан Абай Құнанбайұлы кейбір жанрлардан қазақ өлеңінің пайдасына бас тарта отырып, жаңа мотивтер, бейнелер іздеді, тіпті сопылық терминологияның қазақ нұсқасын жасауға тырысқан еді. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген өлеңінде Абай Құнанбайұлы «жар» сөзін қазақ тілінде «жұбай» деген мағынаны білдіретін «сүйікті» мағынасында енгізеді. Бұл терминді кейін оның ізбасары Шәкәрім Құдайбердіұлы сопылық шығармаларында кеңінен қолданған.

«Көзімнің қарасы» өлеңінің ойлы және сырлы қарқыны бар. Ақын өлеңдердің дәстүрлі формалары сопылық поэзияның деңгейіне жеткізе алмайтындығын түсінді. Сондықтан ол өзінің талаптылығы, дарындылығы мен ізденісінің нәтижелеріне сәйкес сопылық поэзиясының жаңа нұсқасын ойластырды, оны шығармашылық эксперимент деп атауға болады. Оның «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдері бұның айқын дәлелі.

Бұл өлеңдерді ерекшелейтін бірінші нәрсе – сопылық мазмұн. «Бұл сопылық мазмұн екенін не анықтайды?» деген сұрақ туындайды. Бұл – сүйіктінің бейнесі. Өлеңдер монолог ретінде салынған, интонация баса назары сүйіктісіне аударылады және осы сұлулық үшін барлық ғашықтар өздерін құрбан етуге дайын деген мағынасында тұжырымдалады. Бірақ, өлең жолдарында түннен қараңғы көз қарашығы немесе тәтті ерін сияқты бейнелеу емес, ал нағыз махаббат азабы берілген, ал өз кезегінде, оның нағыз өлшемі тек рухани әлем ғана болуы мүмкін. Сондықтан, махаббатқа және махаббаттың азабына таңдану – сопылық ақындар жырлаған үлкен сырлы ортақ тақырып болып табылады.

Абайдың сопылық мазмұндағы шығармаларын ерекшелейтін екінші жаңалығы – олардың поэтикалық мөлшері. Айта кету керек, осы тақырыптағы Абайдың әр өлеңінде өзіндік поэтикалық өлшемі бар.

Автор тіпті буын арқылы адам мен тағдырдың көзқарасын жеткізе алды. Ал тағдырға қарсы шыққан, бүлінген әлемге тәуелді махаббат туралы сөз болғанда, Құдіреті шексіз Құдаймен кездесу іздеп жүрген сопының бейнесі пайда болады. Бұны келесі өлең жолдарынан көре аламыз:

Сопылық дүниетанымға сәйкес, Құдай адамды сүйіспеншілікпен жаратқан, өйткені адам – Құдайдың бейнесі, ол тек махаббатпен ғана ақысын төлей алады. Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде былай дейді:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз ешуақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас [8, 99 б.].

Сондықтан Абай Құнанбайұлы діндар адам бола отырып, кемелді адам (толық адам) немесе шынайы иман келтіруші бейнесінде сенімнің прагматикалық көрінісіне сенімді.

Абайдың мұндағы мақсаты – кемелдікке жетудің жолын көрсету еді. Абай иманнан пайда табудың практикалық жолдарын ең алдымен маңыздысы білім деп атайды, бірақ басқа жеті атрибуттарын да ұмытпайды. Сонымен қатар, ол өзінің көріністері арқылы Аллаға ұқсас болу қажеттілігін көрсетеді, оның ішінде мейірімділік пен әділеттілік, махаббат және имандылықты ерекшелейді. Мұндай адам Алланың кішкентай көшірмесі бола отырып, адамзатқа пайдасын әкеледі, демек, өз өмірін сұр бекер өткізбес мағынасында түсіндіріледі.

Абай бұл әлемге адам кездейсоқ емес, жаратылыс нәтижесі ретінде келді деп сендіреді. Ол жағымды да, пайдалы қасиеттерге ие болуы керек және бастысы өзіне ғылымдарды игеруге мақсат қоюы керек деп ой қорытады. Бір сөзбен айтқанда, өмірді тек өзіңіз үшін ғана емес, бүкіл адамзатқа қамқорлық көрсете отырып, кемелділікке ұмтылып, өмір сүру керек. Кемелді адам өз балаларын, туыстарын, достарын осы жолға бағыттайтындықтан, нағыз мұсылман бола алады делінген.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлын қызықтырған тақырыптар қатарында махаббат лирикасы жанрындағы сопылық поэзия екендігі туралы ой түйдік. Осылайша, қазақ халқының сопылық поэзиясы Қожа Ахмет Ясауидің хикметімен астасып, бастау алған. Абай да оның философиялық толғаныстары философиялық лирикада үлкен мәнге ие деп санаған.

Белгілі қазақ ойшылы, философы және гуманисті Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасы тек қызықты ғана емес, сонымен қатар көптеген жағынан бірегей. Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясының басты мәселесі – руханият. Ол өз дүниетанымында білім алу және шындықты тану адам баласының басты мақсаттары деп санады. Шындықты тану философтың пікірінше, ғылымдар мен дінде хабардарлықты болуды білдіреді [9, 13-24 бб.].

Қазақ ақынының сопылықты түсіндіруінің өзіндік ерекшелігін зерттеу «жан діні» тұжырымдамасына әкелді. Шәкәрімнің «жан діні» адамның Құдайға деген ішкі жолының тарихы ретінде зерттелген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы айтқанда, оның философиялық лирикасының ерекшеліктері оның сопылық дүниетанымымен де анықталатынын атап өткен жөн, бірақ оның өлеңдері бұл ілімге біршама қайшы келеді. Шәкәрім өзін сопылық ақыны ретінде санамаған. Бірақ оның барлық өлеңдері сопылық түсіндірумен әлемнің көрінісін білдіреді. Алайда оның философиялық тақырыптағы өлеңдерінің мағынасын түсіну үшін осы мәтіндердің мәдени және эстетикалық кеңістігін түсіну керек. Автордың өмірбаяны және оның әлеуметтік-тарихи жағдайлары оның барлық шығармаларында бір-біріне сәйкес келіп, осының дәлелі болып табылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы ХХ ғасырдың басымен тұспа-тұс келді, яғни бұл соғыстар мен төңкерістердің уақыты, бұл үміт пен құлдырау уақытымен ұштасты. Сол кезде сопылық идеялары үміт үшін өзіндік қуат күші бола алды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы барлық сопылық ілімінің махаббатқа негізделгенін білген. Ақынның діни көзқарасы бойынша махаббат тақырыбын Шәкәрімнің тәлімгері Абайдың өзі де мойындаған. Бірақ қанды соғыстар мен төңкерістер болған кезде, өзіңізді және оқырманды махаббат адамның жанын құтқара алады деп сендіру қиынға соққан. Сондықтан, Шәкәрім сопылық ілімдер туралы өз түсініктерін өзгерте отырып, Құдайға деген махаббатты адам ақылымен алмастырды.

Түйіндейтін болсақ, Шәкәрім Құдайбердіұлы ар-ождан мен жан қажетті тірек екендігіне сенбеген адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, жол және заң тазалай алмайды деген сенімде болған. Ағартушы рухани бағдарларды жоғалту адами қасиеттерін жоғалуына да әкеледі деген, сол себептен де Құдайға сену аса қажет деп көрсеткен.

Зерттеулер көрсеткендей, Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп шығармалары діни-философиялық мәселемен шектелмейді, ақындар әлеуметтік, азаматтық салаларда да бай мұра қалдырған. Олардың екеуі де рухани қасиеттері мен қоғамдық қызметке бейімділігін жүзеге асырған ақындарға, ағартушыларға жатады. Дамыған саяси, ғылыми, эстетикалық мәдениетке ие бола отырып, түркі тілдерінің білгірлері бола отырып, орыс тілімен таныс Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрім өздерінің теологиялық және эстетикалық ойлауларында оларды қоршаған моральдық ортадан жоғары тұрғаны сөзсіз. Мәшһүр Жүсіп те, Шәкәрім де Шығыс және Батыс білімінің интеграциясын, ғылыми, философиялық және діни сананың синтезін жақтайтындарын ешқашан жасырмаған. Осылайша, олардың көзқарастары жәдидшілдікті қолдауда көрініс тапты. Нақ осы жәдидшілдік ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы жаңа идеологиялық ағым ретінде түркі-мұсылман халықтарының, атап айтқанда Орталық Азияның топтасуына түрткі болды, сонымен бір мезгілде олардың әлеуметтік жұмылдырлуының, коммуникациялардың дамуының, сондай-ақ қоғамның біртұтас геосаяси кеңістікке интеграциялануының салдары мен себебіне айналды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ой-пікірлерінде мистикалық таным-ойлауды қамтитын маңызды ерекшелік бар. Қазақ ойшылының тұжырымдамасы адамның шынайы өміріне көбірек бағытталған, ол оның парасатты мәніне сенімді. Мұны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жүрек пен ақылдың бастапқы бірлігі туралы философиялық ұстанымының негізгі ережелерінің бірінен анық байқауға болады. Құдайға апаратын жол тек рухани ғана емес, сонымен бірге зияткерлік сынақты, үнемі ізденісті және күмәнді жеңуді қажет етеді.

Осылайша, егер Еуропалық ақындар үшін жоғарыда аталған бейнелер адамның басынан кешкен сезімдері мен

құмарлықтарын (ғашық болу, тілек, толқу және т.б.) бейнелесе, ХХ ғасырдың қазақ ақындары Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы үшін бұл бейнелер мазмұнның діни – рухани жоспарына толы болып, ортағасырлық шығыс лирикасының поэтикалық ізденістерін жандандыруға ұмтылысын көрсетті.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни поэмалары ислам дүниетанымы саласындағы өнердің терең мәнінің көрсеткіштері болып табылады. Осы уақытқа дейін, сопылықтың қазақ философиясына ықпалы мәселесі философияның басты назарында болған жоқ. Соңғы жылдары зерттеліп отырған мәселенің жекелеген аспектілерін қарастыратын қазақстандық ғалымдардың бірқатар жарияланымдары шыққанымен, бұл бағытта арнайы зерттеулер әлі жүргізілген емес. Сол себептен де, діннің және исламның, оның бағыттарының қазақ философиясына ықпалын қарастыру үшін, өз заманының үлгі тұтарлық көрнекті өкілдерінің дүниетанымдық тәжірибесіне назар аударуымыз қажет. Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тағылымы екі ғасырдан бері адамзаттың рухани дамуына қызмет етіп келеді, әсіресе қазіргі заман жағдайында олар өзекті және өмірлік маңызды. Бүгінгі таңда қазақтың ұлы ойшыл ақындарының мұра-өнегесі Қазақстаннан тысқары жерлерде де белгілі, олардың шығармалары оқылады, аударылады, басқа ақындарды, күйшілерді, суретшілерді шабыттандырады десек қателеспейміз. Ұлы қазақ ойшылдарының бай мұрасы жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына нық енді.

Қазақстан философиясының тәуелсіздік жағдайындағы бірінші және ең маңызды міндеті құнды қазақ философиялық мұрасын игеру, әлемнің бірегей ұлттық бейнесін, оның құнды өмірлік бағдарларымен қайта құру болды. Қазіргі уақытта «қазақ философиясы» термині философиялық лексиконға нық енді, және осы бағыт бойынша зерттеулер қазіргі таңда өз өрбу

дәрежесіне жеткен қазақстандық философиясының алтын қорын құрайды. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы философиясының зерттелуі - салыстырмалы түрде кеш басталуымен ерекшеленген феномен. Мысалы, қазақ философиясы тарихының қалыптасуы мен пайда болуының ең өзекті саласы - діни бағыт екені белгілі. Сол себептен де, бұл бағытсыз толыққанды жарықтандыру мүмкін емес еді. Бұл уақыт аралығындағы әкімшілік жүйенің дінге, әсіресе исламға мүлдем қарсы болуы - осы саладағы кез-келген зерттеулерді тежеп, өріс алуына кедергі келтіргені де мәлім.

Бұрын-соңды Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасымен да халық аса таныс болған емес. Бұны Кеңестік идеологияға сәйкес келмеуі феноменімен байланыстырамыз. Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімді ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы қоғамдық және философиялық ойдағы діни-мистикалық ағымның өкілдері қатарларына қосқан. Ойшылдардың еңбектерін діни және патриархалдық көзқарастарға толы уағыздар ретінде қате бағалаған. Бірақ, Мәшһүр Жүсіп тұлғасының бұрынғы бағасы бүгінгі күнмен сәйкес келмейтінін атап өткен жөн. Осындай бостандыққа ұзақ жол жүргендігі де Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының үлкен ерлігі. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде оның бай шығармашылық мұрасын зерттеу бойынша «Мәшһүртану» ірі зерттеу орталығы ашылып, діни-философиялық және әдеби еңбектерінің 20 томы жарық көрді. Және бұл тек бастамасы ғана екендігі рухтандырады. Қазіргі Жаңа Қазақстан бүгінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан үлкен құрмет пен даңққа ие. Оның философиялық-діни идеялары тек қазіргі қазақ қоғамы үшін емес, сонымен қатар дүниежүзілік ой-сана тарихында да маңызды орын алады. Бүгін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлға, халқының

мәдениеті мен руханиятын қалыптастыруда елеулі рөл атқарған қазақ халқының дарынды тумасы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасы бүгінгі күні заманауи қазақ қоғамына маңызды әсерін тигізуде. Оның поэтикалық шығармалары мен философиялық-діни идеялары жастарға ұлттық құндылықтарды, рухани байлықты, адамгершілік қағидаларын сіңіруде зор маңызға ие. Мәшһүр Жүсіптің мұрасын зерттеу және насихаттау – қазіргі уақытта қазақ мәдениетінің, әдебиетінің және руханиятының дамуына үлес қосу болып табылады. Қазіргі заман аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани мұрасының көрінісі:

Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиялық идеялары. Олар заманауи адамның рухани дамуына, сана-сезімінің жоғарлауы мен адамгершілік қасиеттерінің нығаюына септігін тигізеді. Оның көзқарастары қазіргі заманғы жастарға рухани бағдар беруде маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни идеялары:

- Ислам түсінігі: Мәшһүр Жүсіптің дінге көзқарасы - терең және жан-жақты. Ол Исламның адамгершілік, әділеттілік, және білім алу қажеттілігін баса айтқан. Қазіргі қоғамда дін мен руханияттың адам өміріндегі рөлін қайта ойланып, дінге қоғамның моральдық негізі ретінде қарау маңызды.

- Сопылық философия: Оның шығармаларында сопылықтың терең идеялары мен принциптері байқалады. Руханият, жан тазалығы, ішкі ізденістер - қазіргі қоғамда адам баласының жеке дамуы мен адамгершілік құндылықтарын көтеру үшін күшті мотивация бола алады.

Үшіншіден, тіл және әдебиет. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары қазақ тілінің байлығын, көркемдігін және экспрессивтілігін көрсетеді. Ол поэзия, проза, публицистика саласында шығармалар жазып, халықтың рухани өміріне үлкен үлес қосты. Оның поэзиясында халықтың тарихы, өмірі, салт-дәстүрлері, адамгершілік құндылықтары терең орын алған.

Төртіншіден, тәлім-тәрбие мәселесі. Мәшһүр Жүсіптің мұрасы оқыту мен тәрбиелеудің, жастарға ұлттық құндылықтарды сіңірудің айқын үлгісі болып табылады. Оның шығармаларындағы әділдік, мейірімділік, ұстамдылық, білім мен ғылымның маңыздылығы қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтпайды. Ақиқат пен білім Мәшһүр Жүсіп ерекше көңіл бөлген. Өз шығармашылығында ақын білім мен ғылымның, зерттеудің, терең ойлаудың қажеттілігін насихаттады. Ол ғылым мен дінді тиімді үйлестіруді көздеген. Бұл қазіргі кезеңде, әсіресе ғылым мен дін арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу қажеттілігімен де өзектілігін сақтап отыр.

Бесіншіден, қоғамдық мәселелер. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз шығармаларында қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелерін де көтерген. Оның идеялары қазіргі уақытта да маңызын жоғалтпай, қазақ қоғамының дамуында маңызды ықпалды болып қала береді.

Алтыншыдан, салт-дәстүр және ұлттық рух тақырыбы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының идеяларында ата-баба мұрасына, дәстүрлері мен ғұрыптарына терең мән беріледі. Ол халықтың рухани және мәдени құндылықтарын сақтауға ұмтылған.

Жетіншіден, қазіргі рухани ізденістер. Бүгінгі күні адамдар өздерінің рухани өмірін үнемі жаңартып отыруға тырысады. Мәшһүр Жүсіпке тән идеялар, әсіресе оның адам сезімдеріне, рухани дамуға, және дүниеге деген сын тұрғысынан қарауына қатысты, қазіргі ізденістермен үйлеседі.

Қазақстанның заманауи даму кезеңі - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құндылықтарына деген қызығушылықтың жандану үдерісіне әкелді. Сонымен қатар қазақ философиясының қалыптасу тарихына, рөлі мен маңызына деген қызығушылық тенденциясы артты. Г.Г. Барлыбаеваның пікірінше, қазақ халқының мәдени-тарихи бастауларына оралу - бұл кезекті жылдам өзгертін сән емес, біздің замандасымыздың

әдеттегі өмір салтынан алшақтап, жаңа қарым-қатынастар мен басқа да құндылықтардың күрделі әлеміне келуі, өз жолын табу арқылы жан дүниесінің шынайы қажеттілігі [10, 55 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиялық-діни идеялары қазіргі заманның рухани негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның шығармалары мен идеялары адамдардың рухани-мәдени өмірін байытуға, қоғамдағы этикалық-құндылық мәселелерін шешуге көмектесуге мүмкіндік береді. Ұлы бабамыздың жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп қайсар рухын ұрандай ұсынып, қазақ халқының маңдайына қасқайып біткен азаматының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше [11, 21 б.]. Қазіргі таңда ұлағатты қазақ ойшылдың жастарға, білім алушылар мен қоғам мүшелеріне оның көзқарастары мен идеяларын ұғындыру-білім беру мен тәрбиелеудің маңызды бір бөлігі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы-бүгінгі рухани ізденістер мен мәдени трансформацияларды тереңдетуге қызмет ететін құнды бастау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалары. 1 том. – Алматы: Ғылым. 1990. – 270 б.

2 Әуезов М. 20 томдық шығармалары жинағы Т.17 – Алматы: Жазушы, 1985. – 456 с.

3 Мамытова С.Н. 2009. ‘Исторический процесс в интерпретации М.Ж. Копеева: диалектика божественного и человеческого’. *Известия НАН РК. Серия общественных наук*, № 2. – С. 17-19.

4 Данысбекова Қ.Б. 2008. ‘Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – діни философияның көрнекті өкілі’ // *Актуальные проблемы развития мировой философии. Международная научно-теоретическая конференция, посвященная 75-летию академика НАН РК Ж.М. Абдильдина*. – Астана, Изд-во ЕНУ. – С. 219-224

5 Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

6 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 430 б.

7 Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – М., 1965. – 250 с.

8 Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Избранное. «Русский раритет», 2006. – 140 с.

9 Нысанбаев Ә.Н., Барлыбаева Г.Г. Философия Шакарима // Адам әлемі. – 2006. – №1. – С.13-24.

10 Барлыбаева Г.Г. Абай как выразитель духа казахского народа // Аль-Фараби. – 2014. – №4 (48). – С. 62-69.

11 Нұрмұратов С.Е., Сатершинов Б.М., Шағырбаев А.Д. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

Шағырбай А.Д., Сарсенгали Б.Ж.

ОЙШЫЛДЫҢ XIX-XX ҒҒ. ҚАЛЫПТАСҚАН ДІНИ АХУАЛДЫҢ ӘСЕРІН ДІНТАНУЛЫҚ ҚЫРЫНАН ЗЕРТТЕУ

Қазақтың данышпан ойшыл-ақыны Абай өз заманында «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелсе, одан бір мүшел жас кіші қазақтың тағы бір кемеңгер діншіл-ақыны Мәшһүр Жүсіп «бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла, қазағым, қайран халқым, бауырларым» [1], деп ет-жүрегі елжірей насихат айтады. Үш жүзге аты мәлім Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің дүниетанымдық көзқарасын толығырақ ашу үшін, алдымен алған діни білімі мен шығармашылығына қоса, діндар адам ретінде оның көтерген ұлттық және әлеуметтік-саяси мәселелерін дәстүрлі тарихи уақыт ағымы мен сол заман тұрғысында пайымдау қажет. Сондай-ақ, әулиелік қабілет пен қасиет дарыған бұл абыз ақсақалдың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мол мұрасын бүгінгі күннің кәдесіне жарату үшін, оның өмір сүрген дәуіріндегі діни жаңартушылық қозғалыс пен сол замандағы діни ахуалды өзара салыстыра отырып, Мәшһүр Жүсіп көзқарастарының өзектілігі мен әлеуетін, маңыздылығы мен қажеттілігін айқындау керек.

Фольклортанушы әрі тарихшы ретінде ғана емес, дінтанушылық қырымен де көзге түскен Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің (1858-1931) өмір сүрген кезеңі – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегі жалпы әлемдегі, сондай-ақ мұсылмандық Шығыс әлеміндегі, оның ішінде қазақ даласындағы да ірі де, күрделі өзгерістер кезеңі болып саналады. Бұл дәуірде өмірдің барлық салаларында құлдырауға ұшырап,

батыс державаларының билігіне тәуелді күйге түскен мұсылман елдерінде ислам дінін қоғамдағы өзгерістерге бейімдей отырып, жаңарту идеяларын алдыға тартқан қолдаушылардың қозғалысы орын алды. Модернизация әсерімен болған бұл қозғалысты реформаторлық қозғалыстар деп те атайды, алайда дін канондары тұрғысынан келгенде мұндай атау оның негізгі догматтарына қайшы келеді. Өйткені дінде ешқандай реформа болуы мүмкін емес. Бұл көбіне ориенталистік бағдардағы батыстық ұстаным тұрғысынан қойылған атау кейін дүниетанымдық әдебиеттерге де, әдіснамалық әдебиеттерге де сіңіп, орнығып кетті. Сол сияқты бұл қозғалыстарға қатысты панисламизм деген айдардың қолданылатынын ескеру қажет. Солтүстік Африка жағалауы елдерін, Мысыр мен Пәкістанды, Осман және Ресей империяларын (оның ішінде Қырым мен Еділ бойынан қазақ даласына енген) кең қамтыған бұл үрдіс пен қозғалысты біз діни жаңғыртушылық немесе модернистік деп атағанды дұрыс көрдік. Османлыдағы жас түркілер қозғалысымен қаншалықты байланысы болса да, болмаса да XIX ғасырдың соңына қарай Ресей империясының мұсылман жұртшылығын қамтыған діни қозғалыс «жәдидшілдік» (жәдид – арабшадан аударғанда жаңартушылық) деген атауға ие. «Қадымшылдықпен» (қадим – арабшадан аударғанда ескішілдік) қанша полемикалық таластартысқа барса да біз бұл қозғалысты қазіргі «сәлафтардың» ойындағы бидғатпен (бидға-арабшадан аударғанда жаңашылдық енгізу) шатастырмаймыз. Дегенмен, жоғарыда аталған жаңғыртушылық пен жаңартушылық қозғалыстардың арасында терең байланыс бары анық. Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің профессор Шамшәдин Керім Тұрсынұлы бұл туралы былай дейді: «Ресей бодандығындағы мұсылман ағартушылығының «жәдидтік» (жаңа) бағыты өз алдына бөлек жатқан құбылыс емес, шығыс елдерінде, араб, мұсылман елдерінде пайда болған реформаторлықты бағдар ет-

кен ұстанымдармен тамырласып, ұстасып жатқан қозғалыс болатын. Қазақ діндарларының қадим жүйесін сынаған жаңашыл ұстанымын өз-өзінен шықпаған, араб әлеміндегі Рифат ат-Тахтауи, Жамал ад-дин әл-Ауғани, Мұхаммед Абдуһу, Абду ар-Рахман Каукиби тәрізді қайраткерлердің идеяларымен үндес, сабақтас қозғалыс деп қарастырғанымыз жөн. Сондай жәдидтік бағытты қабылдаған қазақ зиялыларының бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әл-Ауғани мен Мұхаммед Әбдуһудың істеген жұмыстары мен ұстанымдарынан хабардар болған» [2, 24 б.]

Осы Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университетінің біраз жыл ректоры болып, қазақ жұртшылығына танымал болып үлгірген Махмұд Фахми Хиджази де «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Араб елдеріндегі реформаторлық ой-пікірлер» деген мақаласында былай дейді: «Араб елдерінің бірнеше ойшылдарында мемлекетті дамыту, реформа жасау мақсатында бірнеше идеологиялық бағыттар қалыптасты. Сол ойшылдардың қатарына мысырлық Рифағат әт-Тахтауи (1801-1873), Хайр әд-дин әт-Туниси (1810-1890), ислам дінінде жаңашылдықты ұстанған Мұхаммед Абдуһу (1850-1905) жатады. Олардың бірінші пікірі – ислам өркениеттерін дамытуға негізделеді. Ойшылдардың екінші пікірі – қазіргі білім беруге ерекше көңіл бөліп, маңыздылығы мен тиімділігі нақтыланған білім беру жүйесін қабылдау... Осы ойшылғалымдардың үшінші пікірі – барлық салалардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына көңіл бөлу... төртінші пікірі – заманауи институттар мен жүйелер құру. Жоғарыда аталған ұлы ойшылдардың бесінші пікірі – азаматтық заң, сауда-саттық заңы сияқты қазіргі заңдардың маңыздылығы... ал алтыншы пікірі – өркениет үшін мәдениеттер арасында диалог құру» [3, 204-205 б.].

Көп жағдайда бұл қозғалыс отаршылдықтың бұғауын киген мұсылман елдерінің ұлт-азаттық күресімен де байланы-

стырылады. Әрине, ислам мен саясат арақатынасы тәрізді концептуалдық мәселелер өз алдына бір төбе. Көптеген өзге мәселелердегі сияқты бұл сұрақтың жауабын табуда да көзқарастар алшақтығының шектен шыққан формалары бар. Біреулер діннің саясатқа мүлдем қатысы жоқ десе, екіншілері бүкіл діни жүйені саясаттың өзіне айналдырады. Ислам тек діни дүниетаным ғана емес, ол өмірдің тәртібі, белсенді өмір сүрудің мәдениеті болғандықтан, саяси исламның таңсық болатындай ештеңесі жоқ, ол басқа да «дамушы әлем» елдері сияқты бүгінгі әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық және адамгершілік мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Ол отаршылдық бұғауынан босап, өз бірегейлігін орнықтыру барысында күнделікті өмірдің барлық саласындағы күрт өзгерістермен, урбанизациямен, әлеуметтік құрылымның бұзылуымен, дәстүрлі құндылықтардың шайылуымен сипатталатын жаңғырту (модернизация) мен жаһандану (глобализация) үдерістерінен туындаған көкейтесті мәселелерді шешуге тырысуда. Халықаралық қауымдастықтың қазіргі құқықтық нормаларына қайшы келмеген жағдайда, біріншіден, бұл қозғалыстарға өз бағдарламаларын жасауға, оны жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі тиіс. Екінші жағынан, ол қазіргі кезде белең алып отырған адамзатқа қарсы бағытталған рухани азғындықпен сипатталатын бұқаралық жаппай тұтынушылық қоғамның мәдени тегеуірініне қарсы тұруға қабілетті бірден-бір өркениетті күш [4, 52 б.].

Аталмыш діни қозғалыстардың пайда болуына түрткі болған факторлардың бірі кезінде бүкіл әлемде жетекші рөл ойнаған ислам өркениетінің бүгінгі күні «әлсіз, шеткері аймаққа» айналуын мойындау болып табылады. Мұсылман қоғамдарының ішкі моральдық және рухани құлдырауы ислам теологиясы мен философиясындағы, ғылымы мен технологиясындағы шығармашылық және интеллектуалдық

күштердің сарқылуынан (атрофиясынан), Батыстың ғылыми жетістіктеріне деген енжарлықтан, уақыт ағымы барысында діннің догматизмге бой алдыруынан аңғарылады. Әлем алдында тұрған мәселелерге араласудан алыс, қауқарсыз, қараңғылықта қалған бұл кеңістікте өзгелермен сұхбат құра отырып, ғалам туралы ой өрбітіп, бүгінгі заман мен болашақ туралы адамзатқа ортақ пәтуа айта алатындай ғұламалардың тапшылығы осы діни қозғалыстардың рухани көсемдерін тарих сахнасына шығарды.

Сонымен жоғарыда ойын ортаға салған профессор Шәмшадин Керім Тұрсынұлының «оқымыстының көзқарасын сол кезеңнің тынысымен, қоғамдағы болып жатқан ой-пікірлерден бөле-жармай, сабақтастыра қарастырған жөн» [2, 24 б.] деген тұжырымымен келісе отырып, осы жаңғыртушылық және жаңартушылық қозғалыстардың көрнекті өкілдерімен қазақ ойшылының қаншалықты таныс болғандығын, жекелей бұл екі қозғалыстың саяси және дінтанулық сипаттамасын және олардың көшбасшыларының ілімінің Мәшһүр Жүсіп діни дүниетанымына әсерін оның қоғамдық-саяси көзқарасымен байланыста қарастырамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Мысыр мен Үндістандағы діни қозғалыс көсемдерімен терең таныстығын оның «Ғылым және дін» атты еңбегінің кіріспесінен аңғаруға болады: «Исламитінің түп негізі болған Қалам, Қадим, Хадис-Шәріптен хабарлары жоқ, сарт-сауаннан жинап алып айтқан дін дүнияға пайдасыз. Қатырма тысты қалың кітапшен қазақтың саф жауһардай балаларының миын шірітіп, оның өзінде оңдап үйрете алмай, шапан мен сәлденің арқасында халықтың төрінде отырып, тәтті тамақтар жеп, қарнын тойғызғанға мәз болып, өзі оңбаған қара халықты онан жаман былғап, хорлықта қалдыруға надан молдалар себеп болды.

Сексен миллион шамасы Һиндістан мұсылмандарына үлгі-өнеге шашқан Шейхы Жамалдин Лафғаны (Жамал ад-дин әл-

Ауғани. – *А.Ш.*). Үш миллион шамалы Мысыр мұсылмандарына үлгі-өнеге болуға жараған Шейх Мұхаммед Ғыбышта (Мұхаммед Абдуһу. – *А.Ш.*) хазреттерінің сөзіне илан.

Өткір тілді, жүйрік қаламды, хүре пікірлі, хақиқат миданына жарқырап шыққан шаһбазлар бізді үйір-шүйір қылып таныстырып жатыр. Бұрынғы қатырма тысты қалың кітапты қоялық... «Дін не екенін танымын» дегенге Раит-алзи (эр-Рағид. – *А.Ш.*) сүресін тәпсір қылып, тәуилі не екенін түсіндіріпті. Исламның төрт рәкіні немен түгел болатындығын Уалғасыр (эл-Аср. – *А.Ш.*) сүресімен тәмам қылыпты. Сол: «Жадид бұзады» – деген надан молдалардың сөзіне ирасиндер. Сол екі сүренің тәпсірін оқып, тәуиліне қараңдар! Сол жәдид қалай екенін сонан соң танысыңдар!» [5, 320 б.].

Қазақтың тағы бір діни ойшылы Ғұмар Қараш тәрізді Мәшһүр Жүсіп те әл-Ауғани мен Мұхаммед Абдуһудың пікірлес шәкіттерінің бірі Мұхаммед Рашид Ризаның негізін қалап, шығарып тұрған «әл-Манар» газетін алып тұруы да мүмкін. Өйткені сол кездегі қоғам мен ғылымның хәліне сәйкес көкейге қонған идеялардың ұқсастықтары ойшылдың діни шығармашылығынан айқын аңғарылады. Енді осы діни қозғалыстар мен олардың көрнекті өкілдеріне кеңірек тоқталсақ.

Мұсылмандардың жаңа дәуірдегі діни жаңғыртушылық қозғалысы ХІХ ғасырдың соңында пайда болды және ол идеология ретінде осы заманда өмір сүрген мұсылман қайраткері Жамал ад-Дин әл-Ауғани (1839-1897) есімімен байланыстырылады. Бұл діни-саяси идеология жер бетіндегі барлық мұсылман қауымының бірлігі концепциясымен айшықталып, олардың біртұтас ислам мемлекетіне бірігу қажеттілігін алға тартады.

Мысырда мұсылмандық модернизм идеяларын әл-Ауғанмен қатар және кейінірек Мұхаммед Абдуһу (1849-1905), Рида Мұхаммед Рашид (1865 - 1354), Хасан аль-Банна (1906-1949), Саид Күтб (1906-1967) жалғастырды. Саид Күтб

Мысырда 1928 жылы «Мұсылман бауырлар» ассоциациясын құрды. Бұл партия осы күнге дейін өзінің саяси белсенділігін сақтап келеді.

Өзінің қазіргі формасы мен қоғамдық пікірдегі мағынасында саяси ислам немесе исламшылдық Шығыс халықтарының өмірінде аса маңызды рөл атқарды. Үндістанда халифаттық қозғалыс ағылшын үстемдігіне қарсы шықты, Ганди мен Үнді Ұлттық Конгресінің бұл қозғалысты қолдауы тегін емес. Исламшылдықтың ұрандары антиимпериалистік сипатта болды. Үндістандағы бұл қозғалыстың соңы отаршылдықтың күйреуіне және Пәкістанның бөлініп шығуына әкелді. Бұл жердегі көрнекті мұсылман модернистерінің қатарына Англияда оқып, білім алған Саид Ахмед Хан (1817-1898) Саид Әмір Әли (1849-1928) Мұхаммед Икбал (1873-1938) жатқызылады.

Кейде радикалды сипатымен ерекшеленетін саяси исламның идеологиялық бастауында көбіне дін ғұламалары мен үлемдер емес, діни емес саяси интеллектуалдар тұрады (мысалы, А. Маудидидің кәсібі – журналист, С. Құтбтың кәсібі әдебиетші болатын), сондықтан оны ислам дінінің ішіндегі өзекті көзқарас деп қабылдауға болмайды. Өтпелі тарихи кезеңдер мен дағдарыстарда орын алып, қоғамдық институттарды түбірімен өзгерту үшін қандай да бір көзқарастар мен тұжырымдарды шектен тыс әспеттейтін радикализм (латынша *radix* – түбір) және олардың қолданған қарулы күресі екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұлт-азаттық және революциялық қозғалыстарда діни ғана емес, зайырлы белгіге де ие болатын.

Бастауын Батыс Еуропадан алатын зайырлылық пен секулярлық үрдістер кейінірек бүкіл ислам әлемін қамтыды. Басқарудың зайырлық үлгісі мен секулярлық дүниетаным (лаицизм) XX ғасырдың бастапқы ширегінде тұңғыш рет ресми бекітілді. Түрік лаицизмі мұсылман әлеміндегі қолданыс тапқан алғашқы доктрина болды. Кейінірек бұл зайырлы иде-

ология бірқатар араб елдерінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстанда коммунистік режим жағдайында секулярлық идеяның шектен шыққан көрінісі ретінде қалыптасты.

Осы тұрғыда «саяси ислам» терминінің өзінің бейтарап екендігін айта кету керек, бағалаушы немесе айыптаушы пікірлер нақты бір исламшыл қозғалыстың немесе ұйымның көзқарастарына, мақсаттары мен құралдарына қатысты айтылады. Бұл мәселелерді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ислам дінінің қайнар көздері – Құран мен суннаны терең меңгергендіктен жақсы түсінді және бұл оның еңбектерінен де, әрекетінен де айқын көрініс тапты [6, 85 б.]

Мәшһүр Жүсіп қазақтың шаруасының оңалмай, мал басының кеміп бара жатуына қынжыла отырып, бейқамдықтан болған нәрсені қазақтардың кінәні өзінен емес, басқадан іздеуінің дұрыс еместігін алға тартады. «Қыс алды, боран алды» – дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, суықтан үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. Қазақта бір мақал бар: «Жаман Құдайшыл келеді» – дейді. Ол сөздің мағынасы құдай, құдайдың жазуымен болды десеніз, бұл сөздің тұрғаны теріс. Өзі жаратқан мүлкін, өзі бар қылған мақұлығын құдай неге қырады? Кім болса, ол болсын, өзі жасаған нәрсесін өзі бұзбайды. Құдай тәбарак тағаланың мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар» [7, 343 б.]

Бұдан ары қарай «Осыншама кемшілік, осынша қорлық қайдан келіп жатыр? Нығмет не екенін білмегендеріңнен. Ол нығметтің қадіріне жетіп, шүкірана қылмағандарыңнан. Құдайдың сендерге берген сансыз, есепсіз нығметінің қайсы бірін айтып шаршайын. Сонда да шүкіранасы өте тиісті болған

зор нығметтердің біреуін айтайын», деп Мәшһүр Жүсіп бүгінгі күннің өзекті деген тағы бір маңызды мәселесінің ұшығын көрсетеді.

«Әй... көзбен қарап, ынсапты құлақпен тындайтұғын, ағайындар! Бұл дүниеде үстіңнен қарап тұрған патша ағзам Хазіреттерінің барлығын басыңда болған нығметтерден артық нығмет деп білуге керек. Не үшін десеңіз, патша ағзам Хазіреттерінің тахт тасырыпында, сая-дәулетінде болумен әркімнің басы, малы есендікте тұрады. Осы нығмет бір-біріне үстін қарап тұрған патшасына шын көңілмен тілеулес болу ең зор шүкіршіліктен саналады... Ол сұлтан болушының кім болмағанымен жұмысыңыз болмасын. Алла Тағала оттағала кәләм хадимінде... бұйырды мағынасы айтқыл, ей Мұхаммед, Мәліктердің мәлігі, Алла Тағала оттағала кімді тілесе, өзінің мүлкіне соны ие қылады деп. Олай болса, құдіреті күшті құдай өзі қалап бірсыпыра мүлкіне ие қылып қойған соң, біздер сол патша ағзам хазіреттерінің қазған жолында, шашылған топырағында болып, кеше, күндіз әулеттерінің артылмағанына дұғада болсақ керек» [7, 344 б.].

Мәшһүр Жүсіп XVIII ғасырда қазақтың ислам елі саналатын Қоқан уалаятына қараған замандағы мұсылман билеушілері мен атқамінерлерінің бұқара халыққа ойына келгенін істегенін мысалға алады, «Ақжалау барда малым бар деме» деген мәтелді еске түсіреді. Ақжалау дегені Қоқан хандарының ел шабатын қосыны екен. Ел аралайтын жаудан, дау-жанжалдан, аузы қанды бөріден, қолы қанды ұрыдан аман тұрудың патша ағзам жәмиясында болғандықтан деп түсіндіріп, ақ патшаға ғәділетті, мархабатты, тілектес болсаң, заман да, адам да түзеледі деп үндейді. Тіпті дұға қылудың нұсқасын да үйретеді: «Ярып! (Я раббым дегені, А.Ш.) Саған ғана ғибадат қыламыз... Ғазиз патшамыз біз құлдарына ғәділ, шапағатты болып, өзінің ғақыл, нұрын бүкіл мемлекеттің пайдасына сарып етсе еді!» [7, 344-346 б.].

«Мархамат патшамыздан теңдік тиіп, көз жасын нашарлардың Тәңірім иіп» деп келетін өлең жолдарымен өзі де дұға еткен.

Бұл пікірден Мәшһүр Жүсіп отаршылдықты қолдады деген ой тумаса керек, керісінше, ол өзінің туған халқын, мұсылман халқын шексіз сүйді, соның жоғын жоқтап, мұның шақты. Құсайыновтар баспасынан шыққан үш кітабындағы көзқарастары үшін ақ патшаның жергілікті өкіметі тарапынан қудаланды. Бұл туралы кейінірек сөз болады. Дегенмен ол басқа да Алаш азаматтары мен ұлт зиялылары сияқты саясатпен белсенді түрде айналысқан жоқ. Оның діндарлығы, тақуалығы және әулиелілігі бұған мүмкіндік бермеді. Оған қоса оның болашақты болжайтын көріпкелдік қасиеті болғаны баршаға мәлім.

Күншілдер көрінгенге қуғын салып,
Ақыры күнәсізге жала болар.
Үлгілі өнегелі салты құрып,
Қаптаған айналасы қала болар

деп, қуғын сүргін мен отырықшылыққа көшудің зардаптарын жырға қосса, енді бірде «Ақиқат жолында жалындап, Алланың жазуымен емес, адамның қолымен қаза болғандардың ғасыр соңында жұлдызы жанар», – деген екен. Яғни тоталитаризмнің ақырында бет-пердесі ашылып, тұлғалардың ақталып, тарихи әділдіктің орнайтынына сенген. Мәшһүр Жүсіптің болашақты болжауы мен заман философиясын мына бір шумақ өлеңдерінен байқаймыз:

«Қаракесек Бекболаттың Заманы
Қасқыр деген Заман еді,
Жамандық пен бұзықты
Басқа ұр деген Заман еді.

Айдабол Тайкелтірдің Заманы
Түлкі деген Заман еді,
Ойын менен мәжіліс
Күлкі деген заман еді.
Қаракесек Алшынбайдың заманы
Қарсақ деген Заман еді,
Біреудің бір нәрсесін
Алсақ деген заман еді.
Шүршіттің темір қақпаны
Мұжықтың кендір арқаны
Жетпіс жылда бір шірір» [8].

Шындығында Мәшһүр Жүсіптің нақты саяси көзқарасы немесе бағдарламасы болған жоқ. Бұл мәселеге келгенде ол діннің қайнаркөздерінен алшақ кеткен жоқ. Құранның көптеген аяттарында, сондай-ақ Суннада Құдайдың еркі бекітіледі, биліктің қандай да бір топқа, рухани көсемдерге немесе шіркеулерге (теократиялық басқаруда осындай болады, ал исламда дінбасылар кастасы немесе шіркеу институты деген болған жоқ) тиесілігі туралы ештеңе айтылмайды, керісінше биліктің жауапкершілігі туралы айтылады. Сондықтан исламның бұл бастау көздерінен абсолюттік монархия туралы да, классикалық демократия туралы да, диктатура немесе анархия туралы ешқандай мәлімет табылмайды. Жалпы исламды идеологияландыру әрбір мәселені көппен келісіп шешіп («шура», «сұхбат»), өзгеге зиянын тигізбейтін құқыққа негізделген мұсылмандық жүйеге, исламның өзінің рухына қайшы келеді. Исламдағы басқару бағынушы мен басқарушы арасындағы заңды келісімге негізделеді. Ал бұл заң үстемдігі (оны басқарушы да, бағынушы да сақтауы керек) Алланың Еркі мен Сөзіне сүйенуі тиіс. Мұны белгілі бір дәрежеде Руссоның «қоғамдық шарт» тұжырымдамасымен және құқықтық мемлекет идеясымен салыстыруға да болады.

Исламшыл қозғалыстардың және олардың әлеуметтік, саяси функцияларының алуан түрінен ислам радикализмі және ислам либерализмі деп анықтауға болатын екі идеологиялық алшақ ұстанымды бөліп қарастыруға болады. Американдық зерттеуші Г. Фуллер өз пікірінде демократияны, адам құқықтарын, плюрализм мен азаматтық қоғам құндылықтарын жақтайтын либералдық немесе модернистік (кейде «ағартушылық», кейде евроислам терминдері де қолданылады) исламшылдық әуел бастан оған «мультикультурализм» тән болған исламмен толық сәйкес келеді деп есептейді [9].

Үкілі Мәшһүр Жүсіп заманындағы діни ахуал осы дәстүршілдер мен либералистер арасындағы айтыс-тартыспен сипатталады. Патшалық Ресей империясындағы бұл екі тарапты қадымшылдық пен жәдидшілдік білдірді. Жәдидшілдік – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман түркі тілдес халықтардың арасында таралған қоғамдық-саяси және интеллектуалдық қозғалыс. Ал қадымшылдық болса, заманауи жаңашылдықты қабылдамайтын, Шариат жолынан ауытқымауды талап ететін консервативтік ұстанымда болды [10, 193 б.].

Жәдидшілдік бастапқыда Қырым және Еділ бойындағы ханафилік мәзһабты ұстанатын түркі тілдес халықтардың (басым бөлігінде татарлардың) арасында дүмшелік пен фанатизмге, буквализм мен догматизмге қарсы заманауи өркениеттің білімі мен ғылымын қарсы қойған қозғалыс болды. Олар мұсылмандардың алдына еуропалық өркениеттің қойған міндеттерін шешу үшін «иджитхәдтың қақпасын» ашу қажеттілігін алға тартты.

Бүгінгі ислам ойшылдардың осы заманғы әлеуметтік және саяси құндылықтармен сәйкес келетіндей ұғымдармен исламды түсіндіруге ұмтылуы әдетте, радикалдар тарапынан наразылық тудырады. Бұл тұста бұрын беймәлім болып кел-

ген жаңа таңсық ахуалдарға қатысты іргелі ислам қағидаларын қолданудың құралы ретінде «иджитхәд» мәселесі алдыңғы орынға шығады.

Кей жағдайда саяси исламға қатысты өз пікірін үстірт айтатын адамдар көбіне Құранның аудармалары мен әдейі іріктелген әлсіз хадистерге сүйеніп, өз көзқарастарын таңуға бейім тұрады. Олар мұсылман құқығы – шариаттың Құрандағы құқықтық-этикалық қағидалар мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен тұратын діни-этикалық бастаулармен қатар, мұсылман қоғамының біртұтас келісімі – иджмалармен сипатталатын арнайы құқықтық қайнарлардан құралатынын естен шығарады. Нәтижесінде бүгінгі күні белең алып отырған мұндай жеңілтек шешімдер заңнамалық ретсіздік пен заңдылықтың дағдарысын тудырады, байыбына терең бойламай қабылдана салатын қоғамдық пікір қалыптасады. Ислам тарихынан белгілі, Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтіп, уәхи тоқтағаннан кейін діннің өзге мәдени орталарға таралуы барысында күнделікті өмірде туындаған кез келген мәселенің шешімі аят-хадистерден (насстан) табылмаса, алдыңғы қатарлы сахабалар, тәбиғиндер мен тәуа-табиғиндер, мүджтәхид ғұламалар мен факих ғалымдар Құран мен суннаның негізінде қияс (аналогия) әдісін қолданып, рай мен иджитхәдқа (ыждаһат – дұрыс шешімге келу үшін күш-жігерді жұмылдыру) жүгінген. Мүджтәхид (иджитхәд әдісін қолданушы) ғалымдардың бір діни үкімге бірауыздан келісуі иджма деп аталады.

Исламшылдар арасында иджитхәдты қолданудың шекарасы мен пәтуа беруге кімнің құқығы бар екендігіне қатысты пікірталас бар. Оның бір жағында діни үлемдер болса, екінші жағында көбіне батыстық білім алып, батыстық елдерде тұратын «ислам интеллектуалдары» тұр. Бұл интеллектуалдардың «беделді иджитхәдқа» деген дін иелерінің дәстүрлі монополиясына таласы бар.

Жалпы мойындалған иджтихәдтің заңдылығының түбінде екі шарт болуы тиіс: біріншіден, оны қолданушы адам құқық әдіснамасына қатысты дәлелдеменің барлық шариаттық әдістерін білуі тиіс, екіншіден, ол осы әдіс-тәсілдердің рухын меңгеріп қана қоймай, өзі құқықтық қисынды ақылға жүйрік болуы керек. Сол сәттегі ғана емес, болашақта да туындауы мүмкін деген ғықтық мәселелерге қатысты миллионнан аса иджтихәд жасаған Әбу Ханифа осы әдіснама мен құқықтық мектептің негізін қалаушылардың бірі ретінде дін ілімінде ерекше орны бар тұлға болып саналады. Оның өзі мен шәкірттерінің заманында ислам әлемінде өркен жайған бұл ерекше бай әрі қайталанбас құқықтық мәдениет мұсылман қауымына зор игілік әкелді. Алайда уақыт өте келе, жаттандылық пен көзсіз еліктеудің, дүмшелік пен догматизмнің салдарынан оның өмірлік кеңістігі тарыла түсті. Дегенмен бүгінгі діннің жаңғыруы барысында, ислам интеллектуализмінің оянуы аясында тақуалығы мен ақылы жарасқан, жан-тәнімен жауапкершілікті түсінетін адамдардың арқасында иджтихәд өнері қайта өркендеуі әбден мүмкін [6, 87-88 б.].

Жалпы ислам дінінде Пайғамбар мен турашыл халифтер, сахабалар мен табиғиндер заманынан кейін төрт мазһабтың негізін қалаушы имамдар, Хасан Басри, Баязид Бистами, Имам Ғазали, әл-Ашари, Матуриди, Имам Раббани, Әбдулқадір Гейлани т.б. сынды жалпы мойындалған ғұламалар, Йасауи, Руми, Нақышбанди, Сухраверди тәрізді тариқат негізін қалаушылар, сондай-ақ Абай мен Шәкәрім тәрізді хақимдер ақидада (иман негіздерінде) бір-бірінен алшақ кетпейді. Бірақ кейіннен олардың ілімдерін басқа мақсаттарда бұрамалайтындар табылады. Әр ғасырдың өз ғұламалары болған.

Қазақтың діни ойшылдары Абай мен Шәкәрімнің, Шәңгерей Бөкеев пен Шәді төренің, Марал ишан мен Науан қазіреттің, Ғұмар Қараш пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарастарына

жоғарыда аталған үрдістердің, оның ішінде қадымшылдықпен қатар, осы иджтиһад құбылысына жақындайтын жәдидшілдіктің ықпал еткені сөзсіз.

Жәдидшілдік қазақ даласына Қырым мен Еділ бойынан, татар оқымыстыларының тарапынан келгенін айта кету керек. Бұл қозғалыстың қазақ арасына таралуы татарлардың қазақ арасына енуімен байланыстырылады. Ресей империясының қол астында қазақтармен салыстырғанда ертеректе қалған татарлар мен ноғайлар әскери міндеткерліктер қажып және жалпы алғанда «ұлттық, діни салттарын жоғалтпау үшін Қазақ жеріне көшуге мәжбүр болды. Осылайша татарлар мен қазақтар арасында мәдени байланыстар құрыла бастады. Ресей екі халықтың достығын пайдалана отырып көптеген іс-шаралар жасауға ұмтылды» [11, 33 б.] Осы мақсатпен II Екатерина 1787-жылы мұсылмандардың ең көп шоғырланған Орынборға қарасты Уфа қаласына мұсылмандардың бір діни орталығын ашуды ұйғарды. 188-жылы Сенат шешімімен Орынбор мүфтийі сайланды. Мүфтилік құрылғаннан кейін Ақмола, Жетісу, Семей, Торғай және орал аймақтарындағы қазақтардың бір бөлігі осы мүфтилікке қосылғылары келетіндіктерін білдірді. Үкіметке білдірілген өтініштердің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген аймақтарда тұратын қазақтар 1789-жылы Орынбор мүфтилігіне қосылды [12, 33 б.]. Қазақтар мүфтилікке қосылғаннан кейін қазақ жеріне татар дін адамдары келе бастады. Татар имамдарының діни насихаттары қазақ жеріне тез арада қолдау тауып жайыла бастады [13, 64 б.].

Ал бұған дейінгі қазақ арасындағы діни ағартушылық тарихи тұрғыда Қазақстанның оңтүстігінде, Тараз, одан кейін Түркістан өңірінде жүргізілген. Кейінірек бұл өңірлердегі білім ошақтары да құлдырап, қазақтар діни білімді Самарқанд пен Бұқарадағы мектеп-медреселерден алатын болды. Осы қалалар жаңа заманда діни консерватизм мен қадымшылдықтың

орталықтары болды. Біздің диссертациялық зерттеуімізге өзек болып отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болса, осы оқу орталықтарына үш-төрт мәрте сапар жасап, діни білімін жетілдіргені мәлім. Көкілташ медресесі туралы молда Жүсіптің өзі былай дейді: «Көкілташта сытқамыт алған адам не бай болып, не әулие болып, не молда болып шығады, құр алақан шықпайды» [14, 250 б.]. Оның жас кездегі ұстаздары да осы оқу орындарында білім нәрімен сусындаған. Сондықтан ол діни іргелі білімді осы қадымшылдық орталықтарынан алған.

Дегенмен, Мәшһүр Жүсіп араб, парсы тілдерімен қатар, орыс тілін де меңгерген, соған сәйкес батыстық мәдениет пен де терең хабардар, көзі ашық адам болғандықтан, көптеген көкейтесті мәселелерге байланысты өзіндік пәтуа жасай білген. Сондай-ақ, оның жоғарыда аталғандай, Мысырда басылып тұрған «әл-Манар» журналымен де, Ысмайыл Ғаспыралының шығарып тұрған «Тәржіман» газетіменде жақсы таныс болған. Оның үстіне сол кездегі қазақтың көптеген зиялылары жәдидшілдіктің ықпалын сезінген. Мысалы, ойшылмен құрдас тағы бір тұлға – Шәкәрім былай деп жазады: «Абайдан кейінгі ұстазым ретінде Тержуман газетінің иесі исмаил Гаспыралыны айтсам артық болмайды. Оның газетін оқыдым, көп нәрсе үйрендім. Алла Тағала екі дүниеде мақсатына жеткізсін. Аумин» [15, 649 б.]. Шәкәрім сияқты Мәшһүр Жүсіп те өзінің еңбектерінде сол заманғы жаратылыстанымдық ғылымдардың жетістіктерін молынан пайдаланады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясына қатысты кандидаттық диссертация қорғаған Бағдат Бейсенов бұл туралы былай дейді: «Ол халық ауыз әдебиеті үлгілеріне, тарихына қатысты еңбектерімен бірге философия және жаратылыстану ғылымдарына арналған шығармалар жазған. Көпейұлы еңбектеріндегі философиялық мәселелер негізінен адам мен қоғам арасындағы қатынас, адам таны-

мы мен санасы, ғарыш пен адам арасындағы байланыс, яки космологиялық (ғарыштың пайда болуы мен эволюциясы туралы) және дидактикаға қатысты ой-толғаулар, Оның философиялық көзқарастарынан халықтың рухани дәстүр мен ойлау мәдениеті және ежелгі шығыс философиясы (қытай, үнді), сонымен қатар орыс ойшылдарының тигізген ықпалы байқалады. Ақынның шығармаларында білім беру мен оқу орындарына қатысты мәселелер айқын көрінеді. Мәшһүрдің мектеп пен медреселерді жаңа уақыт талабына сай құру туралы ойлары «Дала уәлаяты» газетінде жарияланып тұрған. Оның ағартушылық көзқарастарында халықты өнер-білім мен белгілі кәсіпті үйрену, шаруашылықты ғылыми тұрғыда жүргізу және ғылым мен техника жетістіктерін практикада қолдану туралы ойлары тұжырымдалады» [16, 649 б.].

Оған қоса Мәшһүр Жүсіп ХХ ғасырдың басында жәдидтік бағытты ұстанған Мұхамеджан Сералиннің ұйымдастырған «Айқап» журналының белсенді жазарманы болды. Дегенмен, Мәшһүр Жүсіп Еділден ауып келген татар-ноғай молдаларды да, Орта Азиядан келген молда сарт-сауандарды да, Алдыңғы Азиядан келген «әпенділерді» де сынап отырып, қазақтың ата-бабадан бергі ұстанып келе жатқан дәстүрлі исламын насихаттағаны белгілі. Ол туралы кейінгі тарауларда айтылады. Ал қазір ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ өлкесіндегі діни ахуал мен жәдидшілдікке тоқтала кетейік.

Жәдидшілдік түркі тілі мен әдебиетін дамытуды, зайырлы пәндерді үйретуді, ғылым жетістіктерін пайдалануды, әйелдердің теңдігін қолдайтын ағартушылық қозғалыс болды. Жәдидшілдіктің көрнекті өкілдері қатарына Шағабуддин Маржани, Құсайын Фаизханов, Ысмайыл Гаспаралы, Мұса Бигеев, Ризаетдин Фахретдинов, Мифтахеддин Ақмолда, Мұхаметсәлім Үметбаев, Зайнулла Расулов және т.б. жатқызылады. Бұл қозғалысты Орынбордан шыққан ағайынды

Құсайыновтар, Троицкіден шыққан Яушевтер, уфалық С. Нәзіров пен Г. Хакимов сынды кәсіпкерлер қызу қолдады. Орта Азияда Мінуәр қари Әбдірашидханов, Файзулла Қожаев, Махмұдқожа Бехбуди, С. Міржәлелов сияқты жәдидшілдер танымал болды.

Жәдидшілдік қозғалысы мектептер мен медреселерде «усул-и жәдид», оқытудың дыбыстық жаңа әдісін қолданудан басталды. Бұл әдіс ең алғаш рет Уфа губерниясындағы «Ғұсмания» және Орынбор губерниясындағы «Хұсайыния», Қазандағы «Мұхаммадия» медреселерінде қолданылды. 1890 жылдан бастап «Расулия», «Ғалия», Стерлибаштағы медреселерде кәсіби мұғалімдер дайындалып, Башқұртстанда бұл әдіс толығымен бекітілді. Білікті мамандар сондай-ақ Стамбул мен Каирдің реформаланған медреселерінен, Бақшасарай мен Қасымов қалаларындағы педагогикалық курстарды бітіріп келді. Сауат ашу бір жылға дейін қысқарып, оқытудың еуропалық сыныптық-сабақтық стандарттары енгізілді. Орынбор өлкесінде әйелдер мектебі ашылды.

1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет етті. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулуәлиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алды [17, 11 б.].

«Мамания» медресесі 1899 жылы Ақсуда бой көтерді. Бұл медресенің ашылуына сол өңірдің зиялысы Маман Қалқабайұлы мен оның балалары мұрындық болды. Бастапқы кезде медреседегі оқу араб жазуы негізінде діни бағытта ғана оқытылды. Ал 1904 жылдан бастап Сейітбаттал мен Есенғұл Тұрысбековтер медресені жаңа әдісті оқу орны ретінде қайта

құрып, қажетті мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырған. «Мамания» медресесі заңды түрде 1912 жылы ғана тіркелген.

«Мамания» медресесінде Каир университетінің түлегі Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Стамбұлдағы Дін оқуын бітіріп келген Файзырахман Жаһангеров, Уфадағы «Ғалия» медресесінің түлектері М. және Ф. Есенгелдиндер, ұстаз Мұстақым Малдыбаев, әнші Майра Уәлиқызы, қазақ зиялыларының бірі Барлыбек Сырттанов ұстаздық еткен. Медреседегі дәріс барысы «Ғалия» медресесінің оқу бағдарламасы негізінде жүргізілген. Оқу жоспары бойынша 1-ші және 5 сынып (класс) аралығында қазақ тілі, есеп, иман шарт, құран, орыс тілі, пайғамбарлар тарихы, жағырапия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы және хадис сабақтары оқытылды. «Мамания» медресесін оқып шыққандар кейіннен Уфа, Орынбор сияқты ірі қалаларда оқуларын жалғастырған [18].

1913-1914 жылдары медреседе оқыған қазақ жастары «Садақ» атты қолжазба журнал шығарған. Журналға шәкірттердің роман, әңгіме, ертегі, өлеңдері, ескі билердің сөздері мен ішкі, сыртқы хабарлар, түрлі мақал-мәтелдер мен жұмбақтар басылып отырды. Медресе шәкірттері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне де түрлі тақырыптарда мақалаларын, хабарламаларын жариялаған. 1906-1916 жылдар аралығында «Ғалия» медресесінен ғалым Т. Кәкішев көрсеткендей, жалпы 950 адам білім алып шыққан [19, 61-62 б.].

1913 жылы «Ғалия» медресесінде қазақтың елу шамалы талапкерлері оқыған. Бұлардың арасында онбір жасар балалар да болды. «Айқап» журналына жарияланған Зәкір Ғайсиннің «Медресе Ғалияда қазақ шәкірттері» атты мақаласында: «Русиядағы мұсылман медреселерінен ең бірінші болған медресе «Ғалияда» қазақ оқушыларының жылдан-жылға көбеюі

иншалла халқымыздың ғылым нұрыменен нұрланып, рухтың көтерілуіне себеп болар деп шын көңілімізден қуанамыз. Бұл шәкірттердің ішінде байларымыздың арқасында оқып жүрген бірлі-жарымды шәкірттер де бар. Мысалы, Қапалдағы Мамановтар үш шәкіртті, Семейдегі Яхи қажы бір шәкірт оқытып жатыр. Басқа жерлерден де осындай аздап оқушыларға жәрдем еткен мырзалар естіледі. Міне, бұлар қазақ халқының бұрынғы қалпынан әжептәуір өзгергенін көрсетеді», – деп келтірілді [20, 98 б.].

1916 жылы медреседе Торғай облысынан Сұлтан Шоқаев, Ғұмырғали Наизин, Досғали Есентаев, Әлмұхамед Жүндібаев оқыған [21]. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж. Тілепбергенов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Т. Жомартбаев, Б. Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырды.

Жәдидшілдерге еуропалық саяси ойдың, әсіресе конституциялық идеялардың әсері, сондай-ақ Осман империясындағы жас түріктер қозғалысының ықпалы зор болды. Олардың пікірінше, исламның құндылықтары парламентаризмге қайшы келмейді, тіпті Құран мен Суннаның рұқсат берген ұжымдық шешім қабылдау – шұра идеясы парламентаризмнің негізінде жатыр.

Жәдидшілдер Ресейдегі 1905 жылғы төңкерістен кейін конституциялық монархия, жергілікті өзін өзі басқару, жалпыға бірдей сайлау құқығы және т.б. демократиялық идеяларды қолдайтын «Мұсылман одағы» («Иттифак аль-Муслимин») партиясын құрды. 1907-1917 жылдар аралығында төрт мәрте шақырылған Мемлекеттік Думаға мұсылман аймақтарынан депутаттар сайланды. Мұсылман фракциясын құраған олардың арасында жәдидшілдікті қолдайтындар көп болды.

Алайда жәдидшілдердің қарсыластары да мығым күшке ие болатын. «Жаңа әдіспен» оқытуға қарсы келушілер қадімше (ескіше) оқытуды жақтап, түрлі жолдармен күресіп бақты. Мәселен, 1911 жылы Жұмағали Арыстанов «жаңа әдістің» мұсылман оқуына қолданылуының мүлде қателігін, бұл бағытты жақтаушыларды ислам дінінен кері кетушілер деп кінәлаған «Раддия» деген арнайы кітап шығарды [22, 215 б.]. Халық арасында танымал Науан хазірет 1914 жылы Көкшетауда қыркүйек айында өткен жәрмеңкеде «жаңа әдісті» мұғалімдерге балаларын бермеуге үгіттеген [23, 125 б.].

Абай мен Құнанбай арасындағы кейбір көзқарас алшақтықтарынан аңғарылатын бұл екі тарап арасындағы айтыс-тартыс сол кездегі қазақ тілді баспасөз беттерінен, әсіресе «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналынан көрініс тапты. Ескеретін тағы бір маңызды нәрсе, исламға қатысты фундаменталистік және либералдық көзқарастардың пікірталасы бүгінгі күні де жалғасын тауып отыр. Қазақ қоғамындағы кешегі және бүгінгі діни ахуалға қатысты салыстырмалы пікірлерді Алма Сұлтанғалиеваның «Қазақстанға «исламның қайта оралуы» деген кітабынан [24], сондай-ақ Ә. Нысанбаев пен Е. Құрманбаевтың «Қазақстанда ХІХ және ХХІ ғасырларда исламның қайта жаңғыруы» деген мақаласынан [25] байқауға болады.

Белгілі ғалым-журналист Уәлихан Қалижанұлы «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» деген монографиясында былай дейді: «Ақмолла, Мақыш, Әбубәкір, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай, Абай, Шәкәрім секілді ақындар өз уақытынан оза туған, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың жаңа үрдістерін бойына жинақтаған жаңа тұрпаттағы адамдар болатын. Олар әдебиетті тек көңіл қошы деп емес, қоғамдық ой-санаға ықпал ету үшін пайдаланған алғашқы демократиялық көзқарастардың бастауы болды. Осылай басталған проце-

стер бүкіл қазақ даласына жайыла бастады» [26, 17 б.]. Бұл тұлғалармен бір қатарда тұрған ақын, көсемсөзші Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығында көтерілген идеялардың ерекшелігіне келсек, оны расында діни ағартушылық (Шоқан, Ыбырайдың ағартушылығымен салыстырғанда) терминімен сипаттауға болады. Сонымен қатар ол діни ағартушылықпен шектеліп қалмай, өзінің публицистикалық өлеңсөздерінде әлеуметтік-саяси мәселелерді көтергенін де айта кету керек. Бұл тұрғыдан алғанда оның көзқарасы «Зар-заман» атауымен белгілі Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды ақындар шоғырымен анықталатын консервативтік бағыт пен Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы сияқты қазақ арыстарының есімімен сипатталатын демократиялық-реформаторлық «Алаш қозғалысының» аралығында тұр.

«Алуан-алуан жау шыққан, арам-араз хан шыққан, қайырымы жоқ бай шыққан, ақша деген малшыққан, қожа-молда көбейіп, арам бергенді жымыып қалтасына салатын өңкей арам-залымдар көбейген» тұсты Шортанбай Қанай-ұлы «зар-заман» деп дәл сипаттаған:

«Мына заман, қай заман?
Азулыға – бар заман,
Азусызға – тар заман.
Тарлығының белгісі –
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі – зар заман...

Зар-заман ақындары ХІХ ғасырдағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды сынға алады. Отаршылықты әшкерелеп, әлеуметтік үйлесімділік уақыты ретінде өткен дәуірді идеал-

дандыра отырып, бүгінгі заманның келешегінен де үмітін үзіп, түніледі. Қазақтар ата-бабадан қалған рухани құндылықтарын ұмытып, елдің ішін әділетсіздік, арамдық, өтірік, өсек-аяң, ақымақтық басып кетті, тіпті мал да айдауға көнбей қойды. Көңіл қуантатын ешнәрсе таппаған зар заман ақындарының кеудесін кернеген кернеген мұң мен зар әбден күнәға батқан замандастарының құлағына жете қоймайды. Атамекеннің тарылуы қазақтың кісілік негіздерін шайқалтатын, жаугершілік пен отаршылық әсерінен өрістеген теріс қылықтардың көбеюіне әкелді. Біз бұл жерде бодандық психологиядан тарайтын жасқаншақтық, үрей, жағымпаздық, ұлт мүддесін сату сияқты құбылыстарды айтып отырмыз. Қауымшыл кісінің (ынтымақтастық құндылығы мағынасында) орнын «пысық» пен «масыл» басты [27, 17 б.].

Мұрат Мөңкеұлы:

Еділді келіп алғаны-
Етекке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды келіп алғаны-
Ойындағысы болғаны,—
деп түйдектете жырласа, Дулат Бабатайұлы:

...Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып...
...Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?..
...Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі жұқарды...
деп жырласа, Шортанбай:

Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды...

ресейлік отаршыл үкіметтің экспансиялық саясатын уытты тілмен әшкерелейді. Ал Мәшһүр Жүсіп болса, «Сарыарқа кімнің жері екендігі» деген өлеңсөзінде осы зар-замандық стильді жалғастырып былай дейді:

Есіктен кіре алмайтын қара шекпен
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.
Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,
Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден...
Мақсатқа кім жетеді ойындағы?
Бұл шаруаң қатыныңдай қойыңдағы.
Ертіс, Нұра, Есіл мен Еділ, Жайық
Мұсылман бұл бес өзен бойындағы...
Халық қылып атандырды бізді қазақ,
Іргелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,
Барасың көрінгенге болып мазақ» [28, 58-79 б.].

XX ғасырдың басында Ресей өзінің орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Қазақстандағы шұрайлы жерлерге мұжықтарды қоныстандыру соның бір айғағы болса керек. Қауымдық жерлерді тартып алу, күнкөріс жерден айырылу қазақ қоғамының әлеуметтік бөлшектелуін де туғызды. Ең шұрайлы жерлерден, отырықшылыққа, егіншілікке ыңғайлы жерлерден айырылған ел, соқыр балаша біреудің етегінен ұстап кете барды. [29].

1905-1907 жылдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. қазақ зиялылары патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған саясатына қарсы шығады. 1905 жылғы

белгілі Манифестке Мәшһүр Жүсіп былай деп үн қосады: «Бұл Думаға депутат болып баратын кісілеріңді – еңбекшіл бұқараның пайдасын сөйлейтін, мұң-мұқтажын жоқтайтын, таза, түзу, әділ адамнан сайлаңдар!». Бірақ бұл Манифесттің үмітті ақтамағанынан кейін:

«Түңілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәнеме жоқ білмегенге, білгенге – аза!
Манифест бар деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жала
Бар Құдай, бізге жарық таңыңды атыр,
Болар ек, атса таңың, біз де батыр
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер
Тұтқында білесіз бе, неден жатыр?!» [30, 133 б.].

Қазақтың алашшыл саяси қайраткерлерін қолдай отырып, оның ұстанымы мен көзқарасына осы елде болып жатқан өзгерістер әсер етпей қоймады. Оның публицистикалық қызметінің де оянуы және алғаш кітап шығаруы да осы кезеңге тап келді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылы «Қазан» баспасынан үш кітабы жарыққа шығады. Олар: 1) «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабының өлең түріндегі жазылған нұсқасы: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». Таңдамалы. Алматы-1990 жыл, 28-бетте жарияланды. Сонымен бірге «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 4-том. // 3-бет, Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2004-жыл толықтырылып басылды; 2) «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы»; 3) «Хал-ахуал» кітабының өлең түріндегі жазылған нұсқасы: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». Таңдамалы. Алматы-1990 жыл, 24-бетте жарияланды. Сонымен бірге «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 4-том. // 29-бет, Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2004-жыл толықтырылып басылды. «Хал - ахуал» кітабының сыртқы мұқабасында «Казань.

Типо-литография Императорского Университета 1907» деген жазу бар. Ал, бірінші бетінде «Казань книжный магазинь Н-въ Хусаиновыхъ» – деп жазылған.

Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлағаған әділетсіздік пен теңсіздікті сынайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кітаптарын жарыққа шығарғаны үшін Қазандағы кітап шыққан баспахананың иелері ағайынды Хусайиновтарға 12 мың сом көлемінде айып салынып, 14 кісіні айыптап сотқа тартқан [31]. Осыдан барып 1907 жылы Мәшһүр Жүсіп сапарға шығуға мәжбүр болды. Себебі аталмыш кітаптардың шығуына байланысты патшаның заң орындары Мәшһүр Жүсіпті қамауға алуға бұйрық берсе керек. Ендігі жерде оның соңына түсіп, ізін андығандар көбейеді. Мәшһүр Жүсіптің жоғарыдағы кітаптарының үшеуі де, қатал сынға алынып Қазан полицмейстері арқылы қудаланғаны мәлім [32].

Кітаптары қудалауға ұшырағандықтан, ұлдары мен қасындағы жандарға кесірім тимесін деген оймен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ даласының оңтүстік аймақтарына жолға шығады. Осы сапары туралы «Жетісу сапары», «Түркістан, Ташкент сапары», «Қырғыз сапары», «Ереймен сапары» [33, 105-120 б.] әңгімелерінде баяндалады.

Мінеки, қарап отырсаңыз, ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында қалыптасқан ахуалдың Мәшһүр Жүсіп дүниетанымына үлкен әсері болған. Оның діни көзқарасына бағамдап ой жүгіртсеңіз, жаңашылдық пен дәстүрдің таразы бастарын тең ұстады деп есептесек те, дегенмен іргелі негіздің дәстүрде жатқанын нық тұжырымдайтынын аңғарамыз. Бүгінгі күні біз Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген ортамен салыстырғанда да дәстүрлі құндылықтарымыздан анағұрлым ажырап қалғанбыз. Бұл мәселе, яғни дәстүр мен жаңашылдық арақатынасы қазіргі заманда одан сайын өзектілігімен көзге түсуде.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Көпейұлы М.Ж. Заман болжауы // https://www.facebook.com/permalink.php?id=417736744968102&story_fbid=540244542717321

2. Шамшәдин К. Мәшһүр Жүсіп Көпеев – жаңашыл (жәдидтік) бағыттағы ойшыл // «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік ғаламат» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 24-29 б.

3. Хиджази М.Ф. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Араб елдеріндегі реформаторлық ой-пікірлер / «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік ғаламат» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 204-206 б.

4. Сатершинов Б.М. Ислам фобиясы және стереотиптер. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 158 б.

5. Көпейұлы М.Ж. Ғылым және дін. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – Т.9. – 366 б.

6. А.Д. Шағырбаев., С.Е. Нұрмұратов., Б.М. Сатершинов. Көпеев Мәшһүр Жүсіп. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

7. Көпейұлы М.Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 13-том. – 385 б.

8. Төлеу Ұ. Асыл сөздің иесі // http://www.psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=5513:asyl-s-zdi-iesi&catid=279:stati-sms&Itemid=687&lang=kaz

9. Фуллер Г. Будущее политического ислама // Отечественные записки. – 2003. – №5. – С. 15.

10. Shagirbeyev A., Kerim Sh., Adilbayev A., Satershinov. Islam and modernism in Kazakhstan: Mashkur Zhusup, s religious views // European Journal of Science and Theology. – Romania, 2015. – P. 189-197.

11. Әділжанов F. Islam as part of the Kazak identity and Chokan Valihanov. – Анкара: «Билкент» университеті, 2004. – 58 s.

12. Франк А. Russian Muslim Institutions in imperial Russia. – Boston: «Brill Press», 2001. – 89-90 s.

13. Roi O. Yeni Orta Asyada uluslarin Imal edilisi. – Istanbul: «Melis», 2000. – 78 s.

14. Пазылов Ә. Мәшһүр Жүсіп және көкілташ медресесі // «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік ғаламат» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 24-29 б.

15. Mektap A. Ismail Bei Gaspıralı ve kazaklar Ismail Bei Gaspıralı isin. – Ankara: «Kirim vakfi», 2004. – 69 s.

16. Бейсенов Б. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымындағы жәдидшілдік идеясы // Изденіс. – 2000. – № 3. – 47 s.

17. Айқап. – 1912. – №14. – 12 б.

18. Смағұлова С. Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары мен ағартушылық қоғамдар (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы) // <http://turkacadem.kz/kz/vp.php?idd=167>

19. Кәкішев Т. Садақ. Эссе. – Алматы, 1986. – 12-13 б.

20. Айқап. – 1913. – № 4-5. – 45 б.

21. ҚР ОММ. 25-қ., 1-т., 423-іс. 57-п. – 58-59 б.

22. Бущик А.П. Очерк развития школьного исторического образования СССР. – М., 1961. – С. 19.

23. Айқап. – 1914. – №13. – 89 б.

24. Султанғалиева А.К. «Возвращение ислама» в Казахстан. – Алматы, 2012. – 170 с.

25. Нысанбаев А., Курманбаев Е. Исламское возрождение в Казахстане в XIX и в XXI веках: сравнительный аспект // Сборник материалов конференции «Влияние религии на современный мир». – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 28-30.

26. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: «Білім», 1998. – 256 б.

27. Сатершинов Б. Қазақстан мәдениетінің тарихы мен теориясының кейбір мәселелері. – Алматы: Сорос-Қазақстан қоры - Атамұра, 2001 – 160 б.

28. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2004. – 4-том. – 535 б.

29. Пазылов Ә. Мәшһүр Жүсіп Көпеев және «Сарыарқа тарихы» // <http://old.abai.kz/node/8131>

30. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі // Сөз өнерінің зергері. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 314 б.

31. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. – Павлодар, 1999. – 17 б.

32. Шалғымбаева Ж. «Қыспақ көрген кітаптар» // «Мәдениет» газеті. – 1993. – №13. – 14-15 б.

33. Көпеев М.Ж. Сапар өлеңдері. Ышқышбап сапары. Ереймен сапары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 1-том. – 105-120 б.

Мейманхожа Н.Р.

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931 жж.) қазақ халқының атақты ғалымы, этнограф, фольклортанушы, ақын, рухани ұстаздарының бірі, ағартушы тұлғаның өмірбаянындағы жастық шағы мен білім алу жолдарын ғылыми тұрғыдан қарастыру маңызды тақырып болып табылады.

Қазақтың белгілі ақыны, фольклоршы, тарихшы, этнограф Мәшһүр-Жүсіп әкесі Көпейдің 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, Баянауылдың Қызылтау деген жерінде 1858 жылы дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде, жиынға шақырып отырған М. Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

1858 жылы қыста Көпей Сермұхаммедұлы керуеншілікте жинаған табысына мал алып, Қызылжардан көшіп келіп, Қызылтауға қоныс тебеді. 1861 жылы Адам Жүсіп 3 жасқа толғанда, әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас» деп, ұлы Адам Жүсіпті оқуға беріп, ол Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазіреттен білім алып, оқуын жалғастырып, 1872-1874 жылдары Бұһарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай

тілдерін еркін меңгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1835 жж.) өз ауылында балаларды оқытып табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы 1885, 1887, 1907 жылдары үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады. Орта Азия қалаларына шеккен сапарларының тағы бір құнды нәтижесі – сол өңірлердегі тарихи әңгіме, аңыз, шежіре сөздерінің жазылып алынуы [1].

Ақын тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзін таныстырылуы туралы келесі өлеңінде баяндалады:

*Жылым- қой, тоғыз беске келіп жасым,
Жарастықты, көрнекті сақал, шашым,
Жел қайықтай жел сөзге есуші едім,
Тұрған күнде: «домалап өрге тасым!»*

*Әкем Көпей- жетпіс үш жасында өткен,
Дін жолына жас күнде бізді үйреткен.
Өзі жастай тариқат жолын іздеп,
Әбілқасым ишанға қызмет еткен.*

*Бабамыздың аты екен-Шермұхаммед,
Құдайға – құл, нәуиге(нәбиге) болған үмбет.
Балаларын оқуға сүйрейді екен,
Екі қолдап жетелеп, қылып һүммет.*

М.Ж. Көпейұлының өлеңінде жазылғандай ақынның әкесі Көпей сол заманның атақты діни тұлғасы Әбілқасым ишанға қызмет еткен. Ақынның бабасы Шермұхаммед діни жолда болғанын белгілеген [2].

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп балалық шағында құнды діни әдебиеттер жайында келесі өлеңінде мысалға келтіреді:

*«Қиссасу-Әнбияны» бізге алуға,
Шарық қайда, шіркін дүние, шама қайда?*

Ақынның өмірлік ұстанымдарына елеулі әсер еткен тұлғаларға назар салсақ, ол тұлғалар заманының асыл азаматтары болғаны анық. Түркі әдебиетінің белді өкілдері Қожа Ахмет Иасауи (XII ғ.), Сүлеймен Бақырғани (1186 ж.) сияқты ғұлама ақындар шығармаларынан: өзін-өзі қинау арқылы ақиқатқа жету, дүниеден безу сияқты т.б. уағыздарды таппаймыз. Қайта адамгершілік қасиеттерді: өзара көмек, рахымшылық, бауырластық, адам атаулыға қиянат жасамау, мейірімділік насихатын кездестіруге болады. Бұл ақындардың негізгі тақырыбы ислам діні, оның негізгі қағидаларын тыңдаушыларға жеткізу. Бұл ғалымдар түрік халықтарының басын біріктіріп ұлт құру мақсатында ислам дінінің мәнін түсінді. Сол себепті, тарихи шындықта бұл сопылық ілім әдебиет арқылы түркі халықтарының ұлт болып бірігуіне үлкен пайда әкелді.

Осы рухани дәстүрді жалғастырушылардың бірі – Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. М.Ж. Көпейұлының шығармаларына шығыс пен түркі әдебиетінің мол мәдени мұрасын пайдалана білді. М.Ж. Көпейұлы Ташкент, Самарқанд, Бұхарға барған сапарларында ғылым мен мәдениеттің бай қазынасымен терең танысты. Сапар барысында түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Жоғарыда аталған қалалардың бай кітапханаларда ескі қолжазбалар, негізінен араб пен парсы тілінде, түркінің шағатай тілінде сақталған. Мәшһүр Жүсіп тілдерді жетік меңгергендіктен ескі қолжазбалармен таныс болды. Қолжазбалардың қазір сақталып жеткен нұсқаларының өзін зерттеу бүгінгі таңда үлкен қиындықтар туғызып отырғаны белгілі. Парсы, араб тіліндегі қолжазбалар ежелгі, орта араб, парсы тілдерінде жазылған. Олардың бір-бірінен өзгешеліктері өте үлкен. Мәшһүр Жүсіп ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі арқасында сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетті [3, 48 б.].

Қазақ ағартушылығы тарихында ұлттың ойшыл ғұламаларына ықпал еткен тарихи тұлғалар аз болмаған. Сондай

тұлғаның бірі М.Ж. Көпейұлының ұстазы болған – Қамараддин хазірет. Оныңесімі XIX ғасырда татар оқығандары арқылы қазақ даласына келгенжаңа оқу жәдиттік бағытпен тікелей байланысты. Ол – мұсылман әлеміне танымал болған, әйгілі ойшылы жәдидшіл-реформатор тұлға Шаһабуддин Маржанидің шәкірті.

Бұл туралы белгілі зерттеуші Б.Қайратұлы былай деп жазады: «Шаһабуддин Баһауиддинұлы 1818 жылы Қазан шаһарының іргесіндегі Маржан қаласында дүниеге келген. Жасында түркі, араб, парсы, орыс тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдерде ғылыми еңбек жазған. Ресейдің оқу орындарында дәріс берген. Ғалымның түркі тарихын баян еткен: «Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығының тарихы», «Мустафад Әл-Ахбар фи ахуали Қазан уә Булғар» атты кітаптары орыс, араб, татар тілінде жарияланды. Онда қазақ тарихы да қамтылған. Мұсылман елдеріне ұзақ уақыт сапар шегіп, әлемге әйгілі «Өткен бабалар өмірінен» («Уафиат әл- асләф») деген әйгілі жеті томдық еңбекті араб тілінде жарыққа шығарған».

Маржанидың ілімін жинап, үйренген Қамараддин (шын есімі Айжарық) Бижомартұлы 1807 жылы туған. 1889 жылы 81 жасында Баянауылда дүниеден өткен. Жас кезінде 18 жыл Бұқара қаласындадіни ілім үйренген. Құран һәм хадис ілімі бойынша жоғары дәрежегежеткен. Ислам ғұламаларының ғажайып еңбектерін оқып, бойына сіңірген.

Зерттеуші ғалым Мақсат Тәжімұраттың жазуына қарағанда, Камараддин хазіреттің туған жері – Бөкей ордасы. «Камараддин», яғни «Діннің айы» деген ат бұл кісіге Бұқар медресесінде оқып жүргенде, білімге деген құштарлығы мен тақуалығы үшін берілгені жайында айтады.

Бұқарадан оралған соң, яғни 1849 жылы Орынборда орналасқан мұсылман діни мекемесінде шарифат ісімен айналысқан. 1852 жылы Ақмола өңірінде аты танымал аға сұлтан Тұрлыбек Көшеновтің маңына келіп, бала оқытуға ниет еткенімен, көп ұзамай Семей медресесіне ауысқан көрінеді.

Тарихи деректерден белгілі болғандай, Қамараддин хазірет – 1863 жылдан бастап Омбыдағы Сібір кадет корпусында ислам пәні бойынша төрт жыл дәріс берген. Бұл оқу орнында шығыстанушылар дайындайтын арнайы бөлім болғандықтан және Азия елдерін зерттеуге құлшынған ғалым-саяхатшылар үшін исламды білу ерекше маңызды болғаны сөзсіз. Бұдан соң хазірет Керекү өңірінің шонжары Мұса Шормановтың ықпал етуімен Баянауылға келіп, Білән ауылы мешітінде бала оқытуды қолға алады. Бұл кездегі жасы 59-да болған. Алғашқы жылы оқытқан үш баланың біреуі Көпейдің баласы Мәшһүр Жүсіп еді.

Бұл жайында атақты ойшылдың өзі: «Алты жасымда кітап оқып, сегіз жасымда Баянауылда Қамараддин ахунның алдында сырып ой бастап, тоғыз жасымда ғылым хатқа, мұхтасар әл-уикаяға шарх қылып, он жасымда шайырлық арқылы танылдым. 29 жасымда Бұқари шарифке барып, мырза Ұлықбекке мүдәріс болдым» деп жазады.

М.Ж. Көпейұлының 1910 жылы жазған «**Ерейментау сапары**» атты өлеңінде де:

*Сұрасаң руымды Сүйіндікпін,
Болаттан ағып түскен құрыштай-ақ,
Баласы Құлболдының нағыз текпін,
Ұстазым Камар молда сабақ алған.
Жиырма тоғызымда ілім іздеп,
Мен едім мехнат шегіп Бұқар барған,
– деп айтылған өлең жолдары кездеседі.*

Саналы ғұмырын қазақ даласының Семей-Омбы-Баянауыл деген рухани ордаларында өткізген Қамараддин хазіреттің ұлы екі ойшылдың өміріндегі орны да айрықша, ол аталған тұлғаларды оқытып қана қоймай, осы аталған өлкелерге де танымның нәрін сепкен. Осыдан кейін барып Абай айналасы, қазақ поэзиясының дүлдүлдері Шәкерім, Көкбай, Әріп, Әсет,

ал Мәшһүр Жүсіптен соң Баянауылдың топырағында Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шафиқ Шоқин бастаған академиктер шоғырының көптеп шығуы тегін болмаса керек [4].

«Көкілташ» – медресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы оқыған медресесі Бұхара қаласында Чорсу алаңы аймағында биік төбеде орналасқан. Медресені Көкілтәш ханның сүт ағасы деп атап кеткен Ташкент ханының (1551-1575 ж.ж.) уәзірі салды деген мәлімет бар. Бұл медресе өз заманындағы мұсылман елдеріндегі ең үлкен жоғарғы діни оқу орны болатын, оның кітапханасында дүниеде сирек кездесетін тарихи маңызды зор кітаптар молынан жинақталған. Олардың ішінде араб, парсы, шағатай, орыс тілдерінде жазылған қолжазба кітаптар да аз болмаған. Көкілташ медресесінде оқыған шәкірттер діни біліммен қатар астрономия, жоғары математика, физика, химия, медицина, жағрапия пәндерінен де дәріс алған.

Медресенің худжрасында (160 бөлмеден тұратын жатақханасында) 320-дан аса тәлімгерлер оқып білім алған. Сабақтар медресенің ішкі ауласында ашық аспан астында өтетін. Бұл медреседе Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан басқа Тұрмағамбет Ізтілеуов, Жалол Икрами, есімі әлемге әйгілі жазушы-ағартушы Садриддин Айни сынды белгілі адамдар оқып білім алған. XX ғ. басында Бұхара әлемге көптеген дарынды жазушылар мен ақындарды берген жәдид қозғалысының («жәдид» арабша «жаңа» дегенді білдіреді) бір орталығы болды [5].

Профессор ғалым Д. Ысқақұлының монографиясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «**Мәшһүрдің өзін таныстыруы**» өлеңіндегі өзі туралы айтқан өлеңі 1903 жылы жазылғанын ескертеді, ақын: «Қалам, сия, қағазды қолыма алсам, Келер қоршап бойыма ғайып пірім», - деп сөз бастап, өзіне қонған қасиеттің дәулеті екенінен ден қойған. Оқуды талмай ізденуге, халық қазынасын жинауға күш берген денсаулығы – бағы деп бағаланған.

«**Жалғыздық**» атты шығармасында М.Ж. Көпейұлы «Зеректік көрдім сенің залалыңда!» - деп басталатын өлең ақынның қатты бір торыққан уақытына тап келген сияқты. Мұнда Мәшһүр Жүсіптің әуелі Нажмидден қазіреттен, кейін Омбыдан келген Қамар қазіреттен оқуынан бастап білім жолына түсуі және ол жолдың «инемен құдық қазғандай» қиындығын көрсету мақсатында өзін «тірі жетімдей» болдым деген. Шығыс мәдениетін игерген сапарларының да материалдық жағдайынан хабар береді. 1888 жылы бірінші қазақ газеті «Дала уалаятының» жарияланымдары ақын ретінде толық қалыптастырса да, 1894 жылы өз білімін аздық етіп қайта ілім жолын бұлағынан қануды көздеген.

Сол тұс 1888-1905 жылдар аралығы зерттеуші-мәшһүр-танушылар пікірінше ақындық шығармашылығының жаңа кезеңі деп аталып жүргенін зерттеуші ғалым, профессор Д. Ысқақұлы баяндайды. 1905-1912 жылдар ақынның үш кітабының жарық көруіне дөп келсе, 1913-1931 жылдарға дейін ақын шығармашылығының төртінші кезеңі, әрі сирек жазғаны деп бөлінген. Сондықтан соңғысы ақынның көңіл-күйіне байланысты, жан-жағындағы дүрбелеңді санасына сыйдыра алмай, торығудан болуынан болуы да мүмкін деген қорытынды пайым жазған [6, 24,26 бб].

Ғұламаның «**Бұхара сапарында**» өлеңінде Бұхара қаласының ислам әлеміндегі Орталық-Азиядағы мұсылман мәдениетіндегі көрнекті өркениет қаласы ретінде сипатталған естелік жазбалары кездеседі:

Бұхара – таң қаламын барғаным,
Өкіндім оқи алмай қалғаным!

Дүниеден құр алақан мен барамын,
Жете алмай бұ жалғанда арманым! – деген естелік

толғамдарын мысалға жазған.

*Самарқанд, Бұхар, Ташкент – кездік бәрін,
Жиырма мен отыздың арасында.* – деген естелік ой-толғамдарын ақын алпыс бес жасында жазғаны туралы аталған өлеңінде баяндалған [7].

«**Түн қараңғы**» өлеңінде данышпан ғұламаның тегі туралы бірқатар мәлімет баяндалған, мысалы:

Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын,

Ешбіреуден ақы алмай жалғыз тиын.

Туған ұлдың қойғанмен атын: «Иосиф»,

Мәшһүр болып атану болар қиын. – Ақын ғалымның шын есімі Жүсіп пайғамбарлар қатарындағы еврей тіліндегі «Иосиф» есімі қазақ тілінде Жүсіп болып айтылатыны меңзегені ықтимал деген пікірдеміз [8].

Ислам іліміндегі күрделі космогониялық мәселелерге арналған «**Адам мен жұлдыздар арақатынасы**» еңбегінің кіріс-песінде Мәшһүр Жүсіп былай дейді:

«Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге – «Құлақпенестіген танық, көзбен көрген – анық». Көзім көрмей нанбаймын». Енді осы Мәшһүр Жүсіптегі ислам, иман және ихсан мәселелеріне келсек. Иманның осы негізгі постулаттары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының негізгі діни көзқарастарын құрайды. Және де иман адамға қажет ең қымбаттылардың бірінен саналады:

«Ең әуелі керек нәрсе иман» – деген, «Ақырет істеріне илан!» – деген. «Құдай кешірет» дегенмен іс бітпейді, «Иман шартын білмесе, ибан» – деген.

М.Ж. Көпейұлының пікірінше, әр адамда жамандыққа да, жақсылыққа да бейімділік бар. Ойшылдың мұраларында назар аударуға тұрарлық тағы бір мәселе бар. *«Оның ойынша, Алла адамды жаратқан кезде оған бостандық пен еркіндік сыйлаған: «Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік ықтиярын*

мақлұқтарына берді». Бұл бір ойдың келесісін жоққа шығару емес. Мұнда әрекет пен қылықтардың мәні тек қана олардың себебіне байланысты пішілмейтіні, сондай-ақ олардың салдарының жауапкершілігі мен салмағына да байланысты екені айтылады, сондықтан акцент адамның еркін таңдауына қойылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе қазақ ойшылдарының еркіндік пен тағдырды Құдайдың сыйы деп санағанын, бірақ ол бұл екі түсінікті теңдестірмегенін айтуға болады. Бостандық рухани ортада тағдыр ішінде жақсылық пен жамандықты таңдау кезінде пайда болады».

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарастары кері-тартпа консерватизммен сипатталмайды. Керісінше, оның діни ағартушылық жаңашылдығы өзінен бұрын және қатар өмір сүрген қазақтың ұлы ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сияқты демократиялық үрдіске, өркениетке жетуді насихаттаумен де сипатталады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ағартушы ретінде дүмшелікке, догматизм мен буквализмге қарсы болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясы – адамға айтылған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы да, адамға көрсетілген сенім мен құрметке толы. Бір жағынан ол Құдайға құл боламын деп шарасыздыққа ұрынған адамды тізерлеген қалпынан тік тұрғызған Еуропа гуманистерімен үндес. «Бес жасынан бастап «Шар» кітабын жаттап көзге түскен», мұсылмандық тәрбие мен ілімді бойына сіңірген ол өз көзқарастарын дамытқанда дәстүрлі ислам дінінен алшақ кетпейді. Қандай ой-пікірді дамытса да, исламдық мәдени контекстен еш ауытқымайды. Тек ақиқаттан ауытқып, догма мен қасаңдықтың, білімсіздік пен надандықтың шаңына көмілген ұғымдарды өзінің алмастай өткір тілімен тазартады. Тазарта отырып, шын білімнің лайланбаған кәусарына қарай бізді жетелейді».

Мәшһүр Жүсіптің өзінің «Ғылым және дін» еңбегінде ғылымды екі түрге бөлетінін айта кету керек: ғылымхал (көңілден көңіл сабақ алатұғын) және ғылымқал (пендеден пенде сабақ алып, көзбен көріп, тілмен оқылатұғын оқу). Осының «қал ғылымында қалғандарын Мәшһүр бір шындығы жоқ жалғандар» деп сипаттайды.

Мәшһүр Жүсіптің жалпы ислам діні тарихындағы рухани өсиеттерді қамтыған және арналған мол шығармалары бар: «Ібіліс шайтан хикаясы», «Ақыреттің егіні», «Яһуда, Патрос әңгімесі», «Опасыз әйел», «Әдһам диуана және Ибраһим», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір», «Жүсіп пайғамбар туралы», «Дін тағылымы» (бірінші, екінші, үшінші әңгімелер), «Дін тарихы», «Ғылым-білім» (1-9-әңгімелер), «Алла құдіреті», «Бала Сүлеймен тапқырлығы», т.б. әңгімелері, өлеңдері, дастандары бар [9].

Ақынның жазбаларында дәстүрлі қазақ қоғамындағы маңызды тәрбиелік институттар, ислам дінінің ұстанымдары мен өсиеттеріндегі түсініктер арқылы діни құндылықтар жазылған.

«Ақыреттің егіні» өлең жазбасында ғұлама 61 жасында жазылған өлеңдерінде адам баласы күнделікті өміріндегі жасампаздық, саналы ғұмыр ету, руханият пен Жаратушыға деген сенімін нығайту жолында ар-ұждан өлшемдері арқылы өмір сүруді насихаттайды, мысалы:

*Иа, Раббы, Жаббар Хақ,
Сөйлесін деп біздерге.
Беріп едің тіл мен жақ,
Өсиет айтам халқыма,
Жар бола гөр, аруақ.*

*Бисмилла – әуелден сөздің басы,
Пенденің көрінбейді өткен жасы.*

*Айтуға бәрін тегіс жүк болады,
Таусылмас қияметтің мәселесі – өлеңдерін жазғаны бар*
[10,18].

М.Ж. Көпейұлы өз шығармасында алпыстан асқан жасында қиямет күн не болар ғаріп басым? – деген ой-толғамдары арқылы ислам дінінің көзқарасы бойынша әр-бір мұсылман адамның тегі, лауазымы, қоғамдағы танымалдығы сияқты сыртқы бейнедегі факторларына бой алдырмайтын тұлғалық, өнегелік ұстанымын сөзбен жеткізген. Мысалы келесі өлеңінде:

Қылмаса ғапу рахмат жалғыз өзі,

Кітап көрсем түседі ықыласым. Сөйлем сөздерінде Жаратушының рахматы мен мейірімділігін назарға салады, рухани және білім қайнар көзі есептелетін кітап арқылы ықыласы артатынын жазған. Мәшһүр Жүсіптің келесі өлең шумақтарында бірқатар діни пайымдары баяндалған:

*Ықылас пен ізгі ниет жолымен Жаратушы мен адамның
рухани байланысы тұрғысында Күнәм көп, сауабым аз мен-бір
пасық, Жүрдік қой жігіт кезде судай тасып.*

*Бір Алла діліне алмай, фазылына алсын, Жұмақты біз
ғаріпке қылсын несін! Тағат қыл бір Аллаға ақ ниетпен, Бұл
күнде түк болмайсың жүрген бетпен! Өтірік қылған тағат
қабыл емес, Сақтанғын күні бұрын пәлекеттен* [10,19].

Мәшһүр Жүсіптің өлеңінде адам болмысы мен рухани мінездері тақырыптарға бірнеше ой-толғамдарын дәстүрлі таным аясында жазылған сөздері кездеседі, мәселен:

Білсеңіз бізге дұшпан шайтан-дағы,

Бір Алла түзу жолға салсын тағы.

Ақыры өзі ғасы малғұн болды,

Адаммен келісе алмай ынтымағы.

Адамға дұшпан болған әуел бастан,

Жүреді пәле қуып шаршамастан.

Жақсылық бір шықпайды малғұн иттен,

Басынан білсеңіздер бізге қастан.

Мәшһүр Жүсіптің сөздерінде дәстүрлі танымдағы азғырушы шайтан туралы баяндалған өлеңінде қазақ халқының дәстүрлі танымындағы ұғымдар жайында ұғынықты мысалдармен жазылғаны ағартушылық арнасының кеңдігін түсіндіргені дәлел болады.

Мәшһүр Жүсіп өз заманында «Алланы бір, пайғамбарды хақ», – деп ғұмыр кешкен. Исламның бес парызы, біреуі – иман, Таппайды бұл бесеуін, дүние жиған. Біқтият, шын ниетпен жұмыс қылып, Ерлерді айт Құдай үшін, жанын қиған – деп толғап қана қоймай, өзі де шарифат жолымен жүрген адам.

Денсаулық – жігіттіктің ең рақаты, Адамға жастық кезде бар ләззаты. Адамды жас күнінде алдайды екен, Батшағар сұм дүниенің көп апаты.

Дін шала адамзатта дін мұсылман, Адам аз хаққа беріліп бір ұсынған. «Алдымда осындай күн болады-ау!» – деп, Бір жан жоқ қияметтен бір қысылған.

Жігіттер, қияметтің болуы хақ. «Рас!» – деп, тасаттық етісіп бақ. Азырақ қадірімше сөз шығардым, Артық сөз айтуыма зейінім шақ [11, 24]. Осындай сөздерімен данышпан ақын жастық шақтағы адамдардың денсаулықты сақтаудың қадірін түсіндіреді, қоғамдағы негативті үрдіс есептелетін шылым, нашақорлық, алкогольді өнімдерді жастардың пайдаланудың зияндығына айтатын ұқсастық пікірлер кездеседі.

Бір адам жаннан артық, өзі білгіш, Бір адам мысқыл сөзбен ел күлдіргіш. Пайдаға бір өсекті тауып алып, Тағы да бір адам бар ел бүлдіргіш.

Осының шарифатқа бәрі қылап, Көз көріп, әрбір жанды жүрміз сынап. Егер де бұл мінезден тыйылмасак, Кетерміз қияметте жарға құлап.

Ақынның пайымынша бос сөз айту, уақытын қадірлемейтін адамдардың зиянды әрекеттерін сынап, саналы ғұмырдағы адамның өмірлік өлшемдердің маңыздылығын сөздермен жеткізген тәрізді:

*Сабырлы, кешірімді кейбір адам,
Ізқарап, түзу жүріп басар қадам.
Неге сөз сөйлемейді, бойын бағып,
Көңіліне келтірмейді ешбір арам.
Жасынан бойын бағып құдай деген,
Айтпайды жаман сөзді Алла деген.
Істеген жақсылығын рия қылмай,*

Күндіз-түн ақыреттің қамын жеген. – деп, адамның ізгі-қасиеттері мен жағымды әрекеттерінде өлеңге қосылғанын ақын айтып өткен.

Тәкаппар бір адам бар паң болады, Баққаны күндіз-түні заң болады. «Ақылым менің жұрттан асты ғой!» – деп. Мақтанып өзіне-өзі таң болады. Кей адам жолға түскен пақыршылық, Жүреді күндіз-түні төмен бұғып. Кей адам бостан-босқа жанжал жасап, Бостан-бос жоқ нәрсені қылады ілік. Көрмейді осындайды молдаларым, Бәрінің мінезіне көңілім жарым. Табылып бар жамандық өзімізден, Бұл айтқан молдакеме бір мысалым.

Жоғарыда айтылған өлеңінде дін қызметкерлері мен мешіт имамдарына бірнеше мысал ретінде діндар қауымды проактивті діни қызметке үндейтінін қарастырады.

Сөзімді менің айтқан кектемеңіз, Әрқашан жаман жолға беттемеңіз. Кемшілік - бас араздық бастарында, Дұрыс деп жолдарыңды ептемеңіз. Ал енді араздықтан тыйылыңыз, Үлкенге тағзым қылып қиылыңыз. Жоғалтып іштеріңнен бетін әлгі, Бас қосып бір араға жиылыңыз. Кетті ғой әдеп, тәртіп боз-баладан, Сауабы қашады одан, болса надан. Табиғат, ғибадат жоқ сол сияқты, Көрерміз жақсылықты біз баладан деп, данышпан ақын ойларын өлеңмен жеткізген.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында адамзаттың тарихында ерекше орын алатын асыл тұлғалар Жаратушы мен адамдардың арасында байланысшы, Жаратушының дінін, насихатын жеткізуші пайғамбарлар туралы эпостық мәтіндегі жазбалары

кездеседі. Пайғамбарлар барлық монотейстік діндерде яғни Иудаизм, Христиандық, Ислам діндеріндегі қасиетті кітаптардың барлығындағы қауымдарға хабар жеткізуші, өсиет пен насихатты айтқан, өмірлік жолдары мен нұсқаулықтары арқылы ақ пен қараны ажыратып рухани ұстаздар болғандығын ақын шығармасында жазылған.

«Ақыреттің егіні» өлеңдерінде Мұса, Ғиса, Жақып, Сүлеймен, Дауыт, Мұхаммед пайғамбар жайында жазылған жазбалары Құран аяттарындағы пайғамбарлар туралы мұғжизаларымен ұқсас бейнеленген. Ислам дініндегі Кәлимә шахадат жайында Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) туралы былай деген қысқаша үзінді мәлімет кездеседі:

Құдайым рақым қылса сонда бізге, Келтірсе тілімізді сөйлер сөзге.

Нәбиім – хақ Мухаммед, раббым – «Алла!» – Біз айтсақ періштеге келген кезде [12, 20].

«Хаятбақшы» өлеңінде Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірбаянына арналған эпостық мәтінде ислам дініндегі пайғамбар туралы «Сира» аталатын діни ғылым саласындағы мәліметке ұштасқан, пайғамбардың туылған сәті, туып өскен ортасы, діни аспектілері, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) анасы Әмина, сүт анасы, әкесі Абдулла туралы деректер қамтылған, Әбу Тәліп атасы, ерте жетім қалу сәттері, өмір кезеңіндегі алғашқы жұбайы Хадиша анамызбен кездескен өмірлік жағдаяттары баяндалады:

*Ибрахим халал төккен көздің жасын,
Арман ғып: «Көрмедім, – деп, – пәлі, пәлі!»
Мұса, Ғайса, Дәуіттер жолын тосып,
Соқпағына омақа қылған басын.
Әнбие айтып өткен мұрсал нәби,
«Жарайды, болсаң бол, – деп, – пәлі, пәлі!»
Көктен түскен сақаба-жүз жиырма,
Мақтауменен сөйлеген бәрі де, әні.*

*Таурат, Забур, Инжіл мен Құранды көр,
Қуа келсе, бәрінің соқпағы бір.*

Мақтағаннан басқа жоқ айтар бөлек:

«Шарапатлы туар, – деп, – бір газиз ер!» [12, 144] – деп жазылған өлеңдерінде Ислам дініндегі пайғамбарлар із-басарлықтығы жолдары туралы жазылған.

Діндегі пайғамбарлар туралы деректерді ақын Мәшһүр Жүсіп «Ақыреттің егіні» өлең шумағында бірқатар мысалдармен адамның өмірдегі жасы мәңгілік болмайтынын атап ескеріп Жаратушы Алла тарапынан таңдалған пайғамбарлар да өмірден өткендігін назарға салады.

Айтпастан жер жүзінің ғылымын білсең!

Файсадай мілсім набіс болса демің,

Халелдей отқа күймей тұрса тәнің!

Аспаннан құрбан үшін қошқар келген,

Смағұл зәби Алла болса нәмің!

Жер жаста шет мартқа ұшып тұрсаң,

Дәуіттей отқа салмай, дүкен құрсаң!

Нұх нәби пайғамбардай дұға қылып,

Дұшпанның жер жүзінде бәрін қырсаң!

Фаділ боп Наушеруан, Нәбидей атың қалса,

Қасымдай саңылағың мағлұм болса.

Тахтыңды Сүлеймендей жел ұшырып,

Құс-хайуан исі жынмен тілінді алса.

Жүсіптей сұлу болсаң жүзің нұрлы

Мұсадай «Кәлам Алла» – қылсаң ұнны,

Аюбтай «Нығымал габды» – атансаң да,

Өлімге жолығарсың осы түрлі.

Рүстемдей сайып қыран болсаң батыр,

Дәлелдеп әрбір іске тапсаң ақыл.

Уақытында Аспандияр болсаң-дағы.

Дүниеден кетсең керек бір күн ақыр – жазбасындағы өлеңінде авраамдық діндердегі пайғамбарлардың қасиеттері туралы жазған [12, 34].

Құран кәрім кітабында бірқатар пайғамбарлардың мұғжизалары туралы баяндалып, адамдарға өнеге боларлықтай Жаратушының бар мен құдыреттілігін ашып жазған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен рухани білім, ғылымның түрлі салаларымен танысуына елеулі әсер еткен тарихи тұлғалар мен діни оқу орындары туралы мәліметтер қарастырылды.

XXI ғасырдағы егеменді мемлекетіміздегі қоғамдық санадағы білім мен ғылымның маңыздылығын дәріптеу, насихаттау және іске асыруға арналған басымдықтар барысында тарихтағы ауқымды рухани, ғылыми мұра қалдырған ойшыл, ақын тұлғамыз М.Ж. Көпейұлының гносеологиялық, аксиологиялық, бағытындағы ойлары мен тұжырымдары маңызды орынға ие.

Жалпы гуманитарлық ғылымдар мен теоретикалық, жаратылыстану ғылымдардың гуманистік әлеуеті мен ұстанымдарын мемлекет, қоғам, азамат, категориялары қырлары арқылы дамыған қоғам, дамыған ғылым пайымдарын дамытудағы тұлғалық өсиеттері тарихи (адами капиталды) сана қалыптастырудағы әлеуетін алға тартамыз.

М.Ж. Көпейұлының шығармашылығындағы бірқатар тақырыптар діни ағартушылық арқылы қазақ қоғамында еңбектену, пайдалы жұмыспен шұғылдану тәрізді әлеуметтік маңызды тақырыптар қозғалғаны белгілі. Мәселен «**Бес парыз**» өлеңіндегі мәтінде адам бойындағы жағымды сипаттар жайында мағыналы өсиеттер жазылған:

*Пайғамбар хадисінде айтқан екен,
Жігіттер мына сөзге құлғың сал:
«Ұжмақлық – шырын сөзді, жылы жүзді,
Тілінде Хақ зікірі сөйлер сөзді,
Әріпті бір Алладан кішіпейіл,
Күлумен көрінгенге қадап көзді.*

*Мінезі ұжмақшылық – жеті түрлі:
Береген, шынышыл болып келер формы.
Және де қолы ашық, намазы көп,*

Деп айтты – анық ұжмақ оның орны!» [13, 39-40 бб.].
Жоғарыда көрсетілген өлеңнің мәтінінде дінді ұстанушы азаматтарға қатысты насихат үлгісінде жазылған мәтін қамтылған.

Қазақ қоғамындағы дін атын жамылған түрлі ағымдар жайында бірқатар ағартушылық сипаттағы өлеңдеріндегі мәтіндерге үзінді зерделеу келесі мысалдарда қарастырылады. Осыған орай, ақын ғұламаның «**Ықылас сүресі**» өлеңінде Құрандағы осы сүренің орны мен сакралды ұғымдарына назар аударуға үндейді, бақилық болған адамға дұға ретінде оқудың маңыздылығын аңғартады:

*Баршасы зікір етем есім сәтін,
Әрбірі, әр Лафызда айтар атын.
Құранда сүре «Ықылас» аятында
Білдірген құдіретімен өз сипатын.*

Алла айтты:

*- Иа, Мұхаммед, бұл бір хабар
Көресің көп Мұхарраб періште бар.
Әуелден ақырға дейін бәрі тегіс
Таспих ғып бұл сүрені айтады олар.*

*Сол үшін тапсырамын мұны оған,
Фазылым түсер, махшарда оған.
Иа, достым, бұл сүрені көп оқыған
Сауабын бағыштаймын үмбетіңе [14, 9-11 бб.].*

Діни ағымдардың идеяларының арбауына иланған жастардың басым көпшілігенде қазіргі терминдік сөзбен айтқанда, «критикалық ойлау» қабілеттерінің төмендігіне байланысты, интернеттегі немесе әлеуметтік ортадағы діни топтардың өкілдерінің уәждеріне сенім білдіріп, соңында ағым ұстанушылар тобына өтулері осындай фактордың әсерінен орын алуда.

Данышпан, ғұлама қазақ халқының бойында жақсы қасиеттер қатарына ұмтылуға назар аударуға үндегені байқалады, мысалы, «Шешуі» өлеңінде бір сөйлемде бірқатар рационалды пайымдарды насихаттаған:

*Есті адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты.*

Ендеше есті адам бақытты болады [15, 22 б.] – деген пайымды жасайды.

Бүгінгі таңда, жаһандану заманындағы әлеуметтік, геосаяси үрдістердің ықпалдарымен ақпараттық қоғамды дамыту үлгілері арқылы жекелеген мемлекеттердегі ішкі тұрақтылықты олардың азаматтары арасында рухани тұғырларын әлсіретуге әрекет жасайтын деструктивті діни ағымдардың кері әсерлері түрлі бейнеде орын алғаны жасырын емес.

Мәселен, қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрлерін сақ дәуірлері мен көне түрік тайпалары құрамында орныққан мемлекеттік жүйесінде байырғы танымдық дәстүр мен ережелер дәріптелген, салт-дәстүр арқылы гносеологиялық, аксиологиялық тұрғыдан маңызды факторға айналған өткен ата-баба дәстүрі бойынша Құран бағыштау рәсімдері жалғасын табуда.

Ақын Мәшһүр Жүсіптің «**Жеті жетім**» өлеңінде біршама пайымда насихаттар жазылған, деструктивті діни ағымдардың ұстанымдарында Құран бағыштау дәстүріне қарсы келетін түсініктерге насихат ретінде келесі өлең шумағында мәтін қамтылған:

*Бір үйде оқылмаса Құран – кітап,
О дағы жетімдікке болған хисап (есеп).
Жаранлар, сақтаныңдар осындайдан
Күнәсы ауыр болад үтір-гисап!*

Сонымен қатар, әлеуметтік топтардың кейбір бөлігінде діндегі «әсіре діншілдік» ұғымы туралы қоғамда жиі талқыланып, сыртқы келбеті дін ұстанушы ретінде ұқсайтындар тарапынан түрлі келеңсіз оқиғалар туралы күнделікті өмірде белең алатын «исламофобия» үрдістері орын алуда.

Осы тақырып аясында ғұлама «**Мәшһүр Жүсіп уағызы**» өлеңінде мұсылманшылықтың бейнесі ретінде шынайы дін ұстанушының сипатына мән беріп, өлең сөзінде келесі мысалмен сипаттайды: *Мұсылманшылықта болу керек. Бұл мұсылманшылық деген немен болады: уағдаға опалы болуменен, пайда менен залал таласып келгенде, залалға өзі шыдап қалып, пайданы басқаға қиюменен (болады).*

Адамзат тарихындағы бірегейлік ұстанымдары мен қоғамдағы әлеуметтік келісімді насихаттайтын мәтіндер қатарында ғұламаның келесі өлеңінде бірқатар маңызды тақырып аясында ой-толғамдары баяндалған:

*Асылы адамзат: Адам ата, Хауа анадан өрбіген жан бәрі
бір кісінің тұқымы екендігін білісіп, бір-біріне жаны ашып,
артығы болса, ауысып, қажеті (хажаты) болса, берісіп,
кем-кетігін көрісіп, ысхаутылығы, омырауаттылығы болуменен
болады. Бұлардың бір де бірі жоқ, құр намаз оқып, ораза
тұтқанмен, домалақ-домалақ тасты жіпке тізіп алып санауменен
мұсылманшылық табылмайды [16, 44 б.].*

Мәшһүр Жүсіптің «**Бір жаратқан Алланың – сегіз сипаты бірлән танымақ**» өлеңінде Жаратушының сипаттары жайында өлең-шумақта бірнеше насихаттары қамтылған:

*Бір Алла – серігі жоқ, жалғыз өзі,
Оның жоқ ата-ана, ұғлы-қызы.
Тумайды, өзі ешкімнен туылмады,
Осылай «Кул һуа Алла» - Құран сөзі.*

*Ол Алла жисім жауһар – зариз емес,
Боларға басқа-басқа бөлектенбес.
Алланы еш нәрсеге ұқсатуға
Еш нәрсе оған ұқсап, жөні келмес! [17, 103 б.].*

Мәшһүр Жүсіптің «**Толқын**» атты шығармасында ағартушылық бағыттағы аксиологиялық маңызды ой-түйіндерінде келесі мәтінде білім алу, еңбектенуге арналған насихаттары жазылған:

*Алла адамды жаратты артық зерек,
Өзгеден ерекше қып оқшау бөлек.
Ақылыңа сыйғанды алып ұста-дағы,
Ақылға сыймағанды қылма керек.*

*«Баяғыда болыпты Адам-ата,
Мен – адаммын: сол болдым!» - деу зор қате.
«Оқу бар, молда бар», - деп, алас ұрып,
Уыз жаста болдық қой көп миқата [18, 23 б.].*

М.Ж. Көпейұлының «**Тіршілік қамы**» өлеңінде тұлғаның мұралық идеялары жастар арасында әлеуметтік белсенділік пен рационалды пайымдарды насихаттауға арналған ұстанымдары қамтылған жазбалары мысалға келтірілген:

*Өнерге ғылым-білім кірген жақсы,
Өткізбе жігіт жасыт байқамастан.
Білімге ие болсаң шын табарсың,
Бала қып жұмыртқаны шайқамастан.*

*Күткен соң іс ақырын бір Құдайдан,
Алдыға өзі келер, байламастан.
Әділдік, туралықта тұрғаннан соң,
Кеңесте би боларсың сайламастан [19, 185 б.].*

«Жан иесі өліп, ғарасатқа қайта тіріліп, Ғаззіл ан хазірет илан үмбеттеріне таласып, имам Ағзам илан имам Шафқа жүгінгені» өлең мазмұнында исламдағы сүнниттік бағытты ұстанушы жамағат өкілдеріне атақты екі мазхаб имамдары саналатын имам Ағзам мен имам Шафиғидің діни жолдарының дұрыстығы және ақиқатқа жақындығы баяндалған. Қазіргі таңда, ислам тарихы және діни топтар туралы көптеген ғылыми әдебиеттерде деструктивті ағымдар мен экстремистік топтар сүнниттік сенімді насихаттайтын төрт мазхабтарды қабылдамайтыны белгілі. Осыған орай, мазхабтар туралы ақын шығармасында дәйекті өсиет-мұралық мәліметтер қамтылған:

*Дүниеде мазһаб болған төрт имамы,
Махшардың төрт жағына қойған, әні!
Алдына имамлардың жібереді,
Әркімнің болса сонда дау-жанжалы.*

*Төртеуі махшарда болар қазы,
Сұрайды әр пенденің болса ғарызы.
Алдына имам Ағзам айтыспаққа,
Барарлар бұл екеуі болып разы.*

*Расул мен Ғазірейілдің Ағзам көріп,
Расулға сәлем берер тағзым қылып.
Имамға дағуаларын айтпақ болып,
Екеуі отыра қалар түп жүгініп.*

*Төрт имам қиямет күні болар қазы,
Көбінен-тәуір болар сөздің-азы!*

*Салауат ертелі кеш айтып жүрсең,
Мұхаммед расул Алла болар разы [20, 300-301-314 бб.].*

М.Ж. Көпейұлының «**Алла тағаланың өлеңі**» атты шығармасында келесі мәтіндегі танымдық пайымдар мен рухани өлшемдер жайында ұғынықты салыстыру деректері баяндалған: *Біреу кедей болса: «Құдай кедей қылды». Біреу жаман болса: «Құдай жаман қылды». Біреу надан болса: «Қайтсін, Құдай надан қылды»* - деу. Мұндай сөздер Құдайды жамандаған болады. Не тапса, әркім өз пиғылынан, өз кәсібінен таппақ. Құдай ешкімді зорлықпен кедей қылмайды, ешкімді зорлықпен жаман қылмайды, ешкімді зорлықпен надан қылмайды.

Құдай бермейтұғын сараң емес, сақтай алмайтын осал емес. Не кемшілік болса, пенденің өз пейілінен, өз осалдығынан [21, 81 б.], деген қорытынды пікірлері жазылған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «**Нәпсінді атқа мінгізбе**» өлеңінде әлеуметтік әділдік тақырып аясында білім, ғылымды игерген адамдардың әлеуметтік ортадағы орны мен беделі болатынын назарға салып, ақын шығармасында бірқатар рационалды пайымдар қамтылған:

*Ғылым біл, жұмыс істе, оған серік,
Жарлыға – мал, бұл ғылым – байға көрік.
Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,
Өлік біл, оны жан деп білме тірік.*

*Кеңдікпен өтсін десең ерте-кешің,
Бір іске жұртқа ұнайтын сарп қыл күшің.
Өнермен жұрт аузына ілініп бақ,
Ұнамды охотникке болсын ісің [22, 59 б.].*

Қорытындап айтқанда, ғұламаның шығармашылығындағы рухани-өнегелік мұраның бірқатар бөлігі діни наным-сенімдегі дәстүрлі танымды қалыптастыру мен дәріптеуге бағытталғаны сөзсіз анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінде діндегі

«ұстамдылық, дәстүршілік, парасаттылық, жасампаздық» пайымдар арқылы ислам дініндегі басты тақырыптарға арналған, соның ішінде діни сенімдегі парасаттылық, ағартушылық, білім мен ғылыми пайымның басты ұстанымдары ретінде ислам дініндегі Құран кітабының өсиеттерін насихаттау үшін өлең мәтінінде ой-толғамдарын жинақтаған. М.Ж. Көпейұлының еңбектерінде дәстүрлі діни танымдағы көптеген категориялар арқылы рухани-өнегелік мұралар дәріптелген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/24938>
2. <https://bilim-all.kz/olen/129-Mashhurdin-ozin-tanystyruy>
3. Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е. Мәшһүр Жүсіптің тарихи мұрасы // «Отан тарихы», №3 (99), 2022.
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/338782>
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 704 б.
6. Д.Ысқақұлы, Б.Ысқақ Мәшһүр Жүсіптің ой өрімі: монография. – Павлодар: Кереку, 2010. – 24, 26 бб.
7. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, «Алаш», 2005. – 194-195 бб.
8. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, «Алаш», 2005. – 210 б.
9. Әсет Пазылов. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы адамзаттың пайда болуы. <https://abai.kz/post/8086>
10. Әсет Пазылов/ «Мәшһүр Жүсіп және дін қағидастары». – Шымкент: «Нұрдана-LTD» баспасы, 2013 – 240 бет.
11. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: «ЭКО» 2013. – Т. 3 – 24 б.
12. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: «ЭКО» 2013. – Т. 3 – 20, 144, 34 бб.
13. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалылары. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 39-40 бб.
14. Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. 2-том. – Алматы: «Алаш», 2003. – 9-11 бб.

15. Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы: «Алаш», 2003. – 22 б.

16. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы, «Ел-шежіре», 2010. – 44 б.

17. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Төртінші кітап / Құрастырып баспаға дайындаған Т.Е. Қыдыр. – Алматы, 2023. – 103 бет.

18. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 2 том. – 23 б.

19. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Бірінші кітап / Құрастырып баспаға дайындаған Ж. Салтықова. – Алматы, 2023. – 185 бет.

20. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 2 том. – 300-301-314 бб.

21. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 81 бет.

22. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Бірінші кітап / Құрастырып баспаға дайындаған Ж. Салтықова. – Алматы, 2023. – 59 бет.

Ишмаханов Ж:Ж.

XIX-XX ҒҒ. АРАЛЫҒЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ДІНИ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МҰРАСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Адамзат тарихында қоғамды дамуға дәріптеуші ағартушылық құбылысының мәні ерекше. Бұл идея XIII-XIX ғ.ғ. батыс Еуропада бастау алғанымен, идеялық тұрғыда көне грек, қытай, үнді т.б өркениеттерде бастау алғаны баршамызға мәлім. Батыста қозғалысқа ие болып, Еуропа қоғамын түбегейлі өзгеріске әкелген ағартушылық қозғалысы қазақ даласына өз әсерін тигізді.

Қазақ халқының бай мұрасындағы діни ағартушылық құндылықтарды зерттеуде аса бай және ауқымды материалдарға кезігеміз. Өкінішке орай, бүгінгі таңда, заманауи аудиторияға қол жетімді және жастар тілінде жеткізудің кемшін тұстары жоқ емес. Жалпы діни ағартушылық мұраның түп тамырын зерттеуде, тарихта отаршылдық саясаты әрекетінің орны толмас ізін қалдырған Ресей империясының басқыншылық әрекетіне қарсы тұру, халықты бірлікке шақыра отырып иісі мұсылман халықтардың саяси күресі жолындағы идеялық бірлікті, ағартушылық жолындағы өзара қарым қатынасының дамуы сатысын байқауға болады. Сондай ақ, XIX ғ. аяғы-XX ғ. басындағы жоғарыдағы аталған мәселелер ағартушылық саласындағы тұлғалардың шығармашылығындағы өзара ықпалдың арта түсуіне жол ашылды. Сонымен қатар шығыс батыс әлеміндегі, оқу білімі, мәдениеті мен тәжірибесі озық болған өзге жұрттың шығармашылығын көпшілікке танытуға ұмтылу, аудару арқылы үйрену, тәжірибе алмасу, өзіндік даму жолын жетілдіру

байқалады. Осылайша ұлтымыздың ағартушыларының отаршылдық дәуірдегі қайраткерлігі мен ізденісі, өзара ой үндестігі мен қарым-қатынасын бағдарлау, ағартушылар идеяларының сабақтастығы мен байланысын зерттеудің алғы шарты болып табылады.

XIX ғ. аяғы мен XX-шы ғасырдың басындағы негізгі ерекшеліктердің бірі қоғамдағы орын алған өзгерістердің жылдамдығы, ықпалы және нәтижесі. Бұл өзгерістер тек қоғам құрылысында ғана емес, ұлттың тұрмысынан бастап, жалпы дүниетанымдық ұстанымдарына тікелей әсер етті. Ұлт санасының, болмысының сақталуына, өзіндік бірегейлігі мен қайталанбас мәдениетінің сақталуына ұлт ағартушыларының ықпалы орасан зор еді. Осындай салалардың бірі діни дүниетаным арқылы насихатталған ағартушылық бағыттағы шығармашылық деп айтуға болады. Әрине, руханиятқа түгелдей әсерін тигізіп отырған шығармашылық кеңінен қанат жайып, еркін тарала қойды деп айта алмаймыз, керісінше, түрлі кедергілер мен қарама қайшылықтарға тап болып, аяқтарына тұсау ілінгені белгілі. Осыған сай, шығармашылық тақырыптарының да, өзіндік жасампаздығының да, жаңа таралу тәсілдері мен әдістерінің өзгерістерге ұшырап отырғанын байқауға болады. Мұндай сипатты біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да, Шәкәрім Құдайбердіұлының да өзге де ұлт зиялыларының еңбектерінде байқаймыз. Отырықшы өмір салтының орнауы, ең алдымен зиялы қауымның жаңа көзқарастар мен жаһандық мәдениеттің бағытымен санасуына, сараптап саралау арқылы дамуына әсерін тигізді. Бұл туралы отандық зерттеулерде де өзіндік зерттеулер кездеседі (Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., 2017).

Халқымыздың тарихы, мәдениеті, және әлеуметтік саяси өмірінде діни руханияттың, діни дүниетанымның алатын орны орасан зор. Діни таным, ұлт тамырымен, оның дүниетанымы, мәдени құндылықтарымен біте қайнасқан ажырамас құндылық.

Сөзімізге дәлел ретінде, қоғамымыздың кез келген кезеңіндегі ауызша және жазбаша мұраларымызда, тіл, руханият, ой сана салаларында ислам құндылықтарының орны ерекше. Зерттеуге негіз болған ағартушылар мұрасында да діни құндылықтар ерекше насихатталған. Бұл діни құндылықтардың қазақ болмысындағы көрінісі 12 ғасырға жуық кезенді қамтиды. Сондай-ақ дәстүрлі түркілік дүниетаным өзінің болмысын бүгінгі таңда да синтез немесе симбиоз түрінде сақтап келген. Бұл туралы академик Ғ.Есім діни ағартушылық бағыттағы ой сананың дамуын бірнеше бағытта анықтайды:

➤ алғашқысы діни ағартушылық салаға байланысты ұлт әдебиетіндегі ой сана мәселесінің, жыр дастандарда, фольклор, ауызшы және жазбаша әдебиеттің барлық түрлерінде, сонымен қатар түрлі өнер түрлері мен архитекторлық салаларда көрініс табуы;

➤ келесі көрінісі жалпы халық арасындағы білім беру қызметіне тікелей байланысты;

➤ тәрбие, көркем мінез, тұлға кемелденуі мәселелерімен тікелей байланысты;

➤ құқық мәселесімен терең байланысты болуы (Ғ.Есім, 2010).

Зерттеу барысында діни ағартушылық ой сананың негізгі функцияларын талдауда, оның ұлт руханиятындағы орны мен маңызына терең тоқталған. Негізгі функцияларының бірден бір көрінісі ретінде ұлттық сананың қалыптасуындағы, тіптен идея мен идеологияның қалыптасуына тікелей әсер етуші фактор екенін баяндаған. Сондай ақ тарихымыздағы діни ағартушылық сананың ерекшелігі, артықшылығы ретінде, діни дүниетаным бағытындағы рационалды ойлау жүйесінің қалыптасқанын, оның даму бағытының жолдары сонау рационализмнің өкілдері Платон, Аристотель, әл Фарабиден басталған, ұлт ұстаздары Абай, Шәкәрім сынды, өзге де зиялы тұлғалардың

шығармашылығын айшықтайды. Жалпы, қазақ руханиятының кеңістігі өте ауқымды болғанымен, бір бірімен тығыз байланысты, біртұтас кешен екені мәлім. Руханият саласының қай саласы болмасын, ақын жыраулар, айтыскер шешендер, зиялы қауымның негізгі шығармашылығы осы көріністі сипаттайды. Мәселен, халқымыздың ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің 19ғ. аяғы мен 20ғ. басындағы діни ағартушылық тақырыбын қозғаған ақын жыраулар еңбегі «алтын көпір» қызметін атқарды деп айтуға негіз бар. Бұл бағыттағы руханият кілтін қорғаушылар қатарына көптеген ерен еңбек авторларын, ұлт зиялыларын көрсетуге болады, солардың бір қатары Уәлихан Қалижанұлы, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабайұлын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлын, Шәкәрім Құдайбердіұлын, Мақыш Қалтайұлын (Қалижанұлы У, 1998) жатқызады. Сонымен қатар бұл тізімді діни ағартушылық саласындағы Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Ақтан керейұлы, Ғұмар Қарашынды өзге де көптеген саңлақтарымызды қосуға болады.

Ағартушылық дәуір көне грек, үнді, қытай, түркі сияқты ежелгі өркениеттерден бастау алғандығы тарихтан белгілі. Дегенмен нақты кезең ретінде XIII-XIX ғасырлардағы идеялық ағымды айтып жатады. Себебі сол ғасырдың адамдары өз уақытын ақыл парасат пен ағарту жүз жылдығы деп атады. Бұл кезеңде адам ақыл-парасатының қабілеті ескеріліп, шіркеу басымдылығы, христиандық діни догманың сынға ұшыраған кезеңі еді. «Ағартушылық» ұғымын айшықтауда, Қалижанұлының еңбектерінде бұл дәуірдегі қоғамның ғылым мен білімге деген құлшынысын, ғылыми танымның тұтас ұрпақты қамтыған құбылыс екендігін атайды. Ағартушылық өкілдерінің кемел үлгілік сипатында, ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылым білімге деген дамытушылық қызметтері, әлеуметтік кемшіліктерді түзеуге, оның біртұтас қалпына, бол-

мысына әсер етуге бағытталған қоғамдық саяси ағым ретінде көрсетеді. (Қалижанұлы,1998),

Ғасырлар бойы қалыптасқан қиял мен аңызға сенетін мифологиялық таным тарих қойнауына кетіп, философиялық ойлау мен ғылыми таным алдыға шықты. Феодалдық басқару формасы езгіге ұшырап, қоғамдық теңдік пен жеке бас бостындығы насихатталып, төменгі тап өкілдерінен көптеген гуманистер шықты. Бұл ағартушылық тек санада емес, эстетикалық санада да көрініс тапты. Кезіндегі шіркеулік каноннан шыға алмаған эстетикалық ой пікір, ағарту дәуірінде жаңа бағыттарға қол жеткізді. XIII ғасыр өнері нақты шынайы бейнелеуге көңіл аударды. Бұл көріністі сол кезеңдегі суретшілер, мүсіншілер мен жазушыладың шығармашылығынан байқауға болады. Жалпы дәуіріміздегі қоғамның кез келген саласына жойқын өзгерістер әкелген ағартушылық кезеңін зерттегенде, саяси әлеуметтік салада болсын, философиялық, әдеби, педагогикалық т.с.с бағытына әсер еткен ойшылдар ретінде либерализм ілімінің негізін қалыптастырған, Дж. Локкты (1632-1704 жж.), әдебиет саласындағы жаңашылдыққа жол ашқан Дидро, Вольтер, Руссо, Юм, Смит сынды ойшылдарды атап өтуге болмайды. Ағартушылық ықпалы әлемге таралған ерекше құбылыс ретінде, адамзатты қараңғылықтан құтқарған, ғылым мен білімді насихаттаған қызметі, қазақ философиясының да дамуына жол ашты. 19шы ғасырдан қазақ даласында кеңінен етек жая бастаған бағыт ретінде Ш.Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы сынды өкілдерінің орны ерекше. Дегенмен, барымызды зерделеп, жоғымызды түгендеуге жол ашқан, жаңа ғасыр табылдырығында қазақ зиялыларының еңбектері мен негізгі идеяларының құны мен тәліміне, тәрбиесі мен руханиятына деген жаңа зерттеулік әдістер мен көзқарастар қалыптасқаны қуантады. Себебі, жоғарыда аталған зиялы өауым өкілдерінің еңбектерінің бағасы мен маңызы, өткен заманның

көзқарасы мен ықпалы арқылы талданып, бұрмаланып келгендігі ащы да болса ақиқат, сонымен қатар қатаң тыйым салынып келген діни мазмұндағы әдебиеттің, шығарма еңбектерінің қарасы тарих қатпарларынан шықпағандыға да жасырын емес. Кеңестік кезеңдегі идеологияның басөыншылғы мен атеисттік сананың кертартпалығының салдарынан өзгеріске ұшыраған шығармашылықтардың, қазіргі таңдағы рухани жаңғырып, ұлттық жадыны сақтаудағы, соның ішіндегі діни руханият кеңістігіндегі, өзіндік иммунитетке ие болудағы маңызы ауадай қажет. Бұл туралы Ш.Әділбаева еңбегіндегі зерттеуге сүйенуге болады. Жетінші ғасырдан бері қазақ даласына енген ислам өркениетінің бай мұрасының өкілдері Ахмет Игүнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Аахмет Иассауи сынды діни ағартушылық мұраларына тоқталуға болады. Ислам дінінің қазақ халқының мәдениеті мен болмысына тұтастай үйлесімділігі туралы автор: хадис ғұрыпқа, сүннет салтқа айналған деп тұжырымдайды. (Әділбаева, 2011)

Қазақ ағартушылары өз шығармашылығында оқу-ағарту және тәрбие мәселесіне айрықша тоқталады. Медреселерде жүргізелетін діни оқу қазақтардың мәдениет пен білімге деген қажеттілігін қанағаттандыра алмады. Мектептер мен оқу орындарын кеңейтіп, оларды басқа негізге сүйеніп қайта құру қажеттілігі туындады

Қазақ даласындағы ағартушылық идеяларды дәріптеуші ретінде, алдымен Шоқан, Ыбырай, Абай, Мәшһүр Жүсіп секілді ұлы ғұламаларды айтамыз. Бұл ұлағатты ұстаздар бабалар мұрасын зерттеуші, халық жәдігерлерін зерттеп зерделеуге үлес қосқан ағартушы қайраткерлер ретінде ел жадында сақталды. Олардан қалған өшпес рухани мұралардың арасында ислам діні жөніндегі пікірлері, көзқарастары бүгінгі ұрпақтың назар аударуына әбден тұрарлық деректер болып табылады.

Шоқан Уәлиханов мұрасында қазақ даласындағы Ислам мәдениетінің таралу ерекшелігі мен дәстүрлі дүниетанымға

әсері, ықпалы жан жақты қарастырылған. Ғалым мұсылмандық құндылықтың халық арасына таралуын, насихатталуын орнығуын өз еңбектерінде аса білгірлікпен талдайды. Шоқанның ағартушылықпен айналысып, діндарлықтан алыс болғаны тарихтан белгілі. Оның тұлғалық бітімі, ағартушылық болмысы қалыптасып келе жатқан кезде қазақ жеріне Ислам діні әлі тарап кеткен жоқ болатын. «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. Қазақтардың арасында әлі Мұхамедтің атын білмейтіндер көп... қасиетті Нестор заманында Русьте болған сияқты, енді біздің сахарада да қазір қос дін дәуірі болып жүр», – деп жазады ол (Уалиханов, 1985а:197).

Алғашқы ағартушылар Шоқан, Абай, Ыбырай заманында Ислам дінін таратуға патша өкіметі, жергілікті ел билеушілер, сондай-ақ қожа-молдалар тарапынан орасан мол күш-жігер жұмсалып жатқанымен, ол әлі қазақ жеріне қанат жайып үлгермеген еді. Дегенмен бұл кезеңде қазақ арасына діни насихаттастың қарқынды да қарымды жүргізіле бастаған еді. Шоқан Уәлиханов қазақ даласына татар молдаларының таратып жүрген діни насихатының халыққа тигізіп жүрген зиянын баса айтады. Халық санасын дүмшелікпен улаған бұл молдалардың уағыз-насихатын «ой мен сезімнің дамуын тежейтін өлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді», – деп көрсетеді (Уалиханов, 1985а:71). Сондай-ақ ғалым халықтың мұсылмандық дүниетанымды толық қабылдамаған бейнесін, кейбір орыс зиялыларының христиандық бағытқа тарту әрекеттерінің болғанын баяндап, мұндай сорақы әрекетті айыптайды.

Қазақ халқының болашағы, елдің бағыт бағдары қандай болу керек деген сұрақ ағартушылардың ең негізгі толғандырған мәселесі еді. Себебі ұлт болашағында ислам әлемімен байланысты нығайту ма әлде Еуропаға бағыт ұстап орыспен болған дұрыс па деген таңдау болды. Ұлт зиялылары үшін бұл

сұрақтарға нақты, дұрыс жауап табу күн тәртібінде тұрды. Бұл туралы Шоқан «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі – мұсылмандық Шығысқа, екіншісі – орысқа еліктейді», – деп жазды (Уалиханов, 1985 б:80).

Елдің болашағы үшін маңызды өзекті мәселеге Шоқанда ағартушы ретінде өзінің дұрыс жауабында берді. Көршілес орналасқан орыс империясының күші мен мәдениетін ескере отырып, ғалым орыс мәдениетінің озық үлгілерінен үйренуді жөн санап, «тым ұлтшыл», «тым орысшыл» немесе «тым шығысшыл» болмай, Батыс пен Шығыстың мәдениетінің дамуға үлес қосатын пайдалы, позитивті қырларын алуды құптады. Ғалым жабайы ұлтшылдықтан гөрі, ұлттық қасиетті жоғары қоятын ұлтжандылықты дәріптеді.

Шоқанның ағартушылық идеяларын, дінге қатысты көз-қарасын қазақтың ұлы ағартушысы, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсары да жақсы білді. Ыбырай ағартушылар сияқты қазақ халқының болашағы мен тарихына, тағдыры мен әлеуметтік, рухани мәселелеріне мықтап көңіл бөлді. Ыбырай ғалым, ұлы ұстаз һәм ағартушы болды. Қазақтың ағартушылық тарихында мешіт медресенің рөлі ерекше. XIX ғ алғашқы ширегіне дейін қазақ даласында діни оқу өрісі медресемен шектелсе, ағартушы Ыбырай өз кезеңінде мектептер ашып, онда прогресс пен өркендеуге негіз болатын оқыту ісін жолға қойды.

Қазақ Ыбырай Алтынсаринді ғалым, ағартушы педагог, жазушы, акын, этнограф ретінде таниды. Ғалым қазақ дәстүріндегі ислами құндылықтарды құрметтеп, діни сарындағы өлеңдер мен діни тақырыпта еңбектер жазды. Құдыреті шексіз Аллаға сеніп, өлең жолдарын Жаратқанның атымен бастағанында байқауға болады. Дегенмен Ыбырай халық арасында дүмше молдалардың ағартушылыққа сай емес үгіт-насихаттарын сынап, көптеген надандыққа жетелейтін көзқарастарына қарсы

шықты. Ал мұндай жағдайлар ғалымның дәуірінде көп кездесті. Қазақтың болашағы мен дәстүрлі дүниетанымына кері әсер ететін дүмшелік құбылысына қазақ зиялы-ағартушылары түгел қарсы шықты.

Ыбырай ақын-жазушылық, оқу ағартушылық қабілетінен бөлек, дін ғылымын шариғат заңдылықтарын, фикһ ілімінде жақсы білген. Бұған дәлел ретінде ғалымның «Мұсылмандықтың тұтқасы» («Шариғат-ул-ислам») еңбегін айтуға болады. Ыбырайдың бұл еңбекті жазуының екі себебі бар. Бірінші себебі, діни тақырыпта жазылған «Калем шариф», «Иманшарт» сияқты еңбектер араб тілінде жазылғандықтан, оның мағынасын мұғалім де шәкіртте толық білмегендіктен, медресе жүйесінде бұл діни оқулықтар тек қана жатталумен ғана шектелді. Сәйкесінше дүмше молдалар діни оқулықтардың мәнін түсінбей, діни қағидаларды өздерінше бұрмалап, халық арасында түсінбеушіліктің белең алуына себепкер болды. Ал екінші себебі, ХІХ ғ. ІІ жартысында ел аумағындағы діни оқулықтардың басым көпшілігі Қазан, Уфа қалаларынан басылып шықты. Діни оқулықты басып шығарушы дін оқыған татар молдалары болғандықтан қазақ тілінің болмысына татар тілі араласып, тілдің шұбарлануына көп әсерін тигізді. Шоқан, Абай, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп сияқты қазақ ағартушылары ұлт тілінің тазалығы үшін күресті.

Бұл жөнінде ағартушы Шоқан Уәлиханов «орыс халқының византиялық дәуірді өткені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр» – десе, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсары «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінің кіріспесінде «...біріншіден қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақ арасында жазба татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін осы оқу құралын құрастыруға кірістім» – дейді (Алтынсарин, 1884а:78).

Ағартушы Ыбырай Алтынсарының бұл еңбегінің мәні ерекше, һәм өзекті. Бірінші ерекшелігі, ислам шарифатындағы, құқық жүйесіндегі ұғымдар мен діни терминдерді қазақ тілінде сөйлетіп, түсінік беру болса, екінші мәні діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден (ең бастысы) шарифат заңын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы деп қарады. Мысалы, Ыбырай осы кітаптың кіріспесінде «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ... мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың көңілі дұрысталмаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды» деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Екінші, Ыбырай мұсылмандықтың бес парызының бірі ораза тұту, намаз оқу болса, оны да жұртты алдау үшін немесе құдай алдындағы парызымды өтей салып, жұртқа мұсылман болып көрінейінші деген айла-әрекетпен іске асырудың өзі күнә деп түсіндіреді. Үшінші, көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер сол адамның іс әрекеті арқылы сыртқа көрінеді. Қашан да иман мен дін мәнісін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана ол құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік деп түсіндіреді.

Ыбырайдың мектеп ашып, қазақ жастарын ғылым-білімге тәрбилеу басты мақсаты болса, мұндай идеяны әр өлең жолдарында насихаттаушы хакім Абайды да қарастырған жөн. Хакім Абайдың пікірінше ағартушылық идеяның тез тамыр жаюуы сол қоғамның даму деңгейіне байланысты. Себебі ойшылдың танымына сәйкес, халықтың санасы тұрмыс тіршіліген жоғары тұрып, келешекті уайымдайтын хәлде ғана ғылым мен мәдениетке ұмтылады деп топшылайды. Абайдың негізгі арманы һәм тура жол ретінде көршілес орыстың тілі мен ғылымын игеру арқылы, дамыған батыстың мәдениеті мен ағартушылық

әлеміне ие болу болатын. Тіпті бұл мақсатқа жету үшін ғұлама орыс тілін игеріп, олардың поэзия прозасымен танысып, сондай ақ әлем ойшылдары Гете, Байрон мұрасымен сусындады. Көне грек абызы Сократтан бастап Еуропаның бай философиялық мұрасымен жіті танысты. Орыстың ғылымын, тілін үйренуді насихаттағанымен, орыс шенеуніктерінің алдында жорғалай жүгіріп, құлдық сананың алдын алуды да үйретіп бақты.

Адамның білім алу жолында көп қажыр-қайрат пен сабырдың берері мол. Ғылым жолында жүрген шәкірттердің жігері мұқалмас үшін олардың құқықтары мен тілектері де есерілуі тиіс дейді ойшыл. Тіпті ата анасының баласын зорлықпен берген молданың оқыту жүйесін де сынап тастайды.

Оқу-ағарту ісінің дамуы мен өрбуі хакімнің ойынша, үкімет пен оның бөлетін қаржысына байланысты реттеледі. Олай болмаған жағдай да жақсы тілек сөз жүзінде қалмақшы. Ойшылдың қырық бірінші «қара сөзі» тәрбиенің мәні мен ел билеген басшыларға арналады. Бұл қара сөзінде жастарды ғылым мен білімге демеп отыратын, қолында билігі, есепсіз байлығы бар адам керек дейді ол. Абайдың бұл ойы еуропалық ағартушылардың «оқымысты монарх» идеясымен үндес келеді. Қырық бірінші сөзінде Абай өзінің екі ойын айтады: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек... Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек»... (Абай, 1986в:158)

Хакім Абайды да, ұлт ұстазы Ыбырайды да ағартушылық пен ұлт тәрбиесінің болашағы жиі толғандырады. Абайдың «Қара сөздері» ғылым мен білімнің шамшырағына, моральдық құндылықтар мен өнердің ерекшеліктеріне толы болды. Халқының мүшкіл жағдайы мен сауатсыз хәлі ойшылдың жаны күйзеледі. Үмітсіз шайтан демекші ұлтының ғылым мен өнерге талпынуы, ақыл-ойының құдіреті дамыған елдер қатарына қосады деп үміттенеді ақын. «Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті

отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемітіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» (Абай, 1986а:100) Халықты тобырға айналдырмас үшін ел болашағы жастарды оқыту қажет және оларға ана тілінде дәріс беру керек дейді Абай. Өйткені ол кездегі оқу жүйесі баланың ұғымына ауыр тиетін араб, парсы тілдерін үйренуге негізделген еді. «Әуелі мал табу керек, онан соң ғараб, пар сы керек», – дегені сол уақыттың шындығын дәл бейнелейді (Абай, 1986б:119

Жоғарыда айтқанымыздай Хакім Абай халықтың мұң мұқтажын ойлаған кемеңгер ойшыл болған. Тіпті өз принциптерін озық демократтық, ағартушылық идеяларға ұштастыра білді. Ойшыл ұлт жанашыры, патриоты, зор гуманист ақын болды. Елінің хал-жайына жаны ашып, оған шын күйіне, күйзеле жыр шертті.

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі – қан, бірі май боп екі ұртың,
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [Абай Құнанбайұлы,
2008:76],*

дегендегі ойшылдың жан дүниесінің күйініші нағыз ұлтжанды ақынға тән толғаныс. Өлең жолдарына мән берсек, хакім Абайдың өз халқының жағдайына жаны ашып, күйзеліп, күйініп айтқанын байқасақ болады. Елін ойлаған нағыз патриоттың, ұлтын сүйген ұлтжандының сөзі. Абай мұрасында жарлы-жақыбайдың сүреңсіз өмірі, кедейдің тауқымет тартқан ғұмыры, ақсүйек байлардың ысырапшыл салты, қайғысыз той салатанатты өмірінің бейнесі өзекті хәм керемет бейнеленген. Азамат ақын ашқан халық қасіретінің бір көрінісі. *«Кедейдің өзі жүрер малын бағып, отыруға отын жоқ үзбей жағып»* - міне, кедей тұрмысы, *«сырмақ қып астына, байының тоқымын, отының басына, төренің қоқымын»*, - міне, болыстың атшабары Масақбайдың үй іші. Ал байлар кәсібі қандай?

Байлар жүр жиган малын қорғалатып,

Өз жүзін, онын беріп алар сатып.

Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,

Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?

Бай мен кедей арасының жер мен көктей ажырағанын байқаған ойшыл әлеуметтік дамудың шартын еңбекпен байланыстырады. Қоғамдағы орта таптың, тіпті ақсүйектер қатарына қосатын еңбектің терең философиялық хәм әлеуметтік мәнін ашып көрсетеді. Абайдың мұрасында еңбектің қоғам прогресінің басты мәні екені айқындалып, халықтың тұрмыс жағдайының негізгі қайнар көзі ретінде баяндалады. Ойшыл еңбектің де жемісін көру үшін темірдей тәртіп пен жүйенің болуын баса айтады. Еңбек ету барысында «жинақылық керек, әрбір жинақылық түбі кеніш болады» деп жүйелі, ұтымды жұмысты насихаттайды. Сондай ақ ғалым ел арасында еңбектен қашып, қол жайып, ас андып жүрген арсыздарды да қатты сыннайды.

Мінер атын, киімін ып-ықшам ғып,

Сымбаттанып, сымпып, тамақ аңдып...

*Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.*

Мұндай арсыз істі қаңғыған бұралқы итке теңеп, тіпті бұдан шығу жолын да көрсетеді

*Еңбекті сат, ар сатып неге керек,
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Абайдың кедейлік өмірден құтқаратын еңбекке қтаысты тұжырымдары Мәшһүр Жүсіп шығармашылығымен сабақтасады. Мәшһүр мұрасының ерекшеліктердің бірі жансызға жан бітіру, деректендіру тәсілін осы өлеңінде қолданып «кедейліктің» бейнесін жасайды.

*Безерленер кедейлік белдеу ұстап,
Бас салар еріншекті ұйқы қостап.
«Құдай салды, мен көндім» дегеннен соң
Сенен қолын үзбейді, жайлап, қыстап.*

*Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын*

[Көпейұлы М.Ж., 2004:95].

Ақын поэзиясында халықты еріншектіктен, жалқаулықтан құтылуға шақырып, тәртіп пен еңбек етуге насихаттайды. Сондай ақ ғұлама кедейлікке урынбаудың бір жолы ретінде мал табуға үндейді:

*Мал көзде, ертеңді-кеш ұйқыңды бөл,
Кім жұмсаса, ұшып жүр, қайтарма тіл.
Басы білгіш, елгезекке кедейлік жоқ,
Кежірлік – кедейліктің ордасы, біл [Көпейұлы М.Ж.,*

2004:94].

Хакім Абай терең ойдың, ардың ақыны. Шығармасындағы өлең жолдарына мән берсек, мәселенің мәнін жүрек тебіренге тереңнен толғайды. Мұндай терең ұйқасты сыдыртып тез оқу мүмкін емес. Ғалым шығармасы баяу оқып, әр жолдың мәніне үнілуге үндейді. Әр оқыған сайын, жаңа сырға ие болатын құдырке ие. Себебі ойшыл мұрасы жүректен шығып, жүрекке орнайды.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, –

деген өлең жолдары жоғарыдағы оймызға дәлел бола алады. Оқырманына ойланта жыр шертетін ерекше ақын. Сыншыл реалистік жанрды таңдап, ел мұқтажын жырлап жалғыз қалса да болашақтың жарқын болмысына үміт артатынын мына өлең жолдарынан көруе болады

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,

Алды – ойын, арт жағзы – мұңға жуық [Абай Құнанбайұлы, 2008:28],

Абай шығармасында жастарға арналған оқу-білім, елге қызмет ету, көркем мінез, адамгершілік сияқты құндылықтар кешенді түрде қамтылған. Ойшылдың жас буынға арнаған ірі толғамдарын інісі Шәкәрім жете түйсініп «Жастарға» атты өлеңінде былайша толғанады:

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!

Қарауылдар мезгіл зой, тұр, қаралық!

Жүз айтқанмен өзгенің бәрі надан,

Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!

«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.

«Өмір зая болмастық өнер үйрет,

Ақылыңды аяма бізге» делік [Құдайбердиев Ш.,

1988:31].

Әкесінен ерте айырылған бала Шәкәрім кішкентайынан атасы Құнанбай мен ағасы Абайдан көп тәлім алғандығын шығармасында жиі баяндайды. Абайдың ғалымдығы мен ағартушылық қасиетін ерекше сипаттап өтеді. Мәселен Абайдың болмысы, ғалымдығы турасында былай деп жырлайды:

*Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық,
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық [Құдайбердиев Ш.,*

1988:33].

Шәкәрім шығармаларында Абайдың өзі жайында, идеялары мен көзқрастарын көп келтіреді. Ойшыл Абайдың қабілеті мен талантына, абыройы мен ұлағатына табынып, оның бейнесін сомдауды мақсат тұтқан деуге болмайды. Керісінше ғалым өзін толғантқан алуан түрлі сұрақтардың жауабын сан Абай мұрасынан тапқан, хакімнің ғибраты мен шығармасына жүгінген.

*... Ақыл, білім, осындай ар жақтарлық,
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық!
Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ақ,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!...*

*Бұл елде түк ақыл жоқ, жарасарлық,
Рахым ғып, бір-біріне қарасарлық.
Өз Абайын өздері ұнатпайды,
Шын надан осылар ғой біз қашарлық...*

[Құдайбердиев Ш., 1988:33].

Шәкәрімнің ағартушылық тақырыптағы шығармалары 1879 жылы жазылған «Жастарға» атты өлеңінен басталады. Жалпы ағартушылық идеясы Шәкәрім лирикасының алтын діңгегі болып саналады және бұл сала оның Абаймен және Мәшһүрмен үндестігін танытады. Өзінің «Насихат», «Сынатар сың өзінді»,

«Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға...», «Ғылымсыз адам айу ан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» сияқты көптеген өлеңдерінде Құдайбердіұлы ағартушылық идеяларын көтереді. Шәкәрім үшін байлықтың ең үлкені – ғылым. Өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде ол адам өміріне «ортаншы өмір» деген ұғымды қолданады. Бұл – адамның жастық шақпен кәріліктің арасындағы белсенді өмірі. Шәкәрімнің айтуынша, міне, осы жыл дары уақытыңды босқа еткізбей, ғылымға үңілсең, одан өзіңе керек қазынаны тауыпала білсең- өмірлік мұратыңа жеткенің. Бас-аяғы үш шумақтан тұратын өлеңнің идеясы – адам баласын, Абай айтқандай, «ер жеткен соң түспеді уысыма» деп өкініште қалдырмау.

Шәкәрім өз шығармаларында Абайдың діни идеяларын толықтырушы, жалғастырушы ретінде көрсетеді. Мәселен Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі діни идеяға мәндес келетін діни ағартушылық көзқарасын атап өтуге болады.

*Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас...
... Алла ішіңді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мұмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!*

[Құдайбердиев Ш., 1988:93].

– деген жолдар Шәкәрімнің шығармасында былайша сипатталады:

*Бұл кездегі діндердің бәрі нашар,
Ешбірі түзу емес, көңілашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.*

*Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседі бұлжымай құшақтасар:
Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар*
[Құдайбердиев Ш., 1988:201-202]

деген жолдармен сабақтасады. Діни моральдық құндылық пен сенімнің қасиеті, замана келбеті, Исламдай асыл дін, жалпы, барлық діндердің негізгі ұстанымы екі ұлы ойшылдың шығармасында жасампаз, өміршендігімен ерекше сипатталған.

Жоғарыда келтірген Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің жалғасында

*«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті», -*

деген шумақ Шәкәрім поэзиясында

*«Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар», -*

деген өлең шумақтары тек мәнделсе, идеялас қана емес, сондай ақ әлем философиясындағы сабақтастықты көрсетіп, бабалар мұрасындағы үндестікті көрсетіп тұр.

Ақиқат әлеміне бастаушының бірі – ақыл [Құдайбердіұлы Ш., 2008:85]. Бұл таңғажайып әлемді танып-білуде ақылдың мүмкіндігін пайдаланбай, тек қана соқыр сенімге бас ұруға болмайды. Соқыр сенім туралықтан адастыратын тар жол. Мұны ескерген қазақ ағартушылары «ақиқатты» іздеу мен тануда ақылдың рөлі мен құдыретін ерекшелеп сипаттайды. Хакім Абай бір өлең шумағында:

Ақылдың жетпегені арман емес,

Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын, – деп дүниетанымның қайнар көзі ақылда жатқандығын ескеріп, айналаға «кұр мүлгумен» яғни дүмшелікпен баға беруді сынға алады [Мырзахметұлы М., 1994:61]. Абайдың інісі һәм шәкірті Шәкәрім де дүмшелік пен соқыр сенімді сынап, адам санасын тоқырауға ұшырататын кереғар пікірлерді ақыл таразысынан өткізетінін былай баяндайды:

Молдалардың әдісін,

Пайғамбардың хадісін,

Әулиелік жәдісін,

Алмадым ақыл тыйғанын, – деп білдіреді де иман жолында ақылдан таймастық керектігін айтады:

Айтса қандай ғалым зат

Дәлелсіз болса, бәрі ағат [Құдайбердіұлы Ш., 2008:331].,

– деп Шәкәрім ақылмен байланысы жоқ соқыр сенімнің адасушылыққа бастайтынын ескертеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақтың ойшылы, этнографы, шежіретанушысы, ақыны һәм діни қайраткері. Ғалымның айтуынша ақындықта, әулиелікте « бір құдыреттің түртуімен» таң сәріде келген. Дегенмен ойшыл тек тектілік қасиетпен шектелмей, керісінше ғылым қуып, ел аралап жиһанкез ілім сүйгіш ғалымға айналған:

«Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қоқан барған,

Ойым бар: барсам деген онан әрман.

...Жасымнан ғылым іздеп кеткен басым,

Жерімде жүрген, тұрған сөзім қалған» немесе

«Бұхар, Тәшкент, Самарқанд, Түркістанды,

Бір түгіл, үш-төрт барып тамаша еттім.

Нұра жайлап, Есілді қыстау еттім,

Әрлі-берлі Шу менен Сырдан өттім» [Көпеев С., 1994:162]

Жоғарыда келтірген ағартушылардың идеяларымен Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы сабақтастықты атап өтуге болады. Ғалым бар ғұмырын қазақтың отаршылдықтан арылып, ғылым мен дамуда дербес болуын армандаған еді. Ой-шыл еңбектерінде халықты кәсіп үйренуге, жасампаз болуға сондай ақ имандылық пен ізгілікке шақырды.

*Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.
Мәз болма мұнарланып көрінгенге,
Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан
Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып,
Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан.
Бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай,
Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан [Көпейұлы М.Ж.,
1990 б.:28].*

Мәшһүр Жүсіп пікірінше ғылым мен білімнің, яғни ағартушылық жолында ыждаһатты болу тұлғаның белгілі бір интеллектуалды деңгейге жеткізіп, білімнің шыңына жеткізеді. Ғылымға құштар жан әрдайым өзін жетілдіріп, дамытып отыруы тиіс. Ғылымның негізгі миссиясы адамды табиғаттың, қоршаған ортаның құпия сырын ашып, иләһи жүйені тануға мүмкіндік беріп, үздіксіз рухани жетілуге талпындырады.

*Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,
Жарлығы мал – бұл, ғылым болар көрік.
Ғылым, білім өнерсіз қадірсізді
Өлік біл, оны жан деп білме тірлік [Көпейұлы М.Ж., 1990 б.:90]*

Ғұлама Мәшһүрдің пікірінше ғылым мен білімді адам мен қоғамның даму үшін қолдану жарқын болашақтың кепілі. Ой-шыл қазақ даласындағы мектептер мен медреселердің көп болуын армандаған, сондай ақ ол білім ордаларының оқу бағдарламасында шәкірттердің ой-өрісін дамытатын және ұлттық болмысты дәріптейтін оқыту әдістерін пайдалану-

ды дәріптеген. Мектеп пен медресе оқу бағдарламасында діни пәндерден бөлек, жаратылыстану бағытындағы пәндерді енгізуді ұсынады. Осындай ағартушылық идеяларымен Мәшһүр Жүсіптің жәдидшілдік бағытпен сабақтастығын байқаймыз. Ғалымның ұлт бірлігін, елдің тұтастығын басты құндылықтық бағдар еткен өмірлік позициясы төменгі жыр жолдарынан анық байқалады:

*Асқынды болып жара-жауырларым,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым*

[Бейсенов Б.Қ., 2002:24].

Қазақ халқы ежелден өнерді бағалаған дара халық. Мұның дәлелі ретінде ақын жыраулар мұрасынан, би-шешендердің тағылымынан көруге болады. Сондай ақ Абай мен Шәкәрімнің поэзиясында да өнер басты тақырыптардың бірі болмақ. Мәшһүр Жүсіп тек ғылым мен білімнің құдыретін сипататумен шектелмей өнердің де адам өміріндегі орнын ерекше сипаттап өтеді.

*Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып ғайып.
Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып!
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.
Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?!
Қылжақтап екі ауылдың арасында*

*Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!
Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,
Тамаша болдың жігіт таңғажайып. . .
Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық,
Жоламас кем-кетіктік оған айып.
Бұларды айту – бізден, ұстау – сізден,
Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық.
Көзіңе көрінгеннен зибрат алсаң,
Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық.
Дариядан көз жеткісіз өткізетін
Боласың өзің кеме, өзің қайық.
Қызға айтып келіндерге байқатамыз,
Түс ашып, сол солай деп не қылайық?!*

[Көпейұлы М.Ж.; 1990 б.:98]

Жалпы ағартушылық бағытты сөзге тиек еткенде діни ағартушылықты тұтас қамтыған жөн. Әдетте ағартушылықтың негізгі идеялары ретінде антропоцентризм мен гуманизм айтылады. Бұл принциптер исламда да негізгі мәнге ие болып, әрдайым насихатталып отырады. Бұған дәлел ретінде құранға негізделген Әл Фараби, Қожа Ахмет Исауи, Абай Құнанбайұлы идеяларындағы «кемел адам» концепциясын айтуға болады. Адамның нәсіліне, ұлтына және жынысына қарамастан бауыр деп қарап, исламдық негізгі ұстанымдардың бірі жақсылықты асырып, жамандықты тыю екендігі мәлім. Зерттеуіміздің өзегі саналатын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзқарсында адамды микрокосмос ретінде қарастырады және бұл идеясы ислам танымымен сабақтас. Мәшһүр Жүсіп былай дейді: «...Айдай әлемді, жанды, жансыз мақұлықтарды Құдай алты күнде жасап шығарған. Соның өзгесі бір бас та, адам бір бас. Осы дүниені адам көркейпек, құдайдың құдайлығын жұрт көзіне адам түсірмекрлі . Алты күннен соң құдай дәнеме жартапақ емес»

(Көпейұлы, 2003). Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасының ба-
сым бағыты – ағартушылық болғаны белгілі. Шығармаларында
туған халқының мүшкіл жағдайын жырлап, халықтың көштен
қалу себептерін айқындап, дамыған елдердің қатарына
қосылуға негіз болатын ғылым мен білімнің артықшылығын
насихаттады. Жастарды адал еңбек пен кәсіп үйренуге, сауат
ашу мен ізгі қасиеттерді бойға сіңіруге тәрбиеледі. Қазақ ой-
шылдары Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының
діни дүниетанымдық бағытындағы шығармашылығы мен ұлт
зиялысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни ағартушылық
көзқарастарын салыстыра зерттеу мақсатында, өзіндік тал-
дау мен фактілерді қарайтын болсақ, мынандай мәліметтерді
келтіруге болады. Бұл тақырыпты қозғаған зерттеушілер ара-
сында Абай мен Мәшһүр Жүсіп кездесулерінің тарихи орын
алғандығы туралы келтірілетін мәліметтерді кездестірміз. Екі
ойшылдың кездесуі туралы, бір бірімен сұхбаттасқандығы ту-
ралы, филология ғылымдарының докторы, сондай ақ Мәшһүр
Жүсіптің тікелей ұрпақтарының бірі болып саналатын Қуандық
Пазылұлы Жүсіпов сұхбатында кездеседі. Қос ойшылдың
шығармашылықтарындағы үндестік пен ортақ тақырыптардың
да табылуы кездейсоқтық емес әрине. Міселен адам бойындағы
кеселдік қасиеттер ретінде «өтірік», «өсек» сынды жағымсыз
қасиеттерді терең сынап, аулақ болуды насихаттайды. Мәселен:
«Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей са-
бап» (Абай) – «Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр, Ессіз жұрт
көбелектей барып жатыр. Бірін торғай, біреуін бөдене ғып, Өзі
мен өзін жаулап алып жатыр» (Мәшһүр Жүсіп) (Қазақ тілі мен
әдебиеті, 2005).

Сондай ақ, Абай мен Мәшһүр еңбектерінің имандылық,
ізгілік, тәрбие сынды тақырыптарда қозғаған өлең жырларын-
да да, өзіндік үндестік байқалады. Ұлтын сүйген ойшылдардың
шығармашылығында, имани мәселелер негізгі адами қасиеттер

ретінде жоғары құндылықтар ретінде насихатталады. Абай шығармасында «Әсемпаз болма әрнеге», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Ғылым таппай мақтанба» т.б. өлеңдері, Мәшһүр Жүсіптің «Бес қымбат», «Нәпсіңді 128 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы атқа мінгізбе», «Қолыма қағаз, қалам алайын да» т.б. өлеңдері – мұның дәлелі» (Тұрсынова, 2003).

Ойшылдардың еңбегіндегі мына бір өлең жолдарын салыстырар болсақ, бес рухани құндылық идесын байқаймыз. «Ғылым таппай мақтанба» өлең жолдарындағы Абай атамыздың өлең шумақтары:

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз (Құнанбаев, 2002),*

делінген, бұл өлең жолдарында тек ізгі қасиеттер ғана аталып қоймай, адамның жағымсыз қасиеттері мен құптаусыз амалдары да сипатталады, тура осы мәселе, Мәшһүр өлеңдерінде де былайша өрнектеледі:

*«Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген!
«Құдай кешірер!»-дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен(ибан)»- деген.
«Екінші керек нәрсе – зақыл» –деген.*

*«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,
Иманын кәпірлікке сатар» – деген.
«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» – деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.
«Әр істе сабырсыздық тәубе-зорлық,
Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.
«Төртінші қымбат нәрсе – шүкір» – деген,
«Нығыметке шүкірсіздік – күпір!» – деген.
Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген қорлық,
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» – деген.
«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» – деген,
Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.
«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,
Әдеп деген Махаббатқа себеп!» – деген (Көпеев, 1992)*

Жоғарыдағы өлең жолдары тәрбиелік құндылығымен қатар, имани қасиеттерге жол ашады. Мәселен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ислам діні саласындағы ақида, шарифат ілімдерін терең меңгерген діндар тұлға екендігі оның шығармашылығында да байқалады. Оның бірден бір көрінісі, зерттеуімізде келтірілген еңбектерінің хадистермен ұштасып, өзіндік байланыс тапқанынан аңғарамыз. «Пайғамбардан сүннет болып қалған бұл өсиеттер жалпыны қабылдайтын инклюзивтілік ұстынының өзегінде жатыр және бұл рух қазақтардың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі ханафилік мазхабтағы суннилік исламның да негізін құрайды» (Жүсіпбек, Сатершинов, 2014).

Абай мен Мәшһүр арасындағы байланыстардың көріністерін талдауда, тек аталған шығармалары ғана емес, өзге де еңбектерінде, мәселен қара сөздерінде де кездестіреміз. Мәселен, сөз құндылығын жоғары бағалайтын Мәшһүр еңбектеріндегі, төмендегі мысал белгілі ғалым, филология ғылымдарының док-

торы, профессор Дандай Ысқақтың пікірінше, Абайдың Қара сөздеріндегі стильге ұқсайды (Ысқақұлы, 2013).

*Ғылым біл, жұмыс істе оған серік,
Жарлыға мал –бұл, ғылым болар көрік.
Ғылым, білім өнерсіз қадірсізді
Өлік біл, оны жан деп білме тірлік*

(Көпейұлы М.Ж., 1990:90)

деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп ұлы Абай мұраларын діни ағартушылық сабақтастығын жалғастыра отырып, қазақ руханиятының дамуына қызмет етті.

Қазақтың әулиесі атанған Абайдың інісі, көрнекті тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы өз заманында Мәшһүр Жүсіппен кездесіп, бірнеше рет сұхбаттасқан, құрдас, дос екендігі тарихтан белгілі. Мәшһүр Жүсіп мұрасын сақтап, келер ұрпаққа насихаттаушы Алдабергенев Төлепберген қарияның айтуынша, 1931 жылы бір үлкен жиында Шәкәріммен Мәшһүрдің кездескенін баяндайды. Сонда ол Мәшһүрмен кездесіп, құрдасына: Мына жаңа заман қалай болады?» – деп сұрайды. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл – аласапыран заман. Бұл – социализм деген заман, мағынасы құдайсыздар қоғамы деген, дүние кезек деген бар емес пе, бір кезде құдай деген құстай ұшады дедік, енді құдай деген мұрттай ұшатын заман болады, көрешек алда деген екен:

*«Тірі қалғаның көресің,
Мәдени үйге кіресің,
Қонысың болар орыс қаласы.
Қазаққа енді тұрмыс жоқ,
Болуға да орын жоқ.
Ағымның сондай жобасы,
Шәкәрім, жағдай осылай» (Құдайбердіұлы, 2007)*

Осы жиыннан кейін даламыздың

Міне осы жиыннан кейін қазақтың екі ғұламасы Баянауылда бірнеше күн бірге болады. Қайтарында Шәкәрімге

Мәшһүр Жүсіп былай дейді: Аз ғана уақыт – төрт-ақ күн бірге болдық. Тірі жүрсең социалист қоғамына кір. Мен өзім сол 1916 жылы ораза-намазбен қоштасқанмын. Бұл екеуіміздің ақырғы кездесуіміз болар, жас та келді, тағдыр да жақын. Дүние көшкен керуен ғой, дүниеге бірге келдік, бірге жүрдік. Енді сол керуенмен бірге кетуіміз керек қой:

«Біріміздің ажалымыз Алладан болар,

Біріміздің ажалымыз адамнан болар.

Жас та келді, тағдыр да жақын,

Ақырғы кездесуіміз осы болар.

Қош сау бол деп құшақтап,

Қафу Рахман деп аттанады» (Алдабергенов, 2013).

Шәкәрім Құдайбердіұлының діни-ағартушылық қызметінің бірі ретінде «Мұсылмандық шарты» еңбегін айтуға болады. Бұл қазақ даласындағы дінтану, исламтану бағытындағы алғашқы еңбектер қатарына жатады. Ғұламаның халық діни дүниетанымының тереңдігі мен дұрыс бағытта қалыптасуына деген ұмтылысын байқатады. Бұл еңбек қазіргі ислам ғылымхалы кітаптарының негізі болып саналады және әлі де өзіндік мәнін жоғалтпады. Шәкәрім оны мәніне қарай төмендегідей бес бөлімге бөліп, жүйелеген:

1. Иманның мағынасы және иман сенімі (Исламның мәні);
2. Ахлақ (Ислам психологиясы);
3. Іс-харекет үкімдері (Сегіз амал);
4. Ислам негіздері (ғибадат);
5. Қоғамдық қатынастағы шарғи талаптар (Фикһ ілімінің негіздері)

Шәкәрімнің діни көзқарастары діни әмбебаптылықтан тұрған, ол өз ойында әлемнің бар діндердің ерекшеліктерін баяндай келе «діндердің түп мақсаты» дейді, сол мақсаты құдайға жету болатын. «Мұсылмандық шартын» жазып қазақтың діни сауатын ашпақ болған Шәкәрім Тәңіріні, Табиғатты, Адамды

қарастыра отырып, бірегей концепция жасады ([http:// www.kultegin.kz/#11_11_491](http://www.kultegin.kz/#11_11_491))

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мысалы, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ» деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Ақыреттің егіні», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Жер мен Көк» киссасы және т. б. діни нанымдық мағынадағы деректер бар. Екі діни балладасы – «Шайқы Ысқақ» пен «Надан би» белгілі.

*«Исламның бес парызы біреуі – иман,
Таппайды бұл бесеуін дүние жиган.*

*Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған»,*

деген жолдары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы ислам тақырыбының шоқтығы биік екендігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесін талқылауда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектеріндегі діни ағартушылық мәселелерінің ортақ тұстарын зерделей отырып, ойшылдар мұрасындағы сабақтастықты айшықтау орын алады. Бұл үшін алғашқы кезекте, ұлт зиялыларының дүниетанымдық тәлімі мен өскен ортасын, сол заманның мәселелері мен рухани атмосферасын зерттеу, пайымдау қажет болды. Сол дәуірдегі қалыптасқан рухани шығарма еңбектерінің, қазіргі замануи қоғамдағы мәселелердің шешімін табуға қолдану мақсатымызда, екі

түрлі дәуір арасындағы өшпес ортақ құндылықтар мен, ұлт қанымен, болмысымен жалғасқан нәзік те мығым байланысты анықтау қажет еді. Ел арасында тек ұлт зиялысы ғана емес, қасиеті мен әулиелігі бір төбе, абыз тұлғалардың рухани мол мұрасын жаңашыл көзқараста талдауға біршама әдебиеттер мен көзқарастардың дәйектері ортақ мәселеге шоғырландырылды. Ойшылдың өмір сүру кезеңі, жалпы тек қазақ даласында ғана емес, сонымен қатар тұтас мұсылмандық Шығыс әлеміндегі күрделі өзгерістер кезеңі болып табылады. Сол себепті де, осы зерттеу барысында, жоғарыдағы ойшылдар шығармашылықтары дәстүр жалғастығы мен байланысы тұрғысынан ғана емес, жаңашылдық идеясы аясында қарастырылуға тырысты. Қазақ қоғамын барынша жаңа дәуір кезеңіндегі қоғамдық өзгерістер мен жаңашыл кемелділікке баулып қана қоймай, қоғамды сынау мен шындық арқылы, өзекті мәселелрді ашып, айқындаған. Діни мәселелерде ғана емес, ойшылдардың еңбектеріндегі үндестік пен сабақтастық сан қатпарлы, және де ақыл, таным, ой сана ұғымдарымен үндескендігі өзіне тәнті етеді.

Сонымен қатар бұл үш ойшылға тән қасиеттердің бірі орыс, парсы, араб тілдерін жетік біліп, ұрпаққа құнды аудармалар жасап, ағартушылықпен айналысуы еді. Шығармаларында батыс, орыс ақын-жазушыларының пікірлері мен идеяларын пайдалана отырып, сыншыл реалистік бағытта жаңаша туындылар әкелді. Яғни ағартушылар мұрасында батыстың, оның ішінде орыс әдебиетінің сарыны мен исламдық діни мәннің сабақтастығын көруге болады. Мәселен Абай Құнанбайұлы «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», десе, Шәкәрім Құдайбердіұлы «адамзатты бауырластыққа бастайтын жол – мұсылмандық» деп, гуманисттік принцип пен исламдық дүниетанымды синтездеп отыр. Демек Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп көзқарасындағы адамгершіліктің басты элементі ретінде имандылық, әділдік,

әдеб категорияларын яғни исламдық құндылықтарды мұрат етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе қазақ ағартушылары ғылым мен діни құндылықтарды байланыстырып, ел мұратын қалыптастыруда руханиятты дәріштеп, жікке бөліну мен бүліктен аулақ болуды насихаттаған. Қазақтың үш алыбының бетпе-бет кездесіп, сұхбаттас болғанын мақаламызда баяндадық. Ғұламалардың ғұмыры мен мұрасын бөліп, қарауға болмайды. Себебі бабалар мұрасындағы рухани тізбек пен байланысты көрсету қиынға соғады. Ағартушылардың мұрасы қазақтың XX ғасырдағы болмысын айқындап, барша қазақ оқитын шамшыраққа айналды. Діни құндылықтарды дәріптей отырып, сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси мәселелерді қозғады. Шығармаларында қоғамдық теңдікті, әділдік пен гуманизмді дәріптеді. Мәшһүр Жүсіп әлеуметтік-адамгершілік идеяларды діни-этикалық сүзгіден өткізіп, оларды тұлғаның рухани жетілуіне ықпалын зерттеді. Себебі Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп дүниетанымында адамның рухы нәпсі қажеттіліктерінен жоғары тұруы керек деп есептеледі. Ағартушылар дәріптеген асқақ рухани пайым қазіргі күнде де өзекті. Бұл ойшылдардың діни-ағартушылық мұрасы адамзаттың дамуы мен игілігі бағытында мәнін жойған емес, һәм шығыс-мұсылман мәдениеті мен философиясында өз орнын табатындығы даусыз.

Пайланған әдебиеттер тізімі

Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., XX ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017.

Есім Ғ. Қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық ой-сана // «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы Марал ишанның 230 жылдық мерейтойына арналған ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2010.

Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым.
– Алматы: «Білім», 1998. – 256 б.

Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. – Алма-
ты: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 280 б.

Уалиханов Ш. (1985) Таңдамалы. Алматы: б. д. 50-680-г171-
а197- в200-е300.

Алтынсарин Ы. (1884) Үш томдық шығармалар жинағы Т II.
Қазан: б. а78- 694- в146 Алтынсарин Ы. (1988) Тазабұлақ. – Алма-
ты: б. 306.

Абай (1986) Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы:
б. а100- г109-д110- б119- в158- е171.

Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алма-
ты, 2008. – 384 б.

Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО»
ҒӨФ, 2004. – 535 б.

Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы,
2008. – 568 б.

Құдайбердиев Ш. Жастарға. Кіт: Шәкәрім Құдайбердіұлы.
Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы, 1988.
– 560 б.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық
жинағы. Қажыма, ойым, қажыма. Т1: Өлеңдер – Алматы:
Халықаралық Абай клубы, 2008. – 408 б.

Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан,
1994. – 208 б.

Көпеев С. «Жұлдызға хат» // Жұлдыз журналы. – 1994. – № 9.
– 162-164 б.

Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т.1. – 274 б.

Бейсенов Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік
фило софиясы. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
– Алматы, 2002. – 20 б

Көпейұлы М.Ж. Алла құдіреті. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003
– 18 б.

Абай және Мәшһүр Жүсіп: көркемдік үндестік // Қазақ тілі
мен әдебиеті. – 2005. – №10. – С. 3-10 б.

Тұрсынова Б.Ә. Қазақ әдебиетіндегі имандылық мәселесі (Абай Құнанбаев пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары негізінде // «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік ғаламат» атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ. – 282-284 б.

Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 2002. – Т.2. – 58 б.

Көпеев М.Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1992 ж.

Жүсіпбек Ғ., Сатершинов Б. Қазіргі діни ахуал және дәстүрлі ислам құндылықтарын қайта бағалау // «Діни радикализмнің алдын алу шаралары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Орал: Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі, 2014 жыл. – 15-20 б.

Ысқақұлы Д. Абайдың қара сөздері іспеттес жазбалары бар // Аңыз адам. – 2013. – № 19 (79). – 28 б.

Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – Т.2. – 290 б.

Алдабергенов Т. Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

Құдайбердіұлы Ш. Білімділерге бес сауал [http:// www.kultegin.kz/#!1_11_491](http://www.kultegin.kz/#!1_11_491)

Aldabergenov T. Mashhur Zhusip pen Shakarimnin songy kezdesui. – Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2013. – 359 b. [in Kazakh].

Kudajberdiuly Sh. Bilimdilerge bes saual [http:// www.kultegin.kz/#!1_11_491](http://www.kultegin.kz/#!1_11_491) [in Kazakh].

Калдыбеков Н.С.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МЕН Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ АҚЫРЕТКЕ СЕНІМ МӘСЕЛЕСІ

Жалпы Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығында болсын, Шәкәрімде болсын иман шарттарына баса назар аударылады. Соның бірі ақыретке иман. Ақыретке сенім – иман шарттарының бірі. Құран Кәрімде ақыретке сенім мәселесінің Исламның негіздерінің бірі екендігін білдірілген және де Аллаға иман етуден кейінгі орында осы ақыретке сенуді парыз еткен. Алла Тағала пайғамбары арқылы жіберген діні арқылы адамзат қоғамын өзгертуді мақсат етеді. Ал мұның іске асуында ақыретке сенім мәселесі елеулі орынды алады. Ақыретке деген сенім адамды о дүниеге дайындық жасауына итермелейтіндіктен Құран Кәрімге иман етуіне, ал Құранға иман ету ақыретке иман етуге итермелейді. (Әнғам, 6/92) Мәшһүр Жүсіп бұл туралы:

Жігіттер, қияметтің болуы хақ,

«Рас!» - деп тасаттық етісіп бақ.

Азырақ қадірімше сөз шығардым,

Артық сөз айтуыма зейінім шақ, - деп шегелейді [1. 24 б.].

Мәуеренаһрлық ғалым имам Матуридидің көзқарасы бойынша ақыретке сенімнің бұл дүниедегі күнә мен қылмыстың азаюына айтарлықтай ықпалы бар. Ақырет мәселесін қозғаған аяттардың күнәға қадам басқан адамның жүрегіне күнә жасамас бұрын қорқыныш пен уайым салатын ықпалы бар. Адам баласын өзінен басқа тіршілік иелеріне жауыздық жасаудан немесе жауыз болудан тосатын екі себеп бар. Ол жасаған

кылмысының жазасын бұл дүниеде бір күні болмаса басқа күні тартатындығы. Екіншісі жасаған жамандығының жазасын бұл дүниеде болмаса арғы дүниеде яғни, ақыреттің күнінде көретіндігін білуі. Жамандықтар мен зұлымдықтардың жазасы бұл дүниеде тиісінше берілмей жататындықтан ақыретке сенген адам жамандық жасаушының жазасы ақыретте сөзсіз берілесіндігіне сенім артып, жаны жай табады [2. 155, 157 бб.].

Матуриди ақыретке сенімнің адамның жасаған бүкіл істерінің түпкі ниетін нақтылап, оны анықтайтынына ишарат етеді. Оның айтуынша өлімнен кейінгі өмірдің болатынына иман ету мүмін мен кәпірдің амалдарындағы ниетті бір-бірінен ерекшелейді [2.І. 225 б.]. Мүмін адам жасаған амалдарының қарымы ақыретте берілгенін қалайды және сол мақсатта әрекет етеді. Ал кәпір болса, не жасаса да көзге көрінетін нақты пайданы көкसेп, қарымын осы дүниеде алып қалғысы келеді. Ол осы ниеті арқылы мүмінге қарағанда әлдеқайда аз табысқа қол жеткізеді.

Мәшһүр ақын:

Ойласаң, ақыреттің бәрі қиын,

Тірлікте ғибадат қып, хаққа сиын!

Бұл күнде жамандықтан тыйылыңыз,

Алланың көрем десең жұмақ үйін, - деп жырлайды [1. 22 б.]. Ақыретке деген сенім адамды құлшылық жасауға итермелеумен қатар, оның құлшылықтағы ниетіне де ықпал етеді. Ақыретке сенбейтін адам өзіне жүктелген міндетті ауырсынады, орындауға қиналады. Ал, ақыретке сенген адам болса, қандай істі атқарса да оны Алланың разылығы үшін немесе адамдардың алдындағы міндетім деп біліп, ықыласпен жасайды. Садақа берсе оны өзімнің мал-мүлкім деп санамайды. Керісінше Алланың өзіне берген дүниесі әрі мұқтаж жандардың ақысы деп біледі. Бұл сенім садақа жасаушы мен оның мал-мүлкі арасында нәзік байланыс орнатады. Тіпті ол

берген садақасы мен жасаған құлшылығының қабыл болып-болмағандығы және өзіне берілген нығметтердің шүкірін өтеп-өтемегендігі турасында уайым шегеді. Ақыретке деген сенімі жоқ мүшріктер болса, ақыреттегі қайта тірілуді жоққа шығарғандықтары себепті дүниеге беріліп, садақа жасаудан жалтарады [2. 440 б.].

Матуридидің айтуынша ақыретке сенім адамның құндылықты бағалау көкжиегін кеңейтеді. Ақыретке сенбейтін адамның құндылығы бұл дүниемен шектелгендіктен ол үшін байлық пен мансап адамды адамнан артық ететін нәрсе ретінде бағаланып кетеді. Ал ақыретке иман ету болса адамға нағыз байлықтың не екендігін ұқтырады. Демек, шын мәнісіндегі байлық – бұл адамды ақыретте жетістікке жеткізетін сипаттар яғни, көркем мінез-құлық [2. II, 548 б.] Мұндай сипаттар көрініс тапқан қоғамнан әлсіздерге жәрдем беріліп, өзгелер үшін жанқиярлық жасап, өзінен гөрі басқалардың бақытты болуын қалау секілді көркем мінездерді көруге болады. Бар ықыласы тек дүниеге ауған адам бұл дүниеде өзіне берілген мал-мүлік, күш-қуат және басқа да мүмкіншіліктер арқылы мәңгілікке қол жеткізем деп ойлайды. (Һумаза сүресі, 3-аят) Мұндай ойдағы адам зәулім сарайлар мен берік қамалдар салып тыраштанады (Шұғара сүресі, 129-аят) да бүкіл мүмкіншілігін осы дүниеге жұмсайды. Ал ақыретке иман келтірген адам болса бұл дүниеде өзіне берілген мүмкіншіліктің бәрін мәңгілік өмірдегі бақытына қол жеткізу үшін сарп етеді.

Матуриди өлімнен кейінгі өмірдің болатынына сену мұсылманның құлдық дәрежесін асқақтатып, құнды ететіндігін айтады. Ақыреттегі жан төзгісіз азап пен жанға жайлы ләззаттардың түпкі мақсаты адамдарды тыйым салған істерден тыю және жақсылыққа үндеу болып есептеледі. Бұл адамды мейлінше діндарлыққа итермелейтіні анық [2. I. 218 б.]. Имам Матуриди **«Шынтуайтында, Алладан құлдарының арасы-**

нан тек ғұламалар ғана шын именеді» (Фатыр сүресі, 28-аят) деген аяттағы ғұламалардың Жаратушыға деген шексіз құрметі мен ұлықтауларына түрткі болған нәрсе де осы ақыретке деген сенім екендігін алға тартады. Себебі ғалымдар Алланың әмірлері мен тыйымдарының артында Оның жазасы мен сыйы тұрғандығын жақсы білгендіктен Одан шынайы түрде қорқады. Ал ақыретке деген сенімі жоқ адам болса, Алланың сыйы мен жазасынан хабары болмағандықтан қорқу сезімі оның бойынан табылмайды [2. IV.180 б.].

Адамның нәпсісі жаман нәрселерді қалайды. Ал ақыл болса, тек жақсы нәрселерді ғана қабылдайды. Ақыретке сену адамның тойым білмес нәпсісіне тосқауыл қоюына, ақылмен іс қылуына және ақыретте сауапқа кенелтетін игі істер жасауға ұмтылдырады. Ал жүрегінде ақыретке деген сенімі жоқ адам қарымы ақыретте болатын істерге құлықсыздық танытады. Себебі, Адият сүресінде айтылғандай адам баласының дүниеге деген сүйіспеншілігі қатты.

Зұлымдыққа ұшырау, басқалардан зәбір көру секілді бұл өмірдегі қиыншылықтарға қарсы тұра алмаса да ақыретке иман еткен адам үшін бұл қайғыратын мәселе емес. Себебі ол залымдар өздерінің зұлымдықтары үшін тиісті жазаларын алатындығын жақсы біледі. Ал қиямет күніне сенбейтін адам үшін мұндай қиыншылықтар мейлінше ауыр тиеді. Сонымен қатар мүмін адам дұшпанынан жеңілгеннің өзінде ақыретте жетістікке жететіндігін біледі. Себебі, Алла жолында жанын қиғандандың өлмейтіндігін Құран аяты білдіреді (Әли Имран сүресі, 169-аят.).

Ақыретке сенудің адам өмірінде айтарлықтай орны бар. Бұл дүиенің жаратылуындағы мақсат – адамның ақырет өміріне азық жинауы болып табылады. Адам тойым білмес нәпсісін қанағаттандыру үшін жаратылмаған. Мұны жақсы түсінген, ақырет әлемінің ақиқат екендігіне жан жүрегімен сенген адам

қасиетті аятта сипатталғанындай Жаратушыға: **«Уа, Раббымыз! Бізге осы дүниеде жақсылық бере гөр! Ақыретте де жақсылық бере гөр және бізді тозақ отынан сақта!»** (Бақара сүресі, 201-аят) деп жалбарынып екі дүниесін бірдей ойлайды.

Ақыретке иман етуге тосқауыл болатын себептер

Адамды ақыретке сенуден тосатын себептерді былайша тізбектеуге болады: Аллаға иман етпеу, дұрыс мағлұматтың тиісінше алынбауы, алдыңғы толқындағы адамдардың соңынан көз жұма еру, тәкәппарлық және дүниеге бой алдыру секілді себептері бар.

Аллаға иман етпеу

Жалпы бір Құдайдың барлығын мойындаған адам бұл дүниеден кейін ақырет өмірінің бар екендігіне өздігінен сенеді. Себебі, тарихта өткен қауымдардың арасындағы Құдайға сенгендерінің барлығында ақыретке деген сенім болғаны дәлелденген нәрсе. Ал, иләһи діндерде ақыретке деген сенім екі бастан бар.

Имам Матуриди бойынша иман дегеніміз – жүрекпен бекіту, ал оны қуаттайтын нәрсе – білім болып табылады. Алайда бұл білім тек махсусат (бес сезім мүшесі арқылы сезіп біле алатын заттар) пен маъқулат (нақылға (діни мәтін) сүйенбеген бірақ, ақылға қонымды нәрселер) үшін ғана қажет. Бұл дүние ақыреттегі мәңгілік өмірдің кішкентай бір мысалы болып табылады. Алайда мұны жүрегінде иманы бар адам ғана түсінеді [3. 202 б.].

Адамның ақиқатты тануында иманның рөлі үлкен. Адам бір нәрсені көре алу үшін ең оның көруге талпынысы болу керек және көруге мүмкіндік беретін жарыққа мұқтаж болады.

Осы екі нәрсе болғанда ғана көру процесі жүзеге асады. Ал бұл екеуінің бірі кем болса онда адам көре алмайды. Дәл сол секілді адам ақиқатты тану үшін екі нұрға мұқтаж. Біріншісі жүректің нұры. Бұл – иман. Екіншісі болса, бұл сезімдердің нұры, яғни олардың сау болуы. Егер мұның біреуі адамда болмаса ақиқат тани алмайды.

Құран Кәрімде азаптың қалай болатындығы сипатталғанда жүрегінде иманы жоқ кәпірлер азаптың қашан болатындығын сұрап мазақ қылады. Ал мүмін адам болса, азаптың болатындығына сеніп, қорқынышпен тыдайды. Бұл иман етудің аяттарды түсінудегі әсеріне жақсы мысал.

Дұрыс мағлұматтың тиісінше жетпеуі

Адамның ақыретке иман етуіне кедергі болатын нәрсе ол шайтанның Алланы ұмыттыруы һәм Одан алыстатуы. Ол мұны адамға қайта тірілу болмайды, жәннат пен тозақ жоқ деген секілді ойлар салу арқылы жасайды. Өмір осы дүниемен шектеледі, дүниедегінің бәрін көріп қалу керек деген сықылды ой салып ақырет жайлы ойлаудан тосады. Мәшһүр ақын бұл туралы:

Білсеңіз бізге дұшпан шайтан-дағы,

Бір Алла түзу жолға салсын тағы.

Ақыры өзі ғасы малғұн болды,

Адаммен келісе алмай ынтымағы, - деп жырлайды [1. 23 б].

Ислам ойшылдары адамдардың көбінің ақырет өміріне ғапылдық танытуын олардың ақыл мен сезімді дұрыс пайдаланбаумен және дұрыс ақпарат алмауымен байланыстырады. Мұндай ойсыз өмір адамдар арасында көптеп тарағандықтан ақыреттен хабарсыз болу сипаты жалпы адамзатқа тән құбылыс. Адамдардың көбі тез әрі жақын арада нәтиже көргісі келетін нәпсілеріне еріп өмір сүреді. Ал ой жүгірту арқылы

қол жеткізетін мағлұматтардан ұзақ болып, күдік ішінде жүреді. Бұлар жаратылыстағы хикметтерге үңілмегендіктен парасат-пайымдары тек осы дүниемен шектеліп, туылу мен өлудің барлығына мән кіргізетін ақыретке деген сенімнен алыс болады. Матуриди жүректердің құлыптанып қалуының себебін жаратылыстағы хикметтерді үйреншікті нәрсе деп қабылдаудан дейді. Өзіне жеткен білімді қажетінше дұрыс қолданбағандықтарын жәһаннамдықтардың мойындаулары (Мүлік сүресі, 10-аят) осының дәлелі.

Тәкаппарлық

Тәкаппарлық – адамның өзін өзгеден жоғары қоюы немесе өзгелерге мұрын шүйіріп қарау деген мағынаға саяды. Өркөкіректік пен тәкаппарлық шайтанның Адамға (аләйһис сәләм) сәжде жасауына кедергі болғаны секілді, адамның да ақиқатты мойындауына ең үлкен тосқауылдың бірі.

Имам Матуриди Құрандағы «Сонда Мұса: «Мен жауапқа тартылатын күнге сенбейтін әрбір тәкаппар озбырдың кесірінен сақтану үшін менің де Раббым, сендердің де Раббыларың болған Аллаға сыйынамын», - деді» (Мүмін сүресі, 17-аят) деген аяттың тәпсірінде: «Аятта Мұсаның (а.с.) есеп беретін ақырет күніне сенбеген тәкаппардан сыйынғаны айтылады. Бұл дегеніміз, бір Алла Тағаланы, елшілерін және ақырет күнін мойындамаған әрбір тәкаппардан бір Жаратушыға сыйыну керектігін ұқтырады» [2. XII. 112 б.] деп, тәкаппарлық дерті Құран Кәрімде келген ақырет туралы аяттарды түсініп, соған иман етуге кедергі жасайтыны білдірілген. Өйткені, тәкаппарлық негізінде менмендік болғандықтан, ақылға жүгінуге мұрша бермейді. Бұл жаман қылық болмысына сіңген адамның ақырет әлемі жөніндегі сүйіншілер мен ескертулерді мойындамауы арта түседі. Құран Кәрімдегі аталмыш аятта

ақыретті мойындамау болса, тәкаппарлық сипаты екенін айтады. Шәкәрім тәкаппарлық дертінен иманнан жырақтауды сынның тезіне алып былай дейді:

Өлімнің хақ екенін көрсен де,
Өлместей омыраулап шатасың.
Дозақтың барын біліп жүрсен де,
Күнәға әлің келсе, батасың [4. 35 б.].

Қасиетті Құранда: «Сондай-ақ, қиямет-қайым орнайды деп те ойламаймын. Ал, егер (сенің айтқаның келіп) қиямет орнап, Раббыма бара қалсам, онда бұдан да қайырлы нәтижеге қол жеткізетіндігімен (яғни, бұдан да мол байлыққа кенелетіндігіме) күмәнім жоқ», - деді» (Кәһф сүресі 36-аят) деп бұл дүниеде өздеріне берілген мүмкіндіктер (мансап, байлық, күш-қуат т.б) тәкаппарлыққа апаратын психологиялық себептердің бірі екені айтылады. олардың түсінігінде, осы өмірдегі атақ немесе байлыққа лайық жандар, о дүниеде де сол нығметке ең лайық болып есептеледі. Ал, кедей немесе қарапайым халықтың бірі болуы кемшілік саналады. Мұнымен қоса, оларға пайғамбарлық міндеттің берілмеуі де иман етпеулерінің бір себебі. Өйткені, Мекке мүшріктері атақ пен байлықтарына мастанып, хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен мұсылмандарды өздеріне бағынышты, мұқтаж жандар қатарында қарап, пайғамбарлық сынды міндет келсе, өз араларынан біріне келуі керек деп ұқты. Алайда, олар бұл ұлы міндетті Алла Тағала сүйікті құлына сыйлайтынын білмеді. Әрі дүние тіршілігі де сынақ екеніне ой жүгіртпеді.

Тақлид (көзсіз еру)

Ақыретті мойындамаудың ең маңызды себептерінің тағы бірі – ақиқатты үйренуде өзінің ақыл-парасатын, ерік-жігерін қолданбау. Істің ақ-қарасын ажыратпай алдыңғылардың жо-

лымен жүру. Міне, бұл тақлид делінеді. Ислам мұндай көзсіз ерушілікке тыйым салады. Қасиетті Құранда: «Оларға: «Алланың түсірген Кітабына еріндер (соны басшылыққа алындар) делінсе, олар: «Жоқ, біз керісінше, ата-бабаларымыздан не көрсек, соны ғана басшылыққа аламыз», - дейді. Сонда, ата-бабалары еш нәрсеге ой жүгіртіп, тура жолда болмаған болса да ма?» (Бақара сүресі, 170-аят) деген.

Имам Матуриди: «Мекке халқында тақлид ісі кеңінен тараған еді. Олар пайғамбарлықтың ашық дәлелі Құранды көре тұрып иман етпеді. Біз «Ата-бабамыздың жолынан таймаймыз» деген сөздерінен танбады. Дәлел-дәйекке сүйенуді негіз еткен Ислам дінінің бір сыры да сол көрсоқырлық танымынан айықтыру еді. Ал, соңғы пайғамбар Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), оның сахабаларына және әһлі сунна уал жамаға имамдарына еру болса, бұл көрсоқырлық тақлидқа жатпайды. Себебі, бұлардың жолы – Құран аяттары мен хадис шәріптердің негіз еткен, дәлелдік күші бар жол» деп, ақыл жүгірте отырып ақиқатты табуды ақида ілімінің негізгі қағидаларының бірі ретінде қабылдады. Ал, ой жүгіртпестен кара дүрсін еліктеушілікті ақиқатқа жетуде негізгі кедергі деп санады.

Дүниеге бой алдыру

Ақыретке сенім, адамның мәңгілік өмірге деген құштарлығын арттырып, қамшының сабындай қысқа бұл дүниеде адамның жеке мүддесін ғана ойлау секілді түсініктен арылтады. Ал, ақыретке сенімі боламаған адам Құранда баяндалатын Қарын байдың кебін киері хақ. Кезінде оған байлық ақырет пайдасы үшін берілген еді. Алайда ол байлығына мастанып, ақыретті ұмытты. Сөйтіп, ауыр азапқа ұшырады. Шәкәрім қажы бір өлеңінде:

Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің.
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды, нетесің?
Мал үшін жан қиып едің,
Қайтіп алып кетесің? – деп түйеді [4. 35 б].

Имам Матуриди Құрандағы: «Кәпірлердің мал-мүліктері, балалары Алланың жазасы алдында еш септігін тигізе алмайды. Олар – тозақтың отыны» (Әли Имран, 10-аят) деген аяттың төңірегінде: «Олар дүниеде мал-мүлкі және балашағасын көмекке шақыратын. Әрі олар көл-көсір байлығы мен жақындарының көптігін қияметтің азабына арашашы болады, қиын сәтте көмектеседі деп ойлады. Бірақ Алла Тағала бұлардың ешқайсысы көмектесе алмайтынын ескертті» [2. II. 251 б.] деп, тойымсыз нәпсінің тәрбие көрмей, жүгенсіз кетуі, уақыт өте келе сол адамның бүкіл істеріне билігін жүргізетінін айтады. Сол кезде адам өзінің дүниеқұмарлық, сарандық сынды әрбір іс-әрекетін қалыпты жағдай деп қабылдайды. Ақыретте сол нығметтердің сұрауы болатынын ұмытады. Негізінде ғайыпқа иман етудің әділетті қоғам мен тәрбиелі ұрпақтың қалыптасуына ықпалы зор. Ақыретке сенудің мұсылман өміріндегі маңызы.

Ақыретке иман етудің жемісі мен оның адам психологиясына әсері

Қазіргі технология дамыған замандағы бізді қоршаған физикалық һәм психологиялық жағдай біз талап еткен бақытты өмірді бере алып жатқан жоқ. Себебі, рух саулығын қамтамасыз ететін тұлғалық қасиеттеріміз бен қоршаған ортамен байланысымызды тиісінше бақылауда кемшін тұстар жетерлік.

Жаһандану процесінің әсерінен өз құндылықтарымыз бен жеке тұлғалық қасиеттерімізге үңілуді назардан тыс қалдырған жайымыз бар.

Діннің өзегі саналатын уахи мәселесін жоққа шығаратын модернизм адамды екіұдай жағдайда қалдырды. Ол ең алдымен адамды адам етіп тұрған рухты мойындамау арқылы адамды тек ет пен сүйектен тұратын физикалық болмыс ретінде қарастырды. Модернизм ұсынған мұндай материалистік көзқарас адамзатқа жасалған үлкен зұлымдық деуге әбден негіз бар.

Бүгінгі таңда ғылым мен технологияның арқасында қоғамда айтарлықтай ілгерілеу болғанымен, бірақ мұнымен қоса діни сенім мен рухани құндылықтар мәселесінде әлсіреу байқалды. Нәтижеде ешнәрсеге қызықпайтын мақсатсыз жандардың қатары көбеюде. Өмірде кездесетін қиындықтар мен белестерге төтеп бере алмайтын, үмітсіздікке көп салынатын және суицид, өмірден түңілушілік секілді әртүрлі рухани дерттерге шалдыққандардың қатары артуда.

Бүгінгі таңда материализмнің алдыңғы қатарға шығуы себепті адамзат рухани тұрғыдан мүгедектің күйін кеше бастады. Бір кездері бақытты да тыныш ғұмыр кешіп жүрген жастар бүгін ішімдік, құмар ойнау, зинақорлық секілді жаман әдеттерге бой алдырды. БАҚ-та көрсетілетін фильмдердің басым көпшілігі қылмыс пен теріс әдеттерді, моральдық құндылықтарға қайшы келетін дүниелерді насихаттап, балалар мен жасөспірімдерге теріс бағыт беріп жатыр. Балиғат жасына дейін де, одан кейін де балалардың көретіні шаһуатты оятып, нәпсіні қытықтайтын картиналар, фильмдер және жазулар. Мұндай нәрселер олардың жан дүниесін алай-дүлей етері анық. Жалпы адам баласының табиғаты бірқатар нәрселерден ләззат алса, кейбір нәрселерден қорқады. Біз өмір сүріп отырған жаңа ғасыр адамзатқа бірқатар жақсы жақтарымен келді, сонымен қатар санаға үрей салатын тұстары да бар. Қазір жердің қайсыбір бұрышында орын

алған жантүршігерлік оқиға не қылмысты дамыған технология арқылы бүкіл жер бетіне бір сәтте тарайды. Осы секілді және бұдан басқа да өмірдің көлеңкелі тұстары адамды болашақта болатын өлім секілді қорқынышты нәрсе мен өмірдің қиын белестерін есіне салып жүрегіне үрей салады. Бұл туралы Шәкәрім:

Ғылым деп уды жегізді,
Денесіз зат жоқ дегізді.
Дәлелсіз пәнмен перделеп,
Тапқызбайа қойды негізді, - дейді [4. 111 б.].

Өміріне мән кіргізетін діни сенім мене рухани құндылықтары санасынан әлсіреп не өшу арқылы менмендігі күшейген жаңа заман адамының үмітсіздігі оны қауіпті жағдайға алып келуде. Елімізде соңғы жылдары болашаққа деген үміті сөніп, өмірінен мән кету арқылы суицидке баратын адамдардың көбейіп кеткеніне бәріміз куәміз. Мұндай халге түскен пенде кейдесіндегі рухани бостықты ішімдік ішумен, есірткіге әуестенумен бір сәт болсын ұмытқысы келеді. Бұл теріс қылықтар проблемасын шешпейтініне көз жеткен сәтте адамның жігері құм болып, соңғы шешім жолы ретінде суицидті таңдайды. Бұл түйткілдің шешімі бар. Мұндай халге түскен жан Аллаға және ақырет күніне иман ету арқылы ғана сөнген үміті қайта жанып, өмір сүруге құлшынысы артады.

Ұлы Жаратушының өзіне жақын екенін, өзін құлым деп жақсы көретініне сенген адамның жүрегі жай табады. Әдетте адамның жүрегіндегі сенім оны өмірдің қиындықтарын оңай еңсеруіне жәрдем береді. Бұған қоса, ақыретке деген сенім мүміннің осы дүниеде көрген қиыншылықтарының қарымы ретінде арғы дүниеде сый-сыяпатқа бөленетінін есіне салып сүйіншілейді. Мұндай сүйінші хабар пенденің басындағы қиыншылықтарды жеңілдетеді.

Адамның табиғаты өзі жақсы көретін нығметтердің дәмін бұл дүниеде татқанымен оған көңілі толмайды. Уақытша

ғана болатын, өткінші нығметтерден уақыт өте келе жаны жабырқайды. Күндердің күнінде өзі де бұл өмірден өтетінін, жақсы көрген нәрселерінен қол үзетінін ойлағанда рухы құлазып, күйзеле түседі. Сөйтіп жан дүниесінде бостық пайда болады. Міне, осы бостықты ақыретке деген сенім ғана толтырып, жабырқаған жанын жадырата алады.

Негізінде осы дүниедегі нығметтердің кәміл түрін адамның еш жерден таппауы оны ақырыет өміріне дайындауы деуге болады. Дүниедегі әсемдіктердің дәмін татқан пенде одан да жақсысын және мәңгі жасайтынын қалайды һәм іздейді. Мұны әрине ақыретке деген сенім шешеді. Бұл жайлы Құранда былай делінеді: «(Уа, адамдар! Бұл дүниеде) өздеріңе берілгеннің бәрі қу тіршіліктің болмашы бұйым-боқшасы мен өткінші сән-салтанаты ғана. Ал Алланың сендер үшін сақтаған (ақыреттік) сый-сияпаты болса, әлдеқайда қайырлы һәм мәңгілік. Әлі де ақылға салып ойланбайсыңдар ма?!» (Қасас сүресі, 60-аят.)

Діннің адамды дұрыс іс-әрекетке бағыттау миссиясы – рухтың саулығын қорғайтын маңызды фактор. Адамдардың қайсыбір ісінің қарымына арғы дүниеден өтем күтуі қоғамға берер пайдасы орасан.

Ақыретке деген сенім адамның орталық жүйке жүйесіне аса пайдалы әсер береді. Себебі, ақырет сенімі адамға кері әсерін тигізетін бірқатар зиянды қасиеттерден қорғайды. Бұл сенім адамды өзгелердің қамын ойлауға итермелейді. Жүрекке өзгелерге деген дұшпандық пен бақталастықтың оянуына жол бермейді. Тіпті дұшпанның өзіне мейіріммен қарауды насихаттайды. Жалпы Ислам діні адамның жүйке жүйесінің саулығын қамтамасыз ететін дін. Алкоголдің ішімдіктерге үзілді-кесілді тыйым салуы, зинан терістеуі, отбасы құндылықтарын қорқаштауы, жақсылық пен жамандық Алладан деп білу сенімі, зекетті парыз ету арқылы өзгелердің қамын ойлауды үйретуі, тәуекел мен қанағат секілді ұғымдардың санаға сіңіріу арқылы

рухани тепе-теңдікті сақтауы, дүниеге байланып қалудан да, дүниден біржола баз кешуді де құптамайтын принциптері, мұның барлығы адамның бақытты ғұмыр кешуіне қолайлы жағдай қалыптастырады.

Ақыретке сенімнің адамды теріс істерден алыстатуы

Адам биологиялық, психо-социологиялық және мәдени ерекшеліктерге ие жаратылыс және бұл ерекшеліктері оның іс-әрекетінен көрініс табады. Құранда:

«Жоқ, олай емес! Ізгілікке кімде-кім Алланы көріп тұрғандай, ең болмағанда Алланың өзін көріп, бақылап тұрғанын жадында ұстап ізгі істер атқаратын игілікке жаны құштар ізгі жан ретінде жан-тәнімен бір Аллаға бойсұнса, оның Раббысының дәрегейінде алар сыйы бар. Ондай жандар үшін (Алланың Өзі жар болатындықтан әсіресе ақыретте) ешқандай қорқыныш жоқ һәм олар әсте жабықпайды» (Бақара сүресі, 112-аят), - делінеді. Мәшһүр Жүсіп бір өлеңінде:

Жасынан бойын бағып құдай деген,

Айтпайды жаман сөзді Алла деген.

Істеген жақсылығын рия қылмай,

Күндіз-түн ақыреттің қамын жеген, - деп түйеді [1, 25 б.]. Ақыретке иман адамды сергек өмір сүруге, ешкімге зиян бермеуге итермелейді.

Бұл өмірді иманмен өткізген жан ізгілікке жаны құмар болып, ақыретке әзірлік жасайды. Себебі, Құранға иман еткен жан негізгі шынайы өмір ақыретте болатындығын жақсы ұғынады. Ол өлімді естен шығармайды. Ақыретке деген сенімі нық орнаған адам күнә мен әртүрлі жамандыққа алып баратын себептерден де алыс болады.

Негізінде адам табиғаты іс-әрекет шеңберінің әлдебіреулер тарапынан шектелгенін қаламайды. Ал дін адамның

қалау сезіміне белгілі бір өлшем мен тепе-теңдік қоюға мүдделі. Сол себепті мүмкіндігінше адамның қалауларын шектейді, бақылайды, кейді тіпті оған тосқауыл қояды. Осы тұрғыдан қарағанда адамның жасаған заңы мен діннің әмір-тыйымдарының адамның ожданы мен рухына қойған бақылаушы функциясының әсері екі түрлі екенін байқаймыз. Заңдар пендені адамдар жоқ жерде, таса жерде болған кезінде бақылай алмайды. Заңдар адамзат қоғамын ретке келтіруде, дамытуда және әлеуметтік қауіпсіздікті тиісінше қамтамасыз ете алмайтындықтан оларды рухани тұрғыдан бақылауға алатын бір күшке қажеттілік бар. Бұл әрине дін. Дін пенденің жүрегіне оның барлық іс-әрекетін қадағалайтын бақылаушы орнатады. Пенде ел-жұрттың көзінен таса жерде жүргенде оған заң әсер ете алмайды. Мұндай сәтте дін біздің әрбір әрекетімізді көріп, біліп тұратын Құдайдың бар екенін еске салып, санада жаңғыртып тұрады.

Адам Алланың нығмет беруші және есепке тартушы екендігін түсінген кезде оның қойып берген шекарасынан шықпауға тырысады. Мұндай адамда жауапкершілік сезімі оянады. Ал жауапкершілік сезімі адамның өз-өзін бақылауын қамтамасыз етеді. Бойында жауапкершілік сезімі жоқ және ертең есепке тартылатынын білмейтін жанда моральдық жауапкершіліктің болуы екі талай. Адамның бойына жауапкершілік сезімін орнататын ең ықпалы факторлардың бірі Аллаға деген сенім және ақырет күніне иман. Себебі, жүрегінде мұндай сенімі бар адам ешбір әрекеті назардан тыс қалмайтынын, әрбір ісіне ақыреттің күнінде жауап беретінін жан жүрегімен сезінеді. Ақыретке иман қоғамдағы адам ақысын жеу әрекетінің, бүліктердің, зұлымдық пен қылмыстың алдын алады. Жүрекке нық орнаған ақыретке деген сенім адамды игілікті іс істеуге, жамандықтан бойын аулақ ұстауға, туралық пен әділдікті ұстануға итермелейді.

Ақыретке деген сенім базбіреулер ойлағандай тек о дүние үшін сауап жинау жолы емес, сонымен қатар бұл өмірде де жақсылыққа ұмтылу, жер бетіне ізгіліктің дәнін таратуға түрткі болады. Соның нәтижесінде адам хайуани қажеттіліктері мен нәпсінің жетегінде кетуден арылып, бойында жауапкершілік оянады. Сенімі бекем, рухы тәрбиеленген, ожданы таза адам қандайда бір жамандықпен бетпе-бет келген сәтте оны бұл райынан ожданы қайтарады.

Иманды адамның сипаттарын былайша тізбектеуге болады: мүмін адам Аллаға, пайғамбарларына, кітаптарына, періштелеріне, ақырет күніне, қайта тірілуге, есеп-қисапқа, жаннатқа, жаһаннамға, ғайыпқа және тағдырған иман етеді. Ізгі іс жасап, намаз, ораза, зекет, қажылық, дүние-мүлікпен де, жанымен де Алла жолында күресу секілді парыздарды жүзеге асырады. Әрдайым Алланы еске алып, оған арқа сүйейді. Адамдармен көркем мәміледе болып, оларға жәрдемдеседі, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыяды. Қашанда кешірімшіл, өзгенің қалауын өз қалауынан жоғары қояды. Пайдасыз істерден алыс, ата-анасы мен туыстарына жақсылық жасайды. Әйелі мен балаларына жақсы қарап, оларды асырайды. Сабырлы, жұмсақ, әділетті, аманатқа қиянат жасамайды. Аллаға және адамдарға берген уәдесін орындайды әрі кішіпейіл.

Ақыретке иман дегеніміз мәңгілік өмірге деген сенім. Бұл дүниеге ілім алып, ізгілік жасау үшін, сол арқылы ақыретке қол жеткізу үшін келгендігін және о дүниедегі бақытты өмірге жету бұл дүниедегі ілім мен ізгі амалға байланысты екендігіне сенген пендеге не қоғамға ақыретке деген сенімнің мынадай оң әсерлері бар:

1-Ақыретке иман еткен жан ақыл-ойы мене мінез-құлқын дұрыс әрі ақиқи білімдермен көркемдей түседі.

2-Адам ақыретке деген сенім арқылы Алла тағала тарапынан өзіне берілген ақыл-ой қабілеттері мен адамдық ерекшеліктерін жаратылыс мақсатына қарай қолданады.

3-Адам бұл сенімнің ішінде болса, туралықтан таймайды.
4-Дүние тауып, байығысы келсе, оны адал жолмен табады.

5-Қулық-сұмдық пен алдау-арбаудан және паракорлықтан ада болады.

6-Өз құқының шегін біледі, өзгелердің де құқығына қол салмайды.

7-Өзіне жүктелмен міндеттемелер мен жауапкершілікті тиісінше әрі уақытылы орындайды.

8-Қолындағы дүние-мүлкін орнымен әрі пайдалы істерге қолданады.

Ақыретке иман етудің адам ожданмен байланысы

Ақыретке иман адам баласының практикалық өміріне әсер етуі үшін оның жан дүниесіне өзгеріс жасауы қажет. Себебі, адам баласы ой-пікірімен, сезімдерімен қандайда бір нәрсені қабыл етпесе, ол нәрсе оның іс-әрекетінен көрініс таппайтыны анық. Болашақта мәңгі жасайтынынан хабардар болу адамның осы өмірге деген көзқарасын, ұстанымдары мен дүниетанымын анықтайды. Өйткені, болашақта сөзсіз келетін күнге жеткенше адам небір қиын жолды жүріп өтеді. Ауыртпашылығы көп аталмыш ұзақ жол адамды сергектікке, сабырлы болуға, үмітті үзбеуге және жауапкершілігі жоғары ұжданға ие болуға итермелейді. Ақыретке деген иман адамның бірқатар қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Енді осы мәселені Құран тұрғысынан әрі психологиялық тұрғыдан қарастырайық.

Ождан – адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдеттану санаты (Қазақ әдеби тілінің сөздігі,). Ар-ұждан – адамның өз тәртібін өзінің қадағалауына негізделген, тұлғаның эстетикалық қарым-қатынасымен байланысты қарастырылатын мінез-құлықтық категория.

Белгілі тәпсірші ғалым Хамды Язырдың айтуынша ұждан нәпсіге қатысты ұғым. Бұл нәпсінің өз-өзін табуы және өзіне үкім шығаруы деген сөз. Языр ожданды сыртқы сезім емес, түпсананың түпсанасындағы сезім деп түсіндіреді [5. I. 203 б.].

Толстой ұжданға «адам табиғатындағы шын дұрыс нәрсе ақылға қонымды болуы керектігін білдіретін сезім» деп анықтама берген. Ол кісі ұжданды кәдімгі компасқа ұқсатады. Компасты орнынан қозғаған кезде ғана ол өзінің тиісті бағытын көрсететіні секілді, ұждан да адамның қате қадам жасай бастаған сәтінде іске қосылады [6.17 б.].

Фром ұжданды авторитарлық және гуманистік деп екіге бөліп қарастырады және ұжданның тарих бойы тартысты тақырып болып келгендігін еске салады. Авторитарлы ұждан қандайда бір сырқы күштің, не ата-ананың, мемлекеттің не болмаса қайсыбір мәдениеттің ішіндегі бір күштің үні. Авторитарлық ұждан қандайда бір әсер ететін күш болмаса өз алдына ықпалы жоқ екендігін алға тартқан Фром мұндай ұжданның да адамның жақсылыққа жасауға, ізгілік істеуге жәрдемші болатындығын, алайда қандайда бір ықпалды күштің қадағалауынсыз қалған жағдайда ол қылмыкер ұжданға айналуы ықтимал екенін айтады. Ықпалды күштің нұсқауын іске асырған жанның ожданы жайлылықты сезінетінін айтқан. Авторитарлық ұждан өзі сенген әрі хош көрген ықпалды күштің нұсқауын екі етпеуге тырысып тұратындығы, ал ықпалды күштің нұсқауына мойынсұнбаған жағдайда қылмыскер ұждан пайда болатындығы анық дейді [7.172-176 б.].

Ал гуманист ұждан болса, адамның жеке басының өз функциясын тиісінше жүзеге асырып-асырмауына қатысты көрсеткен реакциясы Гуманист ұждан дегеніміз адамның жеке ұстанымы мен кісілік келбетінің көрінісі. Негізі авторитарлық ұждан адамның мойынсұнуын, өзін пайда етуін, белгілі бір міндетті жүзеге асыруын және қоршаған ортасы-

на бейімделуін қамтамасыз етеді. Ал гуманист ұжданның мақсаты жасампаздық, сол арқылы бақытқа жеткізу. Бірақ адамда ұжданның жоғарыда аталған екі түрі де болатындығын, маңыздысы әрқайсысын өз орнында қолдану қажеттігін тілге тиек еткен Фром авторитарлық ұжданда дін, құқық, отбасы және басқарушылардың ықпалды фактор екенін, ал гуманистік ұжданда адамның ішкі үні ықпалды екенін айтқан [7.188-200 б.].

Жалпы ұждан болмаса адамның адамшылығының қалыптасуы екіталай дүние екені белгілі. Ұждан адамның ішкі сезімдерімен қатар, сыртқы факторлармен де тығыз байланысты. Ұжданның пайда болуына сезім, ақыл және ерік-қалау әсер етеді. Ұжданның негізгі сипаттары мыналар:

А) Жақсыны жаманнан айырады.

Ә) Барлық адамда кездеседі.

Б) Сезім арқылы қалыптасады.

Г) Жақсы нәрсеге тұшынады, ал жаманнан жиренеді, адамға жақсылықтың дәмін, жамандықтың азабын таттырады.

Құранның мақсаты адам баласына ой әрекетіне негізделген құрғақ пікір мен сенімді ұялату емес. Құран өзі алып келген діннің әрі барлық адамды қамтуын, әрі қоғамнан ажырамай адамдармен бірге болуын қалайды. Құран адамның сезіміне тікелей үн қатады. Жалпы Құранды түсініп, оның үкімдерін іске асыруда адам ақылға сүйенеді, ал сол арқылы өзін жақсы сезініп, жаны жай табуы үшін ожданға сүйенеді.

Құрандағы ақырет ұғымының негізінде адамдардың сезімі әрдайым назарға алынады. Тыйым салынған әрбір әрекеттің астарында адамның ішкі әлеміндегі жақсылық жасау сезімін оятуға түрткі болу жатыр. Адамдағы жақсылық періштесі оның ожданы деуге болады.

Ұждан адамның іс-әрекетін бақылауда сыртқы күштерден әлдеқайда ықпалды фактор. Себебі, адам сыртқы күштерден жалтарып кете алады. Алайда әрдайым өзімен бірге болатын ұжданнан қашып құтыла алмайды [7.173 б.].

Ұжданның міндеті адамның іс-әрекетін шектен тыс шектеп, белсенділігін бәсеңдету емес. Ұждан дегеніміз дұрыс ойлаудың, адамгершіліктің, мінез-құлықтың және тәжірибенің бір-бірімен шатаспастан бір араға жиналған қуат көзі.

Ұждан – адам ішіндегі позитивті энергияның сыртқа көрінген түрі деуге болады. Адамның ішінде жақсылық жасау, жамандықтан аулақ болу сезімі бары белгілі. Бірақ біз ұждан деп отырған бұл сезімнің үніне құлақ тұру үшін оны қуаттап отыратын бір сенімге қажеттілік бар. Адам жақсылыққа құмартып, ізгілікке ұмтылуы үшін табиғаты саф таза болуы шарт. Міне сол тазалыққа қол жеткізіп, оны сақтап тұру үшін адамда ұждан жауапкершілігі болуға тиіс. Мұны Аллаға және ақырет күніне деген иман қалыптастыра алады.

«Раббың Адамның бүкіл үрім-бұтағының беліндегі ұрпақтарын шығарып алып, оларды өз-өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?» – дегенде, барлығы бірауыздан: «Әлбетте, біз бұған куәлік етеміз!» – деп жауап берді. Біз мұны қиямет күні: «Расында, біз бұдан бейхабар едік», – деп сылтау айтпауларың үшін істедік. Не болмаса «Бізден бұрын ата-бабаларымыз Аллаға серік қосқан еді. Біз бар болғаны солардан кейін келген, (ата жолын қуғаннан басқа айла-амалы болмаған) кейінгі нәсіл едік. Сонда сол жалған сенімді ұстанып, теріс жолға түскендердің кесірінен бізді құртпақсың ба?» – деп, сылтау айтпауларың үшін солай істедік» (Ағраф сүресі, 172-173 аяттар.).

Фазлур Рахман бұл аятты былай деп түсіндіреді: «Әрбір адам және қоғам әрдайым өзінің ожданына құлақ түріп жүруі тиіс. Аяттағы келісім жүректерде жазылып қойғандықтан, ешкім «Бұрын өткен ата-бабаларының өмір салтын, сенімін» сылтаурата алмайды. Пайғамбарлардың да асыл міндеті адам жүрегіндегі бұлдыр тартқан «жазулардың» анық көрінуі үшін олардың ождандарын ояту болатын» [8. 61 б.].

Ұждан адамға әрі Ұлы Жаратушының бар екенін сездірсе, әрі Жаратушының нұсқауына сай өмір сүруге итермелейді. Алла тағала адамдардың өзгелердің ақысын жеп, зұлымдық жасауын қаламайды. Ақыретке иман кісінің бойында жауапкершілігін сезімін оятады. Жауапкершілік сезімі адамның мәңгілік өмірге дайындық жасап, бұл дүниеде сергек ғұмыр кешуін қамтамасыз етеді. Бұған қоса жамандыққа тартып тұратын сезімдерді бәсеңдете түседі. Фазлур Рахман тақуалықтың ең жоғарғы дәрежесі ұжданекендігін айтқан. Бұл сөзді адам іс-әрекетінің жақсы-жаманын анықтайтын өлшем деуге болады. Ожданның басты ерекшелігі ақиқатты нұсқайтындығы. [8. 67 б.]

Адам баласы жауапкершілік сезімге қол жеткізбейінше өмірдің мәнін түсінбейді. Бұл оны өзге жаратылыстардан ерекшелеп тұратын қасиеті. Өлімнен соң өмір жоқ деп есептейтіндер жауапкершілік деген нәрсені білмейді. Мұндай түсінік олардың санасында «барлық нәрсеге рұқсат» деген ұғымды қалыптастырады. Осылайша ақыретке иман етпегендер жауапкершіліктен жұрдай түсініктерінің себебінен ақыретке иман еткендермен салыстырғанда өмірді оңайлаттық деп ойлайды.

Алланың бар екеніне, бір екеніне және ақырет күніне иман еткен мұсылман шынайы иманға қол жеткізген болса, кара қылды қақ жарарлықтай әділетті болады. Себебі Құдай тағала одан әділетті болуды талап етеді. Алла тағала әділеттік жасағандарды сүйеді, ал әділетсіз әрекет еткендерді жақсы көрмейді, оларды азаптайтынын айтып ескертеді.

Барлық адамда ар азабы деген сезім бар. Ол қате бір істі жасап қойып, артынан «әттеген-ай, мұны бекер жасадым» деп айтқызатын сезім. Ұждан бізді әрі мінез-құлық тұрғысынан айнымалылықтан сақтайды, әрі сыртқы күштің бақылауынсыз-ақ жақсы мінезді дұрыстауға көмектеседі. Ар азабының аста-

рында өлгеннен соң қайта тіріліп, сүріп өткен өмірі үшін берілетін есеп жатыр. Адам өмірі жақсылықты, ізгілікті мұрат етуі керек. Бұл оның жаратылысына о баста берілген.

Ұждан – адамның күш-қуаты әрі оған жаратылысынан берілген ерекше қабілет қабілеті болып табылады. Бұл қабілет арқылы адам баласы жақсылықты жамандықтан, адамгершілікті опасыздықтан ажырата бастайды. Бізді жақсылыққа итермелеп, жамандықтан алыстатады. Қателікке бет алған кезімізде дұрыс жолды нұсқайды.

Ұждан адамды ар азабына салып қояды. Ар азабы адамның бойынан өкіну, жүрегі сыздау, өзін кінәлау, өзін жеккөру түрінде көрініс табады. Егер адам қандайда бір істі жасағанда өзін жайсыз сезініп, абыржыса бұл оның ожданының өз міндетін тиісінше атқарып тұрғандығын білдіреді. Ұждан адамға қандайда бір шешім ұсынады. Оны кейде іс-әрекеттің алдында кейде іс-әрекеттен кейін береді. Мәселен, ұждан қандайда бір теріс істі жасамау керектігі жөнінде шешім шығарса, оған құлақ асқан кісінің жаны жай тауып, рухы шад-шадыман күй кешеді. Ал егер ұжданның нұсқауын ескерусіз қалдырса, маза-сы қашып, жаны жайсыз күй кешеді.

Әділеттілікті нұсқайтын осындай ұжданмен бірге адамға сенім де керек. Қандайда бір нәрсенің жақсы яки жаман екенін ақылымызбен ажырата аламыз. Бірақ ақыл бізді әрдайым дұрыстыққа бағыттай алмауы ықтимал. Ұждан тәртіп сақшысындай қырағы әрекет етуі үшін Аллаға және ақырет күніне деген терең иман болуы керек. Себебі, иман адамды қате іс жасаудан тосады. Жалпы адамның ұждан атты төрешіден құтылуы қиын.

Құран Кәрім адамның жақсылық жасау сезіміне қозғау салып, оны қалайша теріс жолда қолданып жүргенін ұқтырады. Бір аятта: «Уа, иман келтіргендер! Мал-пұлын ел-жұрт көрсін деген ниетпен жұмсайтын, Аллаға һәм ақырет күніне сенбейтін

адамға ұқсап, берген садақаларыңды міндетсіну немесе (садақа алған жандарды) ренжітетіндей әрекеттерге бару арқылы зая қылмаңдар. Ондай адамның мысалы бейне бір бетіне аз ғана топырақ жұққан жып-жылтыр тасқа ұқсайды. Нөсер жауыннан кейін топырағы шайылып, жалтыраған қап-қатты тас екені білініп қалады.

Ондайлар (о дүниеге барғанда ел-жұртқа көз қылып) жасаған қайырымдылықтары үшін (сауап тұрғысынан) еш нәрсеге қол жеткізе алмайды. Алла көпір қауымды тура жолға салмайды һәм әсте оңармайды. Алланың разылығына бөленуді жан-тәнімен қалап және көкіректеріндегі иманды мықтап бекіту үшін дүние-мүлкін (игі жолда) жұмсайтындардың мысалы бейне бір биік жерде орналасқан әдемі бау-бақша тәрізді. Ол бақшаға мол жауын жауса, екі есе артық өнім береді. Тіпті мол жауын жаумаса да, сіркіреп жауған азғантай жауынның, аз ғана ылғалдың (немесе шықтың) өзі оған жетеді. Алла не істеп, не қойып жүргендеріңнің бәрін көріп тұрады» [Бақара сүресі, 264-265].

Алла тағаланың әр сәтте кез келген жерде өзін көріп, біліп, естіп тұратындығын білген жан әлбетте өзінің ар-ожданының нұсқауын ілеседі. Ұждан әрқашан жақсылыққа бастайтын адамның ішкі үні. Пенде оның үніне құлақ түріп, сол бойынша әрекет етуі керек.

Ақыретке сенімнің қоғамға әсері

Әлеуметтік әсері Адамның күнделікті өмірімен біте қайнасып жатқан құқықтық, экономикалық және саяси іс-әрекеттері оның дүниетанымымен, сенімімен, өмір сүру философиясымен тығыз байланысты. Адам баласы «мен кімін?», «қайдан келдім?» және «қайда барам?», «бұл өмірге келгендегі мақсатым не?», «айналамдағы мына әлем мен ондағы мүлтіксіз

жүйенің мәні не?» деген секілді сұрақтарға кейде өзі ізденіп, жауап табады, ал кейде өзі өмір сүрген қоғамның ыңғайына бейімделіп, сол дүниетаным аясында ғұмыр кешеді. Қалай болғанда да осы сұрақтарға тапқан жауаптары оның өмір сүру салтына айтарлықтай әсерін тигізеді.

Құранда адам өмірінің барлық жағын қамтитын үкімдер бар екені белгілі. Ұлы Жаратушы кітап түсіріп, үкім беру арқылы адамның бес нәрсесін қорғауды мақсат еткен. Олар: адамның өмірі, дүние-мүлкі, тегі, ақылы және діні. Бұған «مَقَاصِدُ الشَّرَائِعِ» «Мақасид әш-шариға» делінеді.

Адам баласы дүниеге шыр етіп келген күннен бастап қоғаммен тікелей байланыста болады. Белгілі бір мәдениет пен қоғам шеңберінде ол жан-жақты дами келе оның бойында әлеуметтік қатынасты нығайта түсетін сезімдері ояна бастайды. Сәбидің қоғаммен байланысының дамуына бастау болатындар ең алдымен ата-анасы мен бауырлары және туысқандары. Өсе келе бұл байланыстың шеңбері ұлғая түсіп, жерлес, отандас, діндес соңында бүкіл адамзат баласына дейін ұласады. Әлеуметтік байланыс деп жеке тұлғаның басқа адамдармен және қоғаммен қарым-қатынасын айтамыз. Бұл байланыстырушы факторлардың болымды және болымсыз (негатив, позитив) түрлері бар. Мейірім, шапағат, сүйіспеншілік, жек көру, қызғаныш, кек, ғашықтық, достық осының барлығы қоғамдағы адамдарды байланыстырушы факторлар.

Адам өзінің бойындағы бұл сезімдер мен қабілеттерді жіті қадағалап, оларды дұрыс бағытта қолдануға жетелейтін бақылаушы жүйеге мұқтаж. Бұл бақылаушы жүйе әрине адамның бойында болатын табиғи таза (фытри) ақыретке деген сенім.

Адамның болмысы қоғамдық өмірге мұқтаж және соған бейім (Хұжұрат, 49/13.). «Адамның күні адаммен» демекші кез келген Құдайдың жұмыр басты пендесі айналасындағы

жандармен біте қайнасып өмір сүруі керек. Осы қоғамдық өмірде адамдар арасындағы қарым-қатынасына тікелей әсер ететін нәрсе – дін. Ол сонау тарихтан бастап осы заманға дейінгі бүкіл елдердің әлеуметтік ахуалын қадағалаушы функциясын атқарып келеді. Қоғамның ішіндегі үйлесімділікті сақтаудағы рөлі өте зор. Кез-келген қауымның адамдары ортақ бір сеніммен ғұмыр кешсе олардың өмір сүру салты мен әрекеттері ұқсас болғандықтан өз ара түсінісуі оңай болады. Дін – әр тұлғаның іс-әрекеттері мен өз ара қарым-қатынасын бір жүйеге салады, сонымен қатар өз ара татулықты сақтау керектігі жөніндегі қағидалары арқылы қоғамдық өмірдің рухын оятады. Осылайша бір ортада өмір сүретін адамдар бір біріне зиянын тигізбестен бибітшілік пен тыныштықта ғұмыр кешуге жол бастайды.

Қауым болып өмір сүруге мұқтаж болған адам баласы бір-біріне пайдалы болу және өзара туындайтын қауіп-қатердің алдын алу үшін белгілі бір жүйе мен қағидаларға сүйенуге тура келеді. Бұл қағидалар белгілі бір заңдар арқылы және адамның ұжданына жауапкершілік сезімін сіңіру арқылы қалыптастырылып келген. Адам қолымен жазылған заңдар көбіне проблемаларға толық қанды жауап бере алмайды. Заң шығарушы механизмдер (органдар) барлық мәселелерді жіті бақылап, әр қайсысын жеке-жеке зеріттей алмайды. Адамның жандүниесі мен ұжданындағы жауапкершілікке келер болсақ өзінің иман еткен нәрсесіне қаншалықты сенетініне байланысты болады. Міне осы сенім мәселесінде адамға әсер ететін нәрсе Алла Тағалаға және ақырет күніне сену. Аллаға сенген жандар үнемі өзінің қадағалауда екенін сезініп, Оның бұйрықтарына қарсы келуден аяқ тартады. Ақыретке иман еткен Құдайдың пендесі жасаған әр ісінің бұл дүниеде болмаса да арғы дүниеде алдынан шығатынына сенеді. Сондықтан қиямет күні қиындықтарға тап болмай, керісінше сый-сыйапаттарға

бөлену үшін тек жақсы амалдар жасауға тырысады. Осылайша қоғамдық өмірге ұйытқы болатын екі негізгі мәселе шешімін табады: бір ортада өмір сүріп жатқан адамдардың бір-біріне пайдалы болуы, екіншісі: бір-біріне төндіретін қауып-қатерден аман болуы.

Ислам қараңғылық дәуіріне тән дүниеқоңыздық пен басқа да әдеттерінен арылтып қоймай, адамдарға ұлы мақсаттарға ұмтылу және адами құндылықтарды бойына сіңіру секілді амалдарды іске асырды. Байлық пен дәулеттің артта қалып, тек игі істердің ғана ақыретте алдарынан шығатынын адам рухының терең түпкіріне орнықтырды. Осылайша әркімнің қол жеткізгісі келетін мәңгілік бақыт дүние жинаумен емес, салиқалы амал жасау арқылы жүзеге асатынын үйретті. Осындай түсінікпен Ислам діні игі істер мен басқа жандарға жақсылық жасау секілді амалдарға адамдарды ынталандырды. Алланың разылығы үшін амал ету – уақытын зая, өмірін ада, қарымы қайтусыз бос әурешілік емес, керісінше адамды мәңгілікке ұластыратын, келешектегі арғы өміріне кепіл болатын, пайдасы өте мол инвестиция екенін ұғындырды.

Құранда бұған қатысты мынадай аяттар кездеседі:

«(Уа, Мұхаммед!) «Расында, Раббым ризық-несібе дегенді құлдарынан қалағанына үйіп-төгіп береді де қалағанына аз әрі өлшеп береді. Сендер игілік жолында не сарп етсеңдер де, Алла оның орнын толтырады. Ол ризық берушілердің ең қайырлысы», – деп айт» (Сәбә, 34/39).

«Кімде-кім Алланың алдына бір ғана жақсылықпен келсе, оған сол жақсылығы үшін он есе сауап жазылады. Ал кімде-кім бір жамандықпен келсе, ол тек сол күнәсінің ғана жазасын тартады. Олардың ешбіріне титтей де әділетсіздік жасалмайды» (Әнғам, 6/160).

«Егер Аллаға жақсы қарыз берсеңдер (яғни мал-дүниелеріңнің бір бөлігін Алла разылығы үшін дін жолын-

да және қайырымдылық мақсатта жұмсасандар), Алла берген қарыздарыңды еселеген үстіне еселеп қайтарады. Һәм күнеларыңды кешіреді. Өйткені Алла – Шәкур (игіліктің қарымын еселеп қайтарушы), Халим (күлдары қанша жерден күнәға батып, қателікке ұрынып жатса да кеңшілік жасаушы әрі өте сабырлы)» (Тәғабун, 64/17).

«Мал-пұлын Алла жолында сарп ететіндердің мысалы жеті бірдей масақ шығарған, әр масағында жүз дәні бар дәнек секілді. Алла қалаған пендесіне еселеп береді. Алла – Уасиф (өте кең, сондай жомарт), Алим (күлдарының барлық жай-күйін өте жақсы білетін шексіз ілім иесі)» (Бақара, 2/261.) Мінекей, ақыреттің бар екеніне сену қоғамдық өмірді, адамдар арасындағы қарым-қатынасты ретке келтіріп, тыныштық пен бейбіт өмірдің түзілуіне үлкен үлес қосары сөзсіз.

Әлеуметтік өмірдің үйлесімділік пен тепетендік арнасында ағуына, барша отбасының айрандай ұйып өмір сүруіне, әртүрлі жастағы адамдар мен жеке тұлғалардың басының амандығына кепіл болатын ең күшті дінгек – өлгеннен кейін қайта тірілуге иман ету. Иә, хашырға сенбеген кез-келген бір елде жекелеген адамдар бейбіт өмір сүруі қиын. Сол секілді өлгеннен кейін қайта тірілуге сенбейтін қоғамның да тату өмір сүруі қиын.

Жеке тұлғаға әсері

Қоғам адамдардан құрылады. Өз дәрежесінде дамып, өркендеуі үшін және мамыржай ғұмыр кешуі үшін қоғамға күйзелістен ада, тәні сау, рухы өр, мақсаты биік, жәрдемсүйгіш, бір-біріне түсіністікпен қарайтын адамдар қажет. Тарих бойы социолог, психолог және философ мамандар мен педагоктар орната алмаған қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға Ислам діні Аллаға және ақырет күніне иман мәселесі арқылы бір кездері қол жеткізгені белгілі. Мәшһүр:

Бойыңнан күш-қуатың кетер бәрі,

Жас бала үлкен-кіші олар кәрі.

Бұл дүние ешбір жанға опа қылмас,

Артында қалар шулап балалары, - дейді [1, 20 б]. Пенде әдетте неден қорқады? Ол о дүниелік болған жақын туыстары мен достарының қабірдегі халін ойлап қаймығады. Күндердің күнінде өзі де сондай күй кешетінін ойлап жаны түршігеді. Достары үшін жанын пайда етуге дайын жандар сол достарынан мәңгілікке айырылып, түбегейлі шіріп жоқ болуды ойлағанда жан азабына түседі. Ақыреттің бар екеніне сенетіндерге бұл жағдайда иманы жәрдемші болады. Оның көзіндегі пердені алып, «айналаңа зер салып қара» дейді. Ол көкірек көзін ашып, мына жаратылысқа иман көзімен қарағанда өзінің де достарының да мәңгілікке жоқ болмайтынын көреді, арғы дүниеде қайта қауышатынын ұғынады. Сөйтіп жаннаттың рахат өмірінен рухани ләззат алып, одан үміт етеді.

Мысалы: шектеулі ғана ғұмырда олардан мәңгілікке айрылатынын ойлап әрекет еткен адам әкесін, бауырын, әйелін, ұлтын, отанын шынайы сүйіп, оларға жан-тәнімен қызмет ететін жандарды кездестіру қиын. Әрине бұл жағдай адамның кемелдікке жетуі мен бойдағы қабілеттеріне шектеу қояды. Дәрежесі хайуаннан төмен құлдырап, ақылды жаратылыстардың ең бишарасына айналған шағында оған көмекке иман келсе қамшының сабындай қысқа ғұмырын өткен өмірі мен болашағын қамтитын ұзын сонар заманға айналдырады. Бастауы мен соңы жоқ уақыт өлшемін оның көз алдына алып келеді. Әкесін о дүниеде де өзіне әке болатынын, бауырымен арасындағы бауырластығы ақыретте де жалғасатынын, ал әйелі жаннаттағы ең сұлу сүйіктісі екенін сезініп, оларға құрмет көрсетеді, мейірімділік танытады, жәрдем етеді. Ол кең әрі шексіз өмір үшін туыстық, достық қарым-қатынастың барлығын бұл дүниенің елеусіз пайдалары мен маңызсыз істеріне құрал етуі мүмкін емес.

Қоғамды құрайтын балалар, жастар, қарттар, қиындыққа душар болғандар, әлсіз әрі пақыр жандар осының барлығы да тек ақыретке деген сенім болғанда ғана шат-шадыман өмір сүре алады. Осылайша өзіне-өзі берік, бейбітсүйгіш, күйзелістен ұзақ, өз жолынан айнымаған адамдардан құралған қоғам бірлігі жарасқан ел бола алады.

Енді Аллаға және ақырет күніне деген сенімнің қоғам мүшелеріне қалай әсер ететінін сөз етеміз. Қоғамды құрайтын отбасы, перзент, жасөспірім, қарттар және басқа да адамдардың Аллаға және ақыретке сенулері оларды нендей нәтижеге, жетістікке жеткізетінін айтамыз.

Отбасына әсері

Әлеуметтану саласында отбасы қоғам іргетасының маңызды бөлшегі ретінде қарастырылады. Отбасы үлкен бір қоғамның кішігірім үлгісі болумен қатар күшті бір елдің тіпті мемлекеттің негізі десек те болады. Ислам діні отбасын қоғамдық өмірдің маңызды бөлігі ретінде қарастырады.

Бір елдің бақытты болуы, дүниедегі бейбітшіліктің бастауы қоғамның іргетасы болып саналатын отбасының бақытты әрі тыныш өмір сүрулеріне байланысты. Ал, отбасының бақыты мен қуанышы ондағы адамдардың Аллаға және ақыретке иман етулерінде жатыр.

Отбасы әр адамның өзіне тиесілі кішігірім әлемі, осы дүниедегі шағын жаннаты деуге. Егер ол үйде иман болмаса онда өмір сүріп жатқан адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, махаббаты мен сезімдері қаншалықты болса одан айрылатынын ойлағанда соншылықты азап шегеді. Ол жаннат болудан қалып, жаһаннамға айналады. Осындай дерттерден арылу үшін өткінші қызықтар мен бос ойындарға салынып, өз-өзін алдандырады. Әрдайым баласы үшін жанын беруге дайын аналар

перзенттерінің басына бір қиыншылық келіп қалады деген оймен сары уайымға салынады. Әкесі мен бауырын күтпеген жерден келетін қауіп қатерден құтқара алмаған перзент болса өзін жегідей жейді. Қаншалықты бұл дүниеде өзін бақытты сезінсе де ол отбасы негізінде көп жағдайда басындағы бағын жоғалтады. Қысқа ғана ғұмырдағы жақындық байланыс пен туысқандық сезімдер адамға шынайы бақытты, таза ықыласты, кіршіксіз махаббатты сыйлай алмайды. Көркем мінезділікке де берілетін баға да төмендейді. Егер иман шуағы ол үйге кірсе бірден нұрлана түседі. Отбасы адамдарының арасындағы байланыс, жақындық, махаббат қысқа әрі шектеулі уақытпен өлшенбейді. Арғы дүниеде де туысқандық байланыстары жалғасатынын сезінгендіктен өзара құрмет пен мейірім шынайы болады. Бір-бірінің кемшіліктеріне көз жұма қарайды, сондай-ақ, адамның мінезі өзгереді. Міне осы жағдайда отбасы деген ұғым шынайы бейнесін тауып, бұл дүниеде рахат өмір сүре алады.

Аллаға және ақырет күніне шынайы сенімі бар отбасында тәрбиеленген баланың жастайынан ақылы мен жүрегіне иман нұры құйыла береді. Осылайша Аллаға және Пайғамбарға бойсұнудан кейін ата-ананың ризалығын алу керектігін біліп өседі. Олардың разылығынсыз жаннатқа кіру мүмкін емес екеніне сенеді және қартайған шақтарында оларға деген құрметін арттыра түсіп тіпті оларға «уф» деп кейіс білдірмейтін халге жетеді. (Исра, 7/23-24).

Отбасының негізін қалайтындар ерлі зайыптылар. Кезкелген шаңырақтың тыныштығы мен бақыты, оны жұмақтың кішкене бір бөлігі ету ерлі зайыптылардың бір-біріне түсіністікпен қарап, құрметтеп сыйласа білуінде. Бұндай өзара шынайы құрмет, мейірімділік, махаббат болашақ өмірде мәңгі бірге болу деген сенімнен туындайды.

Осындай сенімдегі күйеуі жан-жарым тек бұл өмірде емес мәңгілік өмірде де менің жұбайым болып қалады деп ойлай-

ды. Олай болса қазіргі қартайғаны мен бетіне әжім түскені қынжылтатын шаруа емес. Себебі, оның мәңгілік болатын әдемілігі бар. Менің оған шынайы қарым-қатынас жасағаным үшін Алла Тағала мәңгілік әлемде хор қыздарынан әдемі бейнеде әйелімді маған қайта сыйлайды. Соңы жоқ арғы өмірдегі бітпейтін сұлулығы үшін бұл өткінші өмірде қандай қиындық болсада төзуге дайынмын деп жұбайы қанша қартайса да оны хор қызындай аялап, құрметтеп бәйек болады. Әйелі де күйеуін құрметтеп, асты үстіне шығып қызмет етеді. Өткінші сұлулықтың соңына түсіп, шаңырағын сол өлшеммен көтергендер көздеген нәрселерінен айрылып қалғанда шаңырақтары шайқалып ортасына түседі. Отбасылық өмірлері тозаққа айналады.

Қорыта айтсақ адамды уайым-қайғыдан құтқарытын, бір-біріне сабырлықпен қаратып кез-келген мәселені түсіністікпен шешетін, отбасындағы жандардың бытырап шашылуының алдын алатын, адамдарды жақсылыққа шақырып, мейірімділікпен сүйіспеншілікке үндейтін тек ақыретке деген сенім ғана.

Ақыретке сенудің жас балаларға әсері

Ақыл тоқтатқандарға өлімнің хақ екенін айтып түсіндіру оңай. Бірақ жастарға оны айтып түсіндіру қиынға соғады. Бұл жерден балалардың түсіну қабілеті жоқ деген мағына шықпайды. Өсіп келе жатқан жас бала әрбір оқиға мен процестің қалай болып біткенін пайымдап ұғына алатын деңгейде болмайды. Сондықтан болған істің астарына үңіліп себебін іздейді.

Жер бетіндегі адамзаттың төрттен бірін балалар құрайды. Олар жаннаттың бар екеніне сенгенде ғана бар нәрсесінен айырып, қара түнек болып басына үйірілген өлімнің қорқынышы сейіледі. Олардың өте нәзік сана-сезімдері тек ақыреттің бар екеніне сену арқылы өлімді жеңіл қабылдап, бұл өмірде жайбарақат өмір сүре алады. Әйтпесе ойдағы уайым-қайғыны

ұмыту үшін санадағы сәулелерді сөндіріп, өмір бойы балаша ойнап өтеді. Себебі, қасында өзімен ойнап жүрген баланың өлімі оның нәзік сезімдері мен санасына және мәңгілікті қалайтын рухына ауыр соққы болады. Содан соң оның санасы мен ақылы өзін азаптаушы құралға айналады. Дәл осы кезде оған иман көмекке келсе әлгі қорқыныш пен үрейдің барлығы кетіп, бақыт пен шаттық оған қайта оралады. Мысалы жаннаттың бар екеніне сенетін бір баланың бауыры немесе досы өлсе ол: менің бауырым не досым өмірден өтті. Жаннатта құс секілді ұшып жүр. Ол жерде қыдырып, сайран салып бізден де жақсы өмір сүріп жатыр. Әкем өлді, бірақ, ол Алла Тағаланың мейіріміне бөленуде, мені де әлі сол жақта құшақтап, бауырына басады. О дүниелік болған анам арғы өмірде деген секілді ойлармен көңіліне жұбаныш табады. Әйтпесе шарасыз сәбилердің көз алдында болып жатқан өлім-жетімдер олардың бойындағы өмірге деген құштарлығын жойып, алға қарай дамудан мақұрым қалдырады. Ондағы рух, ақыл, жүрек секілді құндылықтардың барлығы күйзеліске ұшырап құрдымға кетеді. Осылайша жастайынан өмірден түңіліп, пұшайман күй кешеді. Ақыретке сенім ұғымы болмаса баланың көңілін қалай жұбатасың. Сансаққа кеткен санасын басқа немен қанағаттандырып, тілім-тілім болған жүрегін қайтіп емдейсің.

Психолог маман Сефа Сайғылы деген кісі балалар өлім туралы ойлау барысында қандай күйде болатынын түсіндіріп: өлімді еске алғандағы баланың жай-күйі бала психологиясының маңызды мәселелердің бірі. Оған «өлім туралы білгісі келіп, қорқып тұрса да ол жайында сұрақтарды жаудырған балаға қалай жауап беріліп, солқылдақ сана-сезіміне қалай түсіндірілу керек?» деген сауалдар қояды. Сайғылы мырза басынан өткен оқиғаларды айтып, сұрақты әрмен қарай күрделендіре түседі. Жоғарыда айтылған жағдайлармен балаларын психолог мамандарына алып келген ата-аналарға көп кездеседі. Ол тақырыпқа байланысты екі мысалды тілге тиек етеді.

1-мысал: ата-анасының айтуынша бір он жасар қыз ымырт үйірілісе бітті қорқып, үйіне кіргісі келмейтін. Үнемі өлім жайында сұрақтар сұрап, ұйықтаса өліп кететіндей болып түндерін ұйқысыз өткізетін. Өзінің ұйқысыз қалғанымен қоймай жұртқа да маза бермейтін. Әрдайым оның айтатыны «мен өлімнен қорқамын, қатты қысылып қиналамын, әбден шарам таусылды». Бұған ата-анасы да не істерін білмей дал болды.

2-мысал: жеті жасар ұл бала. Ол да түнде ұйықтамайды. Ата-анасының қасынан бір елі айрылмайды. Ұйықтаса өліп кетем деген қорқынышын айтып, жұрттың мазасын алады. Ата-анасы не істеу керектігінен бейхабар.

Өлім-жітімді көзбен көрген балалардың да жағдайы осыған ұқсас болады. Әсіресе зілзала, табиғи апат секілді оқиғалар балаларға қатты әсер етеді [9. 146-151 б]

Сондықтан өлгеннен кейін адам жаннатқа барады деп ұғыну балалар үшін үлкен жұбаныш. Ол қабірге кіріп жоқ болу секілді қорқынышты емес. Ондағы жақсы көрген адаммен бір күні қайта қауышамын деген үмітті жоймау керек.

Бала 8-10 жас аралығында адам өлгеннен кейін қайта келмейтініне, оның ақиқат екеніне көзі жетеді. Пенде өзіне жақын адамдар о дүниелік болғанда өлімнің ақиқат екенін шынайы сезіне бастайды. Сефа Сайғылы аталмыш кітабында мынадай оқиғаны келтіреді: Он жастағы бір баланың әкесі өлген еді. Ол әкесінің басында тұрып қасындағы көкесінен: «Әкем қабірде қалай жатыр» деп сұрады. Көкесі: «Біз түсімізде бау-бақшаларда жүргенімізді көреміз, бірақ, түс екенін білмейміз. Дәл сол секілді әкең де құс секілді ұшып жүр, өзінің топырақта жатқанын білмейді. Құдды бір түс көрген секілді» деп жауап берді. Бұл жауапқа баланың көңілі жай тапты [9. 151 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе тек ақыретке иман келтіруді өмірлерінің алғашқы сәттерінен бастап балалардың көкірегіне сіңіру арқылы өлім атты суық хабардың қорқыны-

шын сөйлітіп, оларға балдәурен шақтарын қайта сыйлай аламыз. Сондай-ақ, ақыретке иман ету мәселесін оларға өздері қабылдай алатын өз дәрежеде түсіндірілу маңызды.

Жастарға әсері

Биологиялық, психологиялық жағынан болсын, қоғамға бейімделу тұрғысынан болсын көптеген өзгерістерге ұшырап, әртүрлі өмірлік тәжірибелерді бастан кешіретін кез – балалық шақты артқа тастап, жігіт ағасы болғанға дейінгі аралық. Осы кезеңде адам өмірдің қилы кезеңдерінен өтіп, психологиялық тұрғыдан дамып толығады. Бұл шақ адамның физиологиялық, психологиялық негізгі өзгерістерімен бірге қоғамға бейімделу, айналасындағылармен біте қайнасып өмір сүру секілді адамның өмір сүру салтын қалыптастыратын маңызды кезең. Есі кіріп ақыл тоқтатқан бұл кезде дене бітімі мен жан дүниесіндегі күнде өзгеріп, толқып жатқан процестермен қатар өзінің қоғамдағы орны мен өмірлік мақсаттарын белгілейді. Өркім өмір сүруге құштар. Сол қайнаған тіршілік базарының шиеленіскен болмысын есепке алсақ, барша адам өмірінде көптеген проблемаларға кездесуі заңдылық.

Әдетте бала ер жете бастаған шағында ата-бабасынан жалғасып келген дінді саналы түрде жүрегіне сіңіріп, жат пікірлер мен сенімдерді қабылдамайды. Тақлиди сенімді артқа тастап, дүниедегі барлық нәрселерді сұрап біліп сүзгіден өткізуге әрекет жасайды. Негізінде ойда туындаған күмәндар ақиқаттан теріс айналдырмайды, қайта адамды ақты қарадан ажыратып, шындықты табуына жетеледі. Сол секілді оның санасында жаңа бір өмірлік философия қалыптаса бастағандықтан аталмыш процестен өтпей қоймайды. Жігіт ағасы жасына айналар шағында рухани әлемі, сондай-ақ діни ұстанымдары мен мінез-құлқы бір қалыпқа келеді.

Ақыл тоқтата бастаған адам саналы түрде дінді ұғынып, оған деген қызығушылығы артады және белгілі бір өмірлік философиясын қалыптастыра бастайды. Психологиясы дамып, қоғамға бейімделуі кезінде болмысында табиғи болатын дін деген ұғымнан бейхабар қалуы мүмкін емес. Санасындағы көптеген толқулар ұшқыр ойлы жастарды экзистенциялық сұрақтармен мазалағанда қаласа да қаламаса да дінге жүгінері сөзсіз. Осылайша дін жастардың дүниеге деген пікірін қалыптастырып, өмірдегі орнын белгілейді және оның рухани әлеміне ауадай қажет қасиетті ұстанымға айналады. Осы кезеңде адамның бойындағы физикалық өзгерістермен қатар дін мәселесінде де жаңару мен өзгеру болады. Осындай жаңаша сезімдермен Аллаға, ақыретке деген сенімнен және басқада діни құндылықтардан ләззат тауып, оларды өмірлік ұстанымына айналдыралды.

Кез келген елдің болашағы баянды болуы үшін жастарының иманды, көркем мінезді, отан сүйгіш және бүкіл адамзатқа жанашырлық таныта алатындай тәрбиелі болуы керек. Себебі, елдің тұтқасын біраз уақыттан кейін сол жастар ұстайтын болады. Жастық шақта адамдар көбіне ақылға емес сезімге жүгінеді. Ақыретке деген сенімдері болмаса қандары қайнап тұрған жастар нәпісі мен бойдағы құмарлықтарын басқара алмай, ақылға тоқтауы қиындау келеді. Бұл кезеңде зұлымдық жасап біреудің мал-мүлкіне, жанына, ар-намысына қиянат жасау ықтималы жоғары болады. Мәшһүр ақын жастайынан мұсылмандық ілім алып, тақуалықпен өмір сүрсе де, бір өлеңінде өзін есепке алып, былай дейді:

Күнәм көп, сауабым аз мен бір пасық,
Жүрдік қой жігіт кезде судай тасып.
Бір Алла діліне алмай, пазылына алсын,
Жұмақты біз ғаріпке қылсын нәсіп!

Ғазазіл тіліне еріп, болдық надан,
Еш жанның қалыс қалмас мұнан аман!
Халіміз нешік болар, біле алмаймыз,
Жүрмесек қияметте болып надан! [1. 19 б]

Жаһаннамның бар екеніне сену жастардың нәпсілеріне жүген салып, зорлық зомбылықтан, қиратып бүлдіруден тыяды. Сондай-ақ, қоғамның тыныш, адамдардың бейбіт өмір сүруіне себеп болады. Әйтпесе имансыз жастар елдің тынышын бұзып, адамдардың намысын аяққа таптайды. Әлсіздер мен қариялардың өміріне қауып төнеді. Бірнеше минуттық ләззат үшін бір отбасының шырқын бұзып, зұлымдыққа барады. Бойдағы тасыған сезімге беріліп түпсанасындағы «маған қарсы тұрар кім бар» деген ойдың жетегінде кетіп, нәпсі қалауына ереді. Қауқарсыздар мен әлсіздер үшін бұл дүниені тозаққа айналдырады. Шәкәрім қажы да өмірдің уақытша екенін айта келе, ақыретке иманды жиі еске салады:

«Ажал жетсе, өлдің бе?
Өлім келді, көрдің бе?
Баянсызға салынба», -
Десе, тоқтау бердің бе?

Жетпесті қудың, жеттің бе,
Барша жаннан өттің бе?
Тағдырың жазған ақ өлім,
Құтылып онан кеттің бе? – дейді [4. 43 б.]. Тағы бір өлеңінде:

Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап шатасың.
Дозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға, әлің келсе, батасың.

Сауап көп ғибадатқа десең де,
Жалығып, жалқауланып жатасың.

Алланың адал ризқын жесең де,

Арамды әдейі іздеп татасың, - деп қамшылайды [4. 35 б.].

Егер жастар Аллаға және ақырет күніне сенсе, иманы жүрегіне қонып, ақыл тоқтатады. Сосын мынадай тұжырымға келдеі: «Қазір менің қайратым бойымда, қаласам қандай да бір жамандықты, зұлымдықты, зорлық-зомбылықты да жасай аламын. Полиция қызметкерлерінен қашып, заң бекіткен жазалардын сытылып шыға аламын. Бірақ Ұлы Жаратушы мені бақылап, періштелері әр басқан қадамымды бақылауда. Барлық ашық жасырын істерімнің барлығы алдымнан шығатын қиямет күне халім не болады. Мен босқа жаратылмадым. Барлық нәрсе өткінші, менің жастық шағым да алдамшы дүние, бәрі артта қалады. Мен де алдыңғы толқын секілді қартаямын. Сондықтан мен мұндай жаман әдеттерге бармауым керек» деп крісінше адамдарға жақсылық жасап, мейірімділік танытады. Осындай пікірдегі жастар қиямет күні «Жастық шағыңды қалай өткіздің?» деген сұраққа жауап беретінін еске алып, аяқтарын аңдап басары сөзсіз. Өмірлерін жауапкершілікпен өткізіп, бойдағы қайраты мен қабілетін адамдардың пайдасына жаратады.

Қарт кісілерге әсері

Толық адам болудың шыңына жетіп, қайта құлдырайтын шақ жалпы 60 жас. Аталмыш кезеңде адамның физиологиясында да, рухани әлемінде де айтарлықтай өзгерістер болады. Көру мен есту қабілетінің әлсіреуі, тістері мен шаштарының түсуі, кәріліктен сүйектері қисайып, бойының шөгуі, денедегі жасушалардың өлуімен теріге әжім түсуі секілді физикалық өзгерістермен қатар есте сақтау қабілетінің нашарлауы,

ұйқысыздық, жүйкесінің жұқаруы секілді қарттықтың белгілері бой көрсетеді.

Адамзаттың төрттен бірін құрайтын қарттар қашып құтыла алмайтын денедегі осындай өзгерістерге тап болғанда үмітсіздікке түспей, өмірлерінің соңғы кезеңдерін алаңсыз өткізулері үшін мәңгілік өмірдің бар екеніне сенуі керек. Осылайша олар өздері жақын арада баратын қабір есіне түскенде оны жеңіл қабылдай алады. Жан-тәнімен құштар болған өмірі жақын арада бітіп, жылтыраған әдемі дүниенің есігі жабылатынын ойлағанда тек ақыретке иман ету арқылы жұбаныш табады.

Адам қартайған сайын жас баладай секілді күйге түсе береді. Өлім және жоқ болу секілді қорқынышты нәрселерді тек ақыреттегі шынайы өмір мен жаннатқа кіру үмітімен қабылдаса көңілі құлазымас еді. Мейірім шапағатқа өте мұқтаж шақта қарттар көңілдеріне қаяу түспей, жан дүниесі тыныш өмір сүрулері керек. Әшейінде әр нәрсені уайымдап отыратын аталар мен әжелер ақыретке сенбесе жүрегі қарс айрылып, жандары жай таппай өте ауыр күй кешеді. Мұндай жағдайда тіпті бұл өмірдің өзі оларға азап беруші зынданға айналады.

Адам жас кезінде өлімді ойлай бермейді. Өзін еш өлмейтіндей сезінеді. Бірақ қартайғанда алпысты алқымдап жетпіске жеткенде басына толығымен ақ түсіп, әртүрлі ауру жабыса бастаған шақта өлімді көп ойлай бастайды. Қасындағы жары, достары мен жақындарының тоқсан пайызы қабірдің арғы жағында менмұндалап шақырғанда өлім жазасына кесілген адамның дарға асылатын уақытын күткені секілді өзінің өлімін күтеді. Имансыз қарттар үшін бұл кезеңнен асқан көңілін құлазытатын бақытсыз шақ жоқ. Егер ол қария Аллаға және ақыретке сенсе иманы оны сүйіншілеп, былай дер еді: Дәуреніміз өтті, өміріміз бітті деп құлазыма. Ақыретте мәңгілік өмір мен таусылмас қуаныш сені күтуде. Бұл өмірде айырылып, о дүниелік болған жарың мен

достарың және жақындарыңмен ол жақта қайта қауышасың. Ол жақта сен өзгелерден ерек жақсы көретін адамзаттың абзалы Пайғамбарымыз бен басқада әулие-әнбиелер, шейіттер, салихалы адамдар сені күтіп жүр. Олай болса сен уайымдама. Сенің бұл өмірде жасаған жақсы амалдарыңның барлық амалдарың жазылды. Ақыретке осы істеріңнің қарымын алуға барасың. Ауруы-сырқауы бітпейтін, мұң-қайғысы таусылмайтын бұл өмірден жаннат әлеміне көшесің... Осылайша иман аясында жан дүниесі тыныш өмір сүре алады.

Сырқат адамдарға әсер етуі

Алла Тағала Құран кәрімде адамдардың имандылыққа бейім түрде жаратылғандарын ескертіп былай дейді: «(Жалған сенім мен екіжүзділіктен ада болған) пәк сенім таухидті берік ұстанған күйде хақ дінге (Исламға) жан-тәніңмен бет бұр! Бұл сондай дін – Алла күллі адамзатты (олардың табиғатын, бар болмысын) соның негізінде, соған сай етіп жаратты, (адамзаттың жаратылыс мақсаты да – сол хақ дінге бет бұру болып табылады)» (Рум сүресі, 30.)

Бұл жерде маңызды бір мәселе бар. Егер адам баласы иман келтіріп, соның негізінде өмір сүрсе тек ақыретте ғана жетістікке жетіп қоймай, бұл дүниеде де бақытты ғұмыр кешеді. Соңғы жылдардағы зерттеулерге қарасақ наным-сенім адамның денсаулығына оң әсерін тигізеді екен. Бұл зерттеулер бойынша басқа сенімдегілерге қарағанда Құдайға сенген адамдардың ғұмырлары ұзақ әрі позитивті көңіл-күймен салауатты өмір сүреді. 1995 ж Georgetown университетінің медицина факультетінде жасалған зерттеулердің нәтежесінде наным-сенімнің денсаулыққа жақсы әсер ететіні анықталған. Калифорнияның Аламеда ауданында өмір сүретін 5 286 жасөспірімге 28 жыл бойы зерттеу жүргізілген. Осыған орай

адамдардың өмір жасы жынысына, тәрбиесіне, этникалық жағдайына және наным-сеніміне байланысты өзгелерден ұзақ өмір сүретіні белгілі болған

«International Journal of Psychiatry in Medicine» журналында 2002 жылдың ақпан айында жарияланған зеріттеулерге қарасақ наным-сенімі жоқ адамдар мынадай қауіпке душар болған:

1. Қатерлі ісіктен өзге ас қорыту ауруына шалдыққандар саны екі есе артық;

2. Тамыр ауруларынан (жүрек және сал болып қалу) өлетіндердің саны 21 %;

3. Демікпе ауруынан өлетіндердің саны 66 % көп екені анықталды. Осы мәселе бойынша зеріттеулерде адам ғұмырының ұзақ болуы оның наным-сеніміне байланысты екені белгілі болды.

Ем қабылдау барысында айтылған діни әңгімелер де адамға күш беріп, аурудан тез айығуына себеп болары анықталған. Отыз түрлі зерттеу жүргізген Американың ұлттық денсаулық сақтау институтының маманы David Larson наным-сенімнің демікпе ауруынан өлу, рак, жүрек аурулары және өзіне қол жұмсау секілді нәрселердің алдын алатынын айтқан.

Сенінің адамға әсер ететін тағы бір қыры ол адамды стресстен құтқарады. Аллаға иман еткен жандар болған оқиғаларға салқынқандылық танытып, қиыншылықтар мен алдына келген негативті нәрселерге сабырлылықпен қарайды. Әсіресе наным-сенім осындай нәрселерге әсер ететін болғандықтан АҚШ-тағы 125 медицина факультетінің сексені дін және денсаулық жайында семинарлар жүргізеді.

Стрестің түрлі ауруларға, психологиялық ауытқулар мен қатерлі ісікке дейінгі дерттерге негізгі немесе жанама қоздырушы күш екенін айта аламыз. Адамдар жүрегіндегі иманымен стреске қарсы тұра алады, осылайша басқа да ауруларға қарсы тұра алады [10]

Жоғарыда айтылған зерттеулерден басқа ондаған ғылыми еңбектердің дәлелдегеніндей иман тек ақырет әлемінде ғана бақытқа жету емес, осы өмірде де сана-сезім мен дене бітімнің аман, ұзақ әрі салауатты өмірін қалыптастырады. Аллаға шынайы иман еткен адам дүниелік проблемалардан алыстайды. Бұл да Алланың берген өмірін салауатты сүріп, өмірінің ұзаруына алып келеді. Шафи (шипа беруші) есіміне ие Жаратушы Алла қасиетті Құранда былай дейді: «(Олардың жалған құдайлары қайырлы ма?) Жоқ, әлде, Өзіне дұға еткен қысылған жанның дұға-тілегін қабыл алып, оны басына түскен ауыртпалықтан құтқаратын, сендерді (жер бетін көркейтсін һәм ондағы жүйеге, жаратылыс мақсатына сай өмір сүрсін деп) жер бетінің халифалары қылған (Алла) қайырлы ма? Алламен қатар басқа құдай бар ма?! Әрине, жоқ, өздерің неткен аз ойланатын, ғибрат алайын демейтін адамсыңдар» (Нәміл, 27/62)

Аятта айтылғандай Құран белгілеген ең керемет мінез әр уақытта Алла Тағаламен бірге болып, әр әрекетінде Оны еске алуы, дұғасына жауап алуы дүниеде һәм ақыретте үлкен нығмет. Құранда бұл жайында былай деп баяндалады: «Сондай-ақ иман келтіріп, Аллаға қарсы келуден қорыққан тақуа жандар үшін ақиреттегі сый-сияпат әлдеқайда қайырлы» (Юнус, 10/57.)

Қоғамның белгілі бір бөлігін науқастар мен мүгедектер құрайды. Ауруханаға барсаң көптеген сырқат жандар мен апаттан белгілі бір мүшесінен айрылған немесе туылғаннан кемтар болған адамдарды көресің. Олар үшін бұл дүние қараңғы қапас секілді. Әсіресе имансыз адамдарға ауру өлімнің апандай аузы секілді. Ал өлім болса оның санасында жоқ болып шіріп кету ғана. Қабір болса құрт-құмырсқа мен бактерияларға жем болатын зындан. Осылай ойлайтын науқастың өрмекшінің жібіндей үмітпен ілініп тұрған өмірден ләззат алуы мүмкін бе? Бұл жағдайда Аллаға және ақыретке сенген адам ғана бұл дүниенің сынақ екенін сезінеді. Сырқатында бір сынақ бар екенін сезініп

(Бақара, 2/155,156.) өзінің рухани әлемінде өсіп жатқанын сондай-ақ, жаннаттағы дәрежесі жоғарылап, өзі де бұл өмірде тәрбиеленіп жатқанын ойлап, жұбаныш табады.

Ақырет күніне сенудің зұлымдық пен қиындыққа душар болғандарға әсері

Пенде кейде мал-дүниесі талан-таражға түсіп немесе өзіне зиян келіріп, тіпті өлтіруге дейін баратын я болмаса намысына сызат түсірердей зұлымдыққа ұшырауы мүмкін. Осындай жағдайға душар болып, шарасыз қалған адамның көңіліне жұбаныш болатын нәрсе залымдардан ақысын алып беретін әділетті Аллаға сену. Көрген зорлық-зомбылықтардың қарымын қайтаратын ақырет күнінің бар екеніне иман ету.

Міне зұлымдық көрген адамның жаралы жүрегін жазатын, ақыретке деген сенімді күшейтетін Құран Кәрім зұлымдыққа ұшыраған пендені былай жұбатады: «Сондай-ақ иман келтіріп, Аллаға қарсы келуден қорыққан тақуа жандар үшін ақиреттегі сый-сияпат әлдеқайда қайырлы» (Кәһф, 18/29.) «(Уа, Мұхаммед!) Алла (күнәға белшесінен батқан) залымдардың не істеп, не қойып жүргенінен бейхабар деп ойлама. Ол бар болғаны, олардың ісін көздерді шарасынан шығаратын ғаламат күнге қалдыруда» Ибраһим, 14/42.. «Ол күні залымдарға алға тартқан сылтауы титтей де пайда бермейді. Олардың сыбағасы лағынет (яғни, Алланың рақымынан аласталу) әрі адам айтқысыз сұмдық тұрақ болмақ» (Мүмин, 40/52).

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алауһи уасллам) хадис шәріптерінің бірінде мүминге зұлымдық жасаған адамнан Алла Тағала өшін алатынын айтқан [11. 160 б]. Тек осылай зұлымдыққа ұшыраған адамның жаралы жүрегін емдеуге болады. Әйтпесе барлық нәрсесінен айрылып, шарасыз қалған адамды басқа немен жұбата аласын?!

Құран Кәрімде бұл жайында былай дейді: «Ал кімде-кім зұлымдыққа ұшыраған соң есесін (шариғат шеңберінде) қайтарар болса, міне, ондай жандар айыпталуға тиіс емес. Айыпқа тек ел-жұртқа зұлымдық жасайтын және жер бетінде нақақтан-нақақ сойқан салып, озбырлыққа баратындар ғана тартылуы тиіс. Міне, соларға жан төзгісіз азап бар» (Шура, 42/41,42.)

Бірақ мына нәрсені жақсы білген жөн. Зұлымдыққа қарсы тұрмай, бұға беретін болсаң залымдар дандайсып, одан әрі азғындыққа түсері сөзсіз. Қалай болғанда да оларға қарсы тұрып, тоқтату керек.

Дүниенің қай жерінде және қай уақытта болмасын адам баласы зілзала, сел, өрт, соғыс секілді табиғи апаттар мен қиындықтарға тап болуы мүмкін. Әрине бұлар адам еркінің тысында болатын нәрселер. Қай уақытта, қалай болатыны белгісіз басқа келетін апаттар мен қиыншылықтардың қарымын ақиретте алатынына сенбесе бұған сабыр етіп төзу қиын (Бақара, 2/155,156.).

Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Мүминнің аяғына кірген тікен арқылы оның бір қателігі кешіріледі» [12.]. Осылайша Аллаға сенген адам басына қиындық келе қалса мәңгілік әлемде бұның да сауабын алатынын ойлап, өткінші өмірдегі ауыртпалықтарды «Ее, тәйірі бұл да өтер кетер» деп жеңіл қабылдайды. Қиын қыстау кезінде мал дүниесі зая болса оны садақа деп біліп, өзіне келген проблемалаға сабыр етсе сауап алатынын ойлап, шүкірлік етеді. Сондай-ақ, бұлардың ескерту екенін сезініп, тура жолды одан әрі мықтап ұстануға тырысады.

Қорытындылай келсек ақыреттің ақиқат екеніне сену зұлымдыққа ұшырағандар мен қиындыққа душар болғандардың арқа сүйер тірегі болып, көңілі тыныш рахат ғұмыр кешулеріне себеп болады.

Ақыретке иманның құқық саласына әсері

Құқық дегеніміз өмірдің барлық қырын қамтыған ахлақ нормаларының жиынтығы. Осы анықтамаға сүйенер болсақ, құқықтың үш негізгі өзегі бар: 1-моралдық: мораль нормаларына қайшы келетін ешқандай құқық жоқ. 2-тәртіп, жүйе: құқық жүйелілікті, тәртіпті қамтамасыз етеді. 3-Мәжбүрлеу: құқық қағидаларының астарында адамды бір нәрсеге мәжбүрлеу бар. Мұндай мәжбүрлеуді әдетте күш қолдану тәсілдері арқылы мемлекет жасайды. Моралдық нормаларды орындауды ождан міндеттесе, ал құқықтық нормаларды мемлекет міндеттейді. Құқықты ең негізгі элементтерінің бірі мораль яғни, ахлақ. Мемлекет белгілі бір заңдарды орнату арқылы осы моральды қалыптастырады.

Ақыретке сенудің тероризмнің алдын алудағы рөлі

Адамнан басқа жанды нәрселердің барлығының қалауы шектеулі. Бірақ адамның қалаулылығының ұшы қиыры жоқ. Алла адамды жаратқанда оған ақыл, ашу, шәһуәт деген қуат беріп, оларға шектеу қоймаған. Бойдағы осы күштерді пайдаланудың ифрат (асыра сілтеушілік), тафрит (жеткізбей қою), сондай-ақ уасат (ортасы) деген үш түрі болады. Ақыреттің ақиқат екеніне сенбейтін жанның бойдағы осынау күштерін ифрат немесе тафрит тәсіліне салып қолданғандықтан қоғамда бұзақылар мен терористтердің пайда болуына әкеліп соғып жатыр. Тарихтың қойнауынан бері адамзат үшін қиратудан басқа ештеңе білмейтін мүшриктер (Ниса, 4/48), перғауындар (Бақара, 2/49), нәмрудтар, яжуж мәжүждер (Кәһф, 18/94) тек осы бойдағы күштерді бұрыс пайдаланбаудың салдарынан туындайды.

Егер ақыреттегі жазадан қорқып немесе сый-сыяпатқа кенелу секілді адамды қадағалайтын күш болмаса заңның үкімі жүрмейтін жерлерде адамдар барлық жамандықты

жасауға кіріседі. Бұның соңы адамдар арасындаға лаң, бүлік, бұзғыншылық өз пайдасын ойлау секілді нәрселерге айналады. Қауіпсіздік жойылып, мойнына жүктелген құлдықты орындай алмай қалады. Адамдың өмірдегі міндеті қоғамдағы басқа да жандардың құқығын сақтау. Бұның нәтежесінде қоғамның бір жүйеге келуін қадағалау. Жақсылық жасап, жамандықтан тыйылу. Бұл істерді атқару үшін адамға нәр беретін маңызды қайнар бұлағы өлгеннен кейін қайта тіріліп, жазасын тартып немесе сиапатын алатынын ақырет күніне сену.

Ақыретке деген сенімі жоқ немесе ол сенімнен ұзақтаған қауым өздерінің жаратылыс мақсатынан ұзақтап, дүниенің шырқы бұзылады. Ендігі жерде лаңкестік әрекеттер мен террористік бұзақылықтар пайда бола бастайды. Ақыретке сенген қоғамда лаңкестік әрекеттер бой көрсетпейді. Жеке тұлға немесе қауым болсын өздерінің істеріне ақыретте жауап беретінін ойлағанда ондай жаман іске бара қоймайды. Қылмыстық істер мен адамдарды үркітетін бүлікшіл әрекеттерді Алла Елшісі айыпталып, осындай бұзақылықтарға себеп болған адам мәңгілік тозақтық екенін айтып ескерткен. Құран Кәрім бұл мәселеде: «Ал енді кімде-кім бір мүмінді (мүмін екенін біліп тұрып немесе мүмін болғаны үшін) қасақана өлтірсе, оның (ақыреттегі) жазасы ішінде мәңгі-бақи қалып, азап шегетін жаһаннам болмақ. Бұған қоса, Алла оған қаһарын төгіп, лағынет айтып, рақымынан аластады, әрі ол үшін алапат азап әзірледі» (Ниса, 4/93). Нақақтан біреуді өлтіріп, өмір сүру құқығынан айырған адам қолын қанға малып бейкүна жандарды өлтіруге бейімделеді. Сөйтіп басқа адамдардың да осындай қылмысқа баруына жігер береді. [5. 224 б.] Негізінде адамға өмір сүріп, басқаларына да осыны қалап, әрекет етуі міндеттелген. Ислам қоғамның тыныш өмір сүруі үшін бұндай қылмыстарға қатаң тыйым салған.

Құранда адамдарды бұзақылық пен лаңкестіктен тыйятын мынадай аяттар бар: «Міне, сондықтан да Исрайыл ұрапқтарына

мына үкімді жаздық: кімде-кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасамаған бейкүнә жанды нақақтан-нақақ өлтірсе, бүкіл адамзатты өлтіргендей болады. Сондай-ақ кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, бүкіл адамзатты өлімнен құтқарғандай болады. Оларға елшілеріміз (осындай үкімдермен һәм өздерінің пайғамбар екендіктерін көрсететін) айқын дәлелдермен, мұғжизалармен келген еді. Алайда содан кейін де олардың басым көпшілігі жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасауда шектен шығуда» (Мәидә, 4/32.) деп бұл істердің қаншалықты үлкен екенін көрсеткен. Осылайша бір адамды өлтірген бүкіл адамды өлтіргендей күна алатынын айтады. Ал, ақырет әлемінде бүкіл адамды өлтіргендей күнаға жауап береді. Сондықтан бұл заңның хақ екеніне сенген адам осындай бассыздыққа бармайды. Бұл ұғым адамдардың сана-сына сіңген болса қоғамда бұндай қылмыс белең алмайды.

Бүлік шығаратын лаңкестік ұйымдарды тереңірек зерттеп қарасақ олардың ақиқатты танымайтын содырлардан құрылғанын байқаймыз. Аллаға, Пайғамбарға бой сұнбайтын, ақыретті мойындамайтын көреміз. Сондықтан Ақыретті қабылдамайтын адамдар қоғамда бүлік туғызатын топтардың сабында болады. Себебі ертең бұл өмірде жасаған әрбір істеріне жауап беретінін мойындамайды. Алла Тағала жер бетінде қан төгіп, бір-біріне жер аудартуға қатаң тиым салған (Бақара, 2/84.) Бұндай іске барғандарға ақыретте жан түршігерлік азап бар екенін айтады.

Ақырет күніне деген сенім адам өлтіру секілді зұлымдық пен бүлікшіліктің алдын алады. Алтын ғасырды қылмыс атаулыдан ұзақ, лаңкестік пен бүлікшіліктен ада адамдардан құрылған қоғам ғана алып келе алады. Себебі онда өмір сүретін әр пенденің санасына ақыретке деген сенім нық отырған. Арғы өмірдің бар екеніне толық сенетін адам қылмыс жасап, терорлық әрекеттерге араласуы мүмкін емес. Тәртіп сақшылары мен полиция қызметкерлері көріп тұрмаса да өзін бақылауда екенін

ұғынады. Ақыретте ақысы өткен әр адамға жауап беретінін ойлап зұлымдықтан аулақ болады.

Жалпы ақыретке сенім иманның шарттарының бірі болғандықтан Мәшһүр Жүсіп те, Шәкәрім де негізгі тақырыптардың бірі ретінде оған жиі тоқталатынын аңғарамыз. Себебі, бұл мұсылмандық дүниетанымды қалыптап тұрған негізгі іргетас, басты ұғымдардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, III том, – 2013. – 508 б.
2. әл-Матуриди, Әбу Мансур Мухаммад ибн Мухаммад. Тәфсир әл-Қур’ан әл-‘Азим әл-мусамма Тә’уиләт әлһ әссуннә. / тахқиқ әл-Хейми Ф.Ю. – Бейрут: Му’ассасат ар-рисәлә, 2004. – Т. 1-5. – 565 б.
3. Топалоглу Б. Аручи М. Муқаддимат тахқиқ Китәб ат-таухид. // Китәб ат-таухид. – Анкара: Т.С. Diyanet Vakfi ISAM, 2005. – 61 б.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Сыр сөз. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы» баспасы, – 2021. – 256 б.
5. Elmalılı Hamdi Yazır. Hak dini Kuran dili. – İstanbul: Fazilet Neşriyat, 1993. – Т. 9. – 5500 s.
6. Лев Толстой. Путь жизни. – Москва: Азбука, – 2022. – 576 б.
7. Erich Fromm, «Ердем ве Мутлулук», ауд: Аида Юрүкан, Тыб иайынлары, Стамбул, 1999.
8. Fazlur Rahman. İslam / çev: Mehmet D. Mehmet A. – İstanbul: Selçuk yayınları, 1992. – 368 s.
9. Saygılı Sefa Strese son. – İstanbul: Türdav. – 1998. – 340 s.
10. <http://international Journal of Psychiatry in Medicine..>
11. – جامع الأحاديث الجامع الصغير. جلال الدين عبد الرحمن السيوطي. بيروت، 6991. م.12.
12. الجامع الكبير سنن الترمذي. محمد بن عيسى بن سورة بن موسى بن الضحاك الترمذي. – بيروت: دار الغرب الإسلامي، 8991. – 893 ص.
13. صحيح مسلم، لمسلم بن حجاج . – بيروت: دار الكتب العلمية ، 1102 م. – 0021 ص.
14. Құран кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма, ауд: Өкімханов Асқар, Анарбаев Н. – Алматы, «Көкжиек» баспасы, 2015.

Дүйсенбаева А.К.

**ДІНИ ТҮБІРДЕГІ ЭКСТРЕМИСТІК ЖӘНЕ
РАДИКАЛИСТІК ИДЕОЛОГИЯҒА ҚАРСЫ
ТҰРУДАҒЫ МӘШҰР МҰРАЛАРЫ
МЕН ОЙШЫЛДЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ
БҮГІНГІ ҚОҒАМ ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ТҰЖЫРЫМДАУ**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақтың көрнекті ойшылы, оның еңбектері қазақ қоғамының рухани және мәдени дамуына ерекше ықпал етті. Оның діни-философиялық көзқарастары қазіргі Қазақстандағы діни экстремизм мен радикализмге қарсы күресте маңызды рөл атқара алады. Зерттеуімізде Мәшһүр Жүсіптің діни білімге, ғылымға және рухани құндылықтарға қатысты ойлары талданып, олардың қазіргі Қазақстандағы өзектілігі қарастырылады. Мақсат – діни түбірдегі экстремистік және радикалистік идеологияға қарсы тұрудағы Мәшһүр Жүсіптің көзқарастарының қазіргі заманғы қоғамдағы маңыздылығын талқылау. Зерттеуімізде көтеріліп отырған деструктивті діни идеологиялардың алдын алу мәселесінде де, рухани мұраны танып білу, әр жеке тұлғаның ой санасын дамытып, мәдени көкжиегін кеңейтетіні анық. Өткеніміз бен бүгініміздің ара жігін жалғастыру арқылы, болашағымыздың жарқын формасын қалыптастыруға болады. Рухани мұраларды қайта жандандыру, жастардың санасына сіңіру арқылы келешекке үрейсіз қарай аламыз.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын, дәстүрін, құндылықтарын түгендегенде ислам дінінің асыл қазына екенін айтпау мүмкін емес. Ислам ойшылдарының ислам өркениетінің

гүлденуінде алған орны ерекше. Бұл тұрғыда қазақ жерінен түлеген ислам ғұламаларының үлесін бір мақала аясында жазып сиғыза алмайтынымыз анық. Солардың бірегейі – Хафиз, Низами, Жәми, Руми, Сағди, Омар Хаям және басқаларының мұралары қазақ ойшылдарын шығармашылық ізденістерге шабыттандырды. Бұл еңбектер қазақ руханиятының түп қазығы. Әлемдік жаһандану үрдісінде, қазақ руханиятының бірегейлігін сақтауда, рухани мұрамызды болашаққа жеткізуде дәстүрлі еңбектерді насихаттау ауадай қажет. Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары исламның гуманистік құндылықтарына негізделген. Ол дінді қоғамның рухани дамуының негізі ретінде көрді және діннің адамгершілікті дамытудағы рөлін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ол діни фанатизмді және жалған діни ағымдарды қатты сынға алып, діннің негізгі мақсаты – адамды жақсылыққа тәрбиелеу екенін көрсеткен. Өкінішке орай отаршыл саясаттың салдарларынан жапа шеккен шығармашылық иелерінің құнды мұралары, әлі күнге дейін өз деңгейінде толық зерттеуге мұқтаж. Солардың бірі Мәшһүр-Жүсіптің тарих, әдет ғұрып, ислам құндылықтары мен философиясы туралы мұралары. Оның шығармашылығы Аллаһ тағаланың сипаттары, Пайғамбарымыздың өмірі мен сүннеті, ислам тарихы, сан қырлы жыр дастандар мен өлеңдерден құралған. Әрине, қазіргі таңдағы аталмыш тақырыпта жарық көріп жатқан еңбектер жоқ дей алмаймыз, рухани жаңғыру аясында халыққа жол тартқан зерттеулер арасында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да еңбектері өз оқырмандарына жол тартқаны қуантады. Себебі, Көпейұлының еңбектерінде, қазіргі таңда дінге бойлау барысында жетіспей жүрген рационализм мен ақылға шақыру басымы. Діни адасушылықтың алдын алуда бірден бір эффективті әдістердің бірі де дінге ақылмен, ғылыммен ұштасу. Мәселен бұл туралы ойшыл: «Ғылым білім немен болады? Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады. Әуел ғылым мағырафта

(махырафта) ал Жаббар ғылым білімнің ең алды Құдай тағаланы танымақ. Ол Құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда Тәңірісін таниды. Қазақ қариялары да айтады жақтырмаған кісісін: «Бұл шіркін өзін танымайды!» деп дейді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында ғылым мен рухани әлемнің байланысын шебер бейнелеген. Оқырманын ғылым білім ізденуге бағыттай отырып, ислам руханиятына терең бойлауды үйретеді.

Не нәрсе парыз болса, ғылым парыз,

Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз

Мәшһүр-Жүсіп білім-ғылым нұры сауатсыздық қапасын бұзар-шамшырақ сәуле деп біледі [1, 19 б.].

Ойшылдың мұраларының деструктивті діни идеологиялардың алдын алуына негіз бола алатындығының бірден бір көрінісі, оның шығармашылығындағы терең философиялық талдаудың тереңдігі. Ахлақ, әдеп, ғылым, иман, тақуалық, ғибадат, ізгілік т.с.с., көркем мінездердің әрқайсысын үйренуде таразының теңдігіндей шеберлікпен ғылым мен діни руханиятты қатар үйретеді.

Ал деструктивті діни идеологиялардың шығу тарихына келер болсақ, француз тілінде алғаш рет «*secte destructive*» термині XIX ғасырдың басында қолданысқа енген делінеді [2]. Ал, ағылшын тіліндегі «*destructive cult*» термині XX ғасырдың екінші жартысында айналымға ене бастайды [3].

Қазақстандағы аталмыш терминнің айналымға енуін жалпы дінтану ғылымының қалыптасуы кезеңінен бастау алады деп айтуға болады. Жалпы, Ресей дінтану саласы осы терминнің пайда болуын 1990 жылдар кезеңімен байланыстырады. Мазмұндық тұрғыда «деструктивті діни идеология» дінге шақыруда түрлі моральдық этикалық түсініктердің шегінен шығатын манипуляциялық әдістерді қолданатын діни ұйымның ілімі. Мұндай діни ілімдер тарихи қалыптасқан, дәстүрлі діни ілімдердің, негізгі доктринасын бұрмалау арқылы жаңа бір діни

бағытты түзуі мүмкін, немесе сол діннің атын жамылу арқылы әрекет етуі де кездеседі. Немесе жаңа бір діни бағытты ортаға шығаратын жағдайлар да кездеседі. Негізгі белгілерінің бірі ретінде толықтай бір қоғамға немесе оның жеке сенушілеріне, олардың отбасыларына, қорқыту, үрей ұялату, қоғамнан алшақтату, соқыр сенімге иландыру, ақыл парасаттан бас тарту т.с.с. кері тартпа ілімдері арқылы зиянды ықпалын тигізеді. Әдетте, деструктивті діни идеологияны таратушы жалған діни ұйымдардың артында, сол діни ұйымның басшысына немесе саясатына қызмет етуші әрекет жатады. Мақсатына жету жолдарында, ұйым мүшелерінің өмірі немесе дүниетанымдық құндылықтарын құрбан ету, немесе толықтай бір қоғамды күштеп өзгерту, заңға қайшы жолдармен психологиялық немесе физикалық күш қолдану фактілері де кездеседі.

Бұл тұрғыдан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына үңілсек ұлттық ар намысты ояту, рухани жан-дүниені жаңарту, кемелдендіру, әділ болу, жамандық жасамау, жан мен тән тазалығын сақтау, адами қасиеттерді ардақтау, обал, сауап, ар-намыс, рух биіктігі, діни сана кемелдігі, білім-ғылым құндылығы, теңдік, әділеттілік руханият тазалығы адамзаттың негізгі мәні деп біледі. Өз заманындағы отаршылдық жағдайында ұлт руханиятының жанашыры ретінде халықтың рухани тұрғыда өрлеуі үшін діни құндылықтарға адалдық көрсету керектігін болжаған философ-ақын рух азаттығын асқақтата жырлайды.

Ақын құлдық сана зардаптарынан құтқарылу жолдарын терең насихаттайды, оның мәйегі ұлттық құндылықтар мен білім ғылымға терең бойлау деп біледі. Сонымен қатар білім, ғылым, дін үйренудің жауапкершілігін мұқият талқылайды. «Мен білемін», «Бәрін біліп қойдым», «Менікі дұрыс» сынды, шолақ біліммен, кешелікке салынудың зарарын анық талдап, түсіндіреді. «Перат, тағырит, ғыпдал» (басы, ортасы, аяғы)

ұғымдарын қолдана отырып, «ғақылдың» да «ператы» болады дейді, мұнда адма білуге мүмкін болмаған нәрселерді «білемін» ге салып, далбаса болады деп түсіндіреді. «Ғақылдың» «тағыриты» білуге керек нәрселерді білуге тырыспай, ойсыз, мисыз, хайуанша өмір сүргенімен бірдей деп теңейді [1, 32 б.].

Адамның деструктивті діни бағыттарға кетуінің себебін «Дж. Лофлэндтің концепциясына сәйкес, діни конверсияның рекрут кезеңінде «жаңа дінге кетудің, «обращение» кешенді үш негізін түсіну қажет деп көрсетеді: бұрыннан бар руханиятқа ұзақ мерзімді қанағаттанбау, жаңа діннің көмегімен өмірдегі қиыншылықтарын шешетіндігіне сенімділік, адам өзін-өзі «ақиқат» іздеушісі ретінде анықтауы, сол дінді тапқандығына сенуі, бұлардың барлығы психологиялық детерменизмді құрайды» [4].

Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастарының негізі исламның ханафи мазхабының гуманистік құндылықтарына сүйенеді. Ол діннің адамзаттың рухани дамуы мен адамгершілік қасиеттерін жетілдірудегі рөлін ерекше атап өткен. Мәшһүр Жүсіптің пікірінше, исламның мәні мейірімділік пен ізгілікке шақыруда. Оның көзқарастары бойынша, дін тек құлшылық пен ғибадатқа ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі тазалығына, моральдық дамуына да бағытталуы керек [5].

М.Ж. Көпейұлының діни ізденіс үстіндегі адамдарға да қалдырған насихаттары аз емес, пенденің жаратылыс екенін ескере отырып, өзінің Жаратушысын тануға ұмтылуын, өзіндік тұрғыдан дайындық арқылы келу керектігін сол кездің өзінде ақ данышпан, ойшыл Көпейұлы бірнеше шығармаларында көрсетеді. Ислам дінінің мәнін аша отырып, тек қатаң қағида мен жалаң құлшылық емес, күллі адамзатқа ортақ мейірім мен ізгілікке шақырушы ілім екенін насихаттайды. «Исламның мәні – ізгілік пен мейірім. Нағыз мұсылман – Аллаға құлшылық етуші ғана емес, сонымен қатар адамзатқа игілік жасау-

шы» [6]. Мәшһүрдің пайымдауынша, Аллаһтың бірлігінде, пайғамбардың хақтығында, Құран-кәрімнің шындығында сенім адамның имандылық арқауы. Мәшһүрдің пікірінше, сенім – ислам қағидаларын орындау ғана емес, жан мен тән тазалығын ұштастыра отырып, Аллаһқа сенімді- жүрекке бекіту, яғни сенімнің қажетті шарты Аллаһ Тағалаға мойынсыну, дін қағидаларын ақ пейіл, түзу ниетпен орындау, сонымен қатар сенім-ақиқат, қайрымдылық, мейірімділік пен имандылық, ізгілік тәрізді гуманистік құндылықтар мен мұраттардың салтанат құруына бағытталған ниет пен іс-әрекеттің бірлігі. Құдіретке құлшылық ету – діни сананың ажырамас бөлшегі екені белгілі.

Ойшылдың рухани мұраларындағы негізгі дінді тану концепцияларының бірі ол: өзінді тану арқылы Жаратушыны тану идеясы. «Ғылым – Алланың бір есімі. Ғылымсыз адамның бұл өмірде де, о дүниеде де жолы болмайды» [7]. Таным, білімі таяз, көкірек көзі соқыр жандар, жан жағындағы Жаратушының жасампаздығын байқамақ емес. Қазақ философиясының және де жалпы қазақ ойшылдарының жазба, ауыз әдебиетінде орны ерекше Алланы тану мәселесін, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы исламның бай әдебімен, терең руханиятымен ұштастырады. Адаманың жан тазалығын Жаратушыны тану жолында жоғары орынға қоя отырып,, исламдағы «әсма-ул хусна (Алланың көркем есімдері)» концепциясымен терең тарқатады. Бұл идеялар жалпы Ханафи мазхабының орталық идеяларына сай екендігін байқаймыз, сондай ақ «Сопылық» ілімінің негізгі концепциясы болып табылады. Өзінің еңбек жолы көрсетіп отырғандай, М.Ж. Көпейұлы жан жақты білім, өнерге өте бай болған. Сондай ақ рухани ізденістері де біршама. «Білім Алланы танудың кілті» [8], деген ұстанымымының өзі, қазіргі таңдағы, діни радикалдық идеялардың, барлық дерлік асқынударына тосқауыл болатын қанатты ұстаным. Мәшһүр Жүсіп ислам

философиясының негізі Аллаһты бір және бар деп көрсететін таухид тұжырымын тілмен айтып, жүректе бекітіп, хадистер мен өсиеттерді басшылыққа алып, бүкіл жан – діліммен жаратқан Аллаһқа құлшылық ету қажеттігін бекітеді. Бүкіл жан – дүниесімен, болмысымен, жүрегімен Аллаһты бір деп таныған Мәшһүр Жүсіптің Аллаһ жолына, пайғамбарымыздың сүннетіне имандылық, ізгілік, ақиқат жолы деп қарағаны, оның дін философиясында айқын терең із қалдырған. Аллаһ тағаланы бірлігі мен барлығын тілмен білу шынайы сенім тазалығы үшін жеткіліксіз, тілдің бір дегенін, жүрекпен ұғыну, Аллаһқа бүкіл шынайы ықыласымен беріліп құлшылық қылу, Аллаһ елшісінің сүннасына сай сәйкестендіру арқылы нағыз мұсылман, толық адам деңгейіне жете алады. Дін мен сенім тазалығы, Аллаһқа сыйыну, хадис – шарифтерді сыйлау, сенімді сөзде, істе көрсету сарындарының басымдығы оның діни – философиялық көзқарасының негізгі өзегін айқындайды.

Мұсылман болудың, мәнін, қазіргі таңдағы қоғамның кеселін емдейтін адамзатқа қажетті толеранттылық, адамгершілік, кемелділікте екенін айтады. Ойшылдың еңбегінде діннің мән мағынасы, адамның жүрегінде орын алған адами қасиеттермен көрінетіндегі бірнеше рет ескеріледі. «Дін – адамды адамгершілікке тәрбиелейтін ұлы күш. Адамның рухани болмысы дін арқылы кемелденеді» деп тағы да нақтылай түседі [8, 81 б.].

Сондай ақ, ислам дінінің асылдығы мен құндылығын келесі қасиеттермен сипаттайды: «Ислам діні – адамды ізгілікке, сабырлыққа, адалдыққа тәрбиелейтін дін. Дұрыс түсінілген ислам – әлемдегі ең мейірімді дін» алайда діннің «дұрыс» түсінілуінің маңызын көрсетеді [9].

Адамзаттың негізгі мақсаты Жаратушысын тану болса, діннің негізгі мақсатын Адамның рухани кемелденуі деп екі

жақтың қатар дамуының маңыздылығын көрсетеді. «Діннің негізгі мақсаты – адамды рухани кемелденуге жетелеу. Аллаға құлшылық ету арқылы адам өз жанын тазартып, нәпсісін тежейді» [7, 102 б.]. Дем, кемелденудің қадамдарындағы рухани құлшылықтың нәпсімен күрестегі орнын көрсетеді. Мәшһүр тән құмары – нәпсіні бетіне, ырқына жібермей ақыл мен рух тізгінінде ұстау қажеттігін бекітеді. Адам бойындағы жаман қасиеттер нәпсі құмарлығынан туындайды, сондықтан да парасатты адам нәпсі құмарлығының шырмауынан сақтанып жүруі қажет. Ойшылдың бай рухани қазынасының құндылығы халықтың ділі мен танымы, салт – дәстүрлері мен өнеге – үлгілеріне қатысты тұстары аманат, сөзге беріктік, уәдені орындау, халыққа қызмет ету тәрізді абзал қасиеттерді дәріптеуінен айқындала түседі. Ойшылдың шығармаларының тұңғығына неғұрлым тереңірек үңілген сайын, оның дінге берік болып, Аллаһқа сүйіспеншілік – жұмыр басты пенденің өзі мен он сегіз мың ғаламды жаратушыға көрсеткен адами махаббатының көрінісін, жақсылық пен қайырымдылықты мадақтап, рухани ілімді меңгерген, иманы берік, ар – намысы мен ұжданы пәк, рухы биік, рухани өрлеу жолындағы парасатты адамдарды үлгі тұтқанын және рухани ілімнің шынайы негіздерін байқаймыз. Оның туындыларының өзегі пәлсафалық ой – маржанға толы ізденістері мен тұжырымдарынан туындаған рухани өсу адам болмысының мәні адам тұлғасының өзегі ретінде көрсетіледі.

Мәшһүр Жүсіп руханилық негізі – имандылық жолы мен дінде деп көрсетеді. Ол ислам дінінің мөлдір негіздерін насихаттау арқылы ел – жұртын имандылық жолына шақырды. Халықтың ар – намысын оятатын, рухани ілімнен азық алуға шақыратын, рухани өрлеуге үндейтін туындылары ойшылдың дүниетанымдық ізденістерінің руханилық қырларын аша түседі.

Діни негіздегі экстремистік және радикалистік идеологиялардың әуелгі әрекеті – бұл дінді теріс түсіндіріп, оның қағидаларын өз мақсаттарына сай бұрмалау арқылы агрессивті идеологияны насихаттайтын құбылыстар. Олар қоғамдағы тұрақтылыққа, мәдени және діни төзімділікке қауіп төндіріп, адамдардың санасын манипуляциялау арқылы заңсыз және зорлық-зомбылық әрекеттерге итермелейді.

Діни радикалистік идеологиялардың сана манипуляциясының бірнеше негізгі белгілеріне тоқталсақ:

➤ «Тар сана», әлемді тек ақ пен қара деп қақ жарып қарастыруы, діни қағидаларды қатаң және біржақты түсіндіру арқылы, өздерінікімен келіспейтіндердің барлығын «дұшпан» деп жариялау арқылы, қатардағылардың ойлау өрісін тұмшалау, шектеу.

➤ «Діни төзімсіздік» басқа дін өкілдеріне немесе дінді басқаша түсінетін адамдарға қарсы агрессия мен жек көрушілік.

➤ «Деструктивті әрекеттер» идеологиялық мақсаттарға жету үшін қарулы әрекеттерді немесе террористік актілерді қолдау.

➤ «Белгісіз көсемдер» әлеуметтік желілер, жабық топтар арқылы әсіресе жастарды өз қатарларына тарту. Оларға «таза сенім» немесе «ақиқат жолы» деген жалған ұғымдарды насихаттайды.

Діни радикализм – қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін маңызды әлеуметтік құбылыс. Ислам дінінің мәнін бұрмалап, зорлық-зомбылық пен төзімсіздік идеологиясын тарататын топтар бүгінгі таңда үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Мұндай мәселелерді шешуде дәстүрлі ислам құндылықтары мен ағартушылардың еңбектері ерекше рөл атқарады. Солардың бірегейі қазақ даласының ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз еңбектерінде діннің мәнін дұрыс түсінудің маңыздылығы мен Жаратушыны тану үшін, алды-

мен білім жинаудың қажеттілігіне көп тоқталған. Мәшһүр Жүсіп ғылым мен білімді дамытуды адамзаттың негізгі парызы деп санаған. Ол ғылымды адамның кемелденуіне, оның жан-дүниесін және қоғамды жақсартуға бағытталған жол деп түсінді. Ғылым арқылы адам өз-өзіне, қоршаған ортаға және Жаратушыға жақындай алады деген ойды жеткізеді. «Ғылым – Алланың бір есімі. Ғылымсыз адамның бұл өмірде де, о дүниеде де жолы болмайды» деген тұжырымдары бар. Бұл жерде ғылымды тек материалдық таным құралы ретінде ғана емес, рухани кемелденудің маңызды бөлігі ретінде қарастырғанын байқаймыз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дін мен ғылымды бір-біріне қарама-қарсы қоймаған. Керісінше, ол ғылымды дінді дұрыс түсінудің құралы деп бағалаған. Оның ойынша, нағыз білім адамды адалдыққа, ізгілікке бастайды, ал дін мен ғылым үйлесім тапқанда ғана қоғамның дамуы мүмкін болады. «Білімді адам – өзінің де, өзгенің де қадірін білетін адам», – деп, білімділікке ерекше мән берген. Ол адамның тек дін ілімімен шектеліп қалмай, дүниелік ғылымдарды да меңгеруі керектігін насихаттаған. Мәшһүр Жүсіп өз заманында қазақ жастарының ғылымға құштарлығын оятуға тырысты. Оның өлеңдері мен кара сөздерінде білімсіздік пен надандықты сынайтын тұстар жиі кездеседі. Ғұлама жастарға тек діни білім емес, дүниеуи ғылымды да үйренуді міндет санаған. Ол білімнің адамды алға жетелейтін күш екенін атап өткен: «Ғылым – жарық, білім – шырақ». Бұл сөздер ғылымның қоғамдағы «жарық» рөлін, яғни надандық түнегінен құтылудың жолы екенін білдіреді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ғылым туралы ойлары – терең гуманизмге және рухани кемелдікке негізделген. «Білімді адам – өзінің де, өзгенің де қадірін білетін адам [10].

Ол дінді, ғылымды және өнерді біртұтас жүйе ретінде қарастырып, қазақ халқын білімге, ғылымға ұмтылуға шақырды. Бүгінде оның идеялары жастарға мотивация беріп, ұлттың рухани дамуына үлес қосуда.

Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде дін – рухани кемелдену мен адамгершіліктің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Ол исламның мәнін тек ғибадаттар орындаумен шектемей, оның адамды ізгілікке тәрбиелеудегі рөлін алға тартқан. Ойшылдың пікірінше, нағыз дін адамды мейірімділікке, төзімділікке және әділеттілікке жетелейді. Мәшһүр Жүсіп діни фанатизмді сынай отырып, сыртқы ғибадатқа ғана мән беріп, ішкі тазалық пен рухани тәрбиені ұмыт қалдыратын көзқарастардың қауіптілігін ескерткен. Ол үшін дін – адамгершілікті жетілдіру құралы болуы керек. «Ғылымсыз дін соқыр, ал дінсіз ғылым бос» [6, 201 б.].

«Білімсіз ғибадат – соқыр, ғибадатсыз білім – әлсіз» [10, 89 б.] деген сөзі діни білімнің руханиятпен үйлесуі қажеттігін көрсетеді. Ғұламаның ойынша, діни сауаттылық тек шарифат ережелерін жаттап алумен шектелмейді. Діннің мәнін түсіну үшін адамгершілік қағидаттарға мән беру қажет. «Ғылым үйрену адам баласына жарық сәуле іспеттес, ғылыммен адам баласы өз жолын табады» [8, 123 б.]. Білімсіздік адамдарды жалған идеяларға жетелеп, діни фанатизмнің таралуына ықпал етеді. «Діннің түп мәні – ізгілік, ал ізгіліксіз дін – бос қабық» [6, 179 б.] деген ойы діннің рухани мазмұнына басымдық бергенін көрсетеді. «Оқымаған халық надан болады, ғылым-білімсіз халық өзінің келешегін тани алмайды» [7, 134 б.].

Қазақстанда шынайы діни білім берудің рөлі артып келеді. Дұрыс діни білім жастардың экстремистік топтар ықпалына түсуіне қарсы маңызды қорғаныс құралдарының бірі бола алады. Мәшһүр Жүсіптің бұл мәселедегі ойлары қазіргі Қазақстандағы діни оқу орындарында қолданылып келеді [11].

Мәшһүр мұралары мен ойшылдың діни көзқарастарының бүгінгі қоғам үшін өзектілігі мен маңыздылығын көрсетуде, алдымен, оның діни дүниетанымы ханафилік мазхабына, сүннилік көзқарастарға сәйкес екендігіне назар аударғанымыз

жөн. Оның еңбектерінің, бай мұраларының ұрпақ руханиятына негіз бола алатындығына дәлелдің бірі оның шығармалары өз заманындағы қазақ ағартушылары мен зиялыларының ұлттық көзқарастарымен ұштасып жатқандығы. Бала кезінен білі ілім жинаған ойшылдың, мұрасы да ислам негіздерімен ұштасып, ұлттық руханиятты дамытуға бағытталған. Өз шығармаларында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бірнеше тіл меңгергендігін, білім жинауға бірнеше сапарларға жылдар арасындағы уақытын арнағанын жазады. Матуридилік ақида мен ханафилік фықһты жетік меңгергенін де ғалымдар ерекше бағалайды. Біз ойшылдың діни жазбаларға қатысты, соның ішінде Жаратушыны тану барысындағы білім ғылымға қатысты ойларын терең талдамақшымыз. Себебі зерттеуіміздің мақсатына орай қазіргі таңдағы қоғамымызда орын алып отырған діни радикализм мен экстремистік көзқарастардың ортаға шығуының алдын алатын біоден бір әдістің қайнар бұлағы ұлттық дәстүрлі иммунитет түзеу мен қоса білім ғылымға деген ұмтылыс. Бұл тұрғыда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары тұнып тұрған бай руханият екені даусыз. Мәселен, ойшыл, өзінің белгілеген жазбаларында «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ» деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Ақыреттің егіні», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Жер мен Көк» қиссасы және т. б. діни нанымдық мағынадағы деректер бар. Екі діни балладасы – «Шайқы Ысқақ» пен «Надан би» белгілі. «Исламның бес парызы біреуі – иман, Таппайды бұл бесеуін дүние жиған. Ықтият, шын ниет-

пен жұмыс қылып, Ерлерді айтҚұдай үшін жанын қиған», – деп жырлағандығын байқаймыз [12].

Ағартушы Мәшһүр Жүсіп өзінің 1890 жылы «Дала уәләяты-ның газетінің» алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның кереғарлығы туралы, ислам дінінің білім аруды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі әр алуан стереотиптер мен штамдарды теріске шығарады. Мал жиюдан басқа өнерге құлықсыздық таныта бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстіне көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады» [13].

Мәшһүр Жүсіптің «Баянауылдан» аталған мақаласында осымәселе де көтеріледі. «Ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей керекті нәрсе. Еркекке бір есе керек болса, ұрғашыға он есе керек. Еркек өзі оқып білмесе, бір жерден барып естісе де, бір сөз үйренеді. Ұрғашы бейшара өзі оқып білмеген соң, ол ешқайда бара алмайды. Сонан соң қайдан естіп үйренеді?! Сол үшін көбінесе ұрғашы оқыса керек. Біздің қазақ ойлайды: «Қатын молда болып, бала оқыта ала ма? Ұрғашыны оқытып не керек?» – дейді. Жоқ, олай емес. Ойлап тұрсаң, еркектің оқығанынан да ұрғашының оқығаны пайдалы. Неге десең, ғылым еркекке, ұрғашыға бірдей парыз. Оның бер жағында ұрғашы оқып ғылымды болса, алған ерін жақсы сыйлап, күтіп, оған таза қызмет қылудың мәнісін біледі. Һәм өз бойына керекті зәрулі

болған табиғат ғибраттарының ғылымын біледі. Һәм балалы болған уақытта сол балаларын жақсы әдеппен үйретеді» [14, 385].

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын діни радикализмнің профилактикасы ретінде қолданудың нәтижелілігіне сенімімізді, көптеген шетелдік тәжірибелердегі ұқсас шешімдермен де салыстыра кетсек. Мәселен, Quintan Wiktorowicz радикалдану процесін «Cognitive Opening» моделі арқылы түсіндіреді, яғни адамдар радикалдық идеологияларға ашық болу үшін өз ой-өрісінде белгілі бір өзгерістерге ұшырайды. Бұл модел экстремизмге қарсы күресте діни және зайырлы білімнің маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [15]. Жүсіп Көпеевтің діни білімнің қоғамдағы рөлі туралы көзқарасы осы ғылыми тұжырымдарға үндес келеді, өйткені ол дұрыс білімнің радикализмге қарсы күрестегі негізгі құрал екенін баса айтқан.

Жүсіп Көпеевтің еңбектерінде діни төзімділік пен өзара түсіністік идеялары кеңінен насихатталған. Оның шығармалары діни және этникалық айырмашылықтарды қабылдау арқылы қоғамда бейбіт өмір сүрудің мүмкіндігін көрсетеді. Бұл көзқарас қазіргі әлемде діни экстремизммен күресте қолданылатын маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Mark Juergensmeyer радикалды діни қозғалыстарды зерттей отырып, толеранттылықтың діни радикализмге қарсы ең тиімді құралдардың бірі екенін көрсетеді. Ол экстремистік топтардың көбіне қоғамдағы бөлінушілікті күшейтуге бағытталғанын көрсетіп, толеранттылықтың бұл идеологияларға қарсы тиімді құрал екенін дәлелдейді. Қазақстанда да діни және этникалық айырмашылықтарды бірлік пен келісімнің негізі ретінде қарастыру арқылы радикалданудың алдын алу маңызды екені сөзсіз [16].

Көпеев ғылым мен білімнің діни және әлеуметтік дамудағы рөлін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, білім алуды қоғамның

рухани дамуының негізі ретінде қарастыру керек. Бұл идея шетелдік зерттеушілердің пікірлерімен де үндеседі. Martha Nussbaum өзінің еңбектерінде азаматтық білімнің демократияны сақтаудағы рөлін қарастырады және білімнің экстремистік идеологияларға қарсы иммунитет қалыптастырудағы маңыздылығын ерекше атап өтеді. Ол сондай ақ өзінің еңбектерінде ұлттық құндылықтарды қорғаудың діни радикализмге қарсы күресте маңыздылығын көрсеткен. Ол дәстүрлі құндылықтардың қоғамдағы экстремистік идеологиялардың таралуына қарсы тиімді құрал екенін атап өтеді [17].

Жүсіп Көпеевтің идеялары қазіргі Қазақстандағы діни экстремизмге қарсы күрес бағдарламаларына интеграциялануы мүмкін. Оның толеранттылық, білім және ғылымның маңыздылығы туралы көзқарастары қазіргі діни экстремизмге қарсы шаралардың негізіне алынып, қоғамдағы радикалдану процесіне қарсы тұру үшін қолданылуы мүмкін.

Жүсіп Көпеевтің діни-философиялық мұрасы қазіргі Қазақстандағы діни экстремизмге қарсы күресте маңызды рөл атқара алады. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып, Көпеевтің діни білім, толеранттылық және рухани құндылықтар туралы көзқарастары радикализацияға қарсы күресте тиімді құрал болып табылады. Оның идеялары қазіргі Қазақстанда қолданылып жүрген профилактикалық шараларды күшейтуге үлес қоса алады.

Мәшһүр Жүсіп өз еңбектерінде діни толеранттылық пен өзара түсіністікке ерекше мән берген. Оның пікірінше, діни және этникалық айырмашылықтар қоғамның бірігуіне кедергі болмауы керек, керісінше, олар мәдени және рухани байлықтың бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл көзқарас бүгінгі экстремистік идеологияларға қарсы тұруда өзекті. Ол діннің дұрыс түсінілуі керектігін және оның қоғамдағы моральдық құндылықтарды нығайтатын құрал екенін көрсеткен. Оның

пікірінше, шынайы дін халықты біріктіруге, ал жалған ағымдар қоғамды бөлшектеуге бағытталған. Бұл ойлар қазіргі Қазақстанда шетелдік діни ағымдарға қарсы күресте маңызды. Мәшһүр Жүсіп өзінің еңбектерінде ұлттық және рухани құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын атап өткен. Ол ислам діні мен қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін үйлесімді түрде насихаттап, рухани және мәдени құндылықтардың бірлігін қорғаған. Бұл идеялар қазіргі экстремистік идеологияларға қарсы тұруда өзекті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни және философиялық мұрасы бүгінгі қоғамда діни экстремизм мен радикализмге қарсы күресте маңызды құрал бола алады. Оның діни толеранттылық, білімнің маңыздылығы және ұлттық құндылықтарды қорғау туралы көзқарастары бүгінгі шетелдік және жалған діни ағымдарға қарсы тұруда қолданылатын маңызды әдістердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Ойшылдың мұралары қазіргі Қазақстандағы діни экстремизмге қарсы профилактикалық шаралардың негізін құрауы тиіс.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ халқының рухани мәдениетіндегі көрнекті тұлға. Оның шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар ғылыми көзқарастардың да құнды көзі болып табылады. Көпейұлы ғылымды адамзат дамуының және рухани кемелденуінің маңызды элементі ретінде қарастырды. Ол үшін ғылым мен білім адамды жоғары адамгершілік және рухани деңгейге жеткізетін құрал болды. Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ғылымға деген терең құрмет пен сенім байқалады. Ол ғылымды адамды қоршаған әлемді түсінуге мүмкіндік беретін негізгі құрал деп есептеді. Оның пікірінше, білімсіздік – адамзат дамуының басты кедергісі, ал ғылым – надандықты жоюдың ең тиімді жолы.

Мәшһүр Жүсіп ғылым мен дінді бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, оларды өзара толықтыратын екі үлкен күш ретінде қарастырған. Оның еңбектерінде ғылым мен діннің

үйлесімділігі туралы көптеген ойлар кездеседі. Ол ғылым арқылы адамның ақыл-ойы дамып, қоршаған әлемді түсінуге көмектесетінін айтқан, ал дін адамның рухани тазалығына, оның моральдық және этикалық қасиеттерін жетілдіруге ықпал ететінін көрсеткен.

Бұл сөздер Көпейұлының ғылымды қоғамның болашағын жақсартудың және дамытудың маңызды құралы ретінде қабылдағанын айқындайды. Оның еңбектерінде ғылым адамзатқа тек материалдық игілік әкелмей, сонымен қатар рухани кемелдікке жетелейтін күш ретінде бейнеленеді.

Мәшһүр Жүсіптің көзқарастары бойынша, ғылым мен білім тек жеке адамның дамуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл халықтың мәдениеті мен өркениетінің өркендеуіне ықпал етеді. Ол халықтың рухани және мәдени деңгейін көтеру үшін ғылым мен білімнің қажеттілігін айқын түсінген. «Білімді халықтың болашағы жарқын болады, ғылымсыз халық кедейлік пен надандықта қалады» деген пікірі Көпейұлының халықтың болашағын біліммен байланыстырғанын көрсетеді.

Оның ойынша, ғылым халықтың ұлттық мәдениетін байытуға, оны қорғауға және сақтауға ықпал етеді. Білім арқылы халық өзінің тарихын, дәстүрлерін және рухани құндылықтарын сақтай алады. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің ғылым туралы ойлары бүгінгі таңда да өзекті, себебі қазіргі қоғамда да ғылым мен білім мәдениетті сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқарады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ғылым туралы көзқарастары бүгінгі қоғам үшін ерекше маңызға ие. Оның ғылымды рухани және материалдық дамудың негізі ретінде қарастыруы қазіргі замандағы білім беру және ғылым жүйесінің негізгі қағидаларына сәйкес келеді. Көпейұлының ойынша, ғылым адамзаттың дамуында маңызды рөл атқарып қана қоймай, оның рухани кемелденуінің де маңызды құралы болып табылады.

Ғылым арқылы адамзат надандық пен білімсіздіктен құтылып, болашаққа нық қадам жасайды. Мәшһүр Жүсіптің бұл ойлары қазіргі Қазақстан қоғамындағы білім мен ғылымның маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 11 том. – Алматы «Ел шежіре», 2010 ж. 360 б. ISBN 978-601-7011-93-2.
2. John Painter Jr. Scientology termed «destructive cult». The Oregonian. 27 июля 1979.
3. Una McManus, John Charles Cooper. Dealing with destructive cults. Zondervan Pub. House, 1984.
4. Смирнов М.Ю. Социология религии: словарь. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2011. – 412 с.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
6. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шығармалары, 1-том. – Алматы: Ғылым, 2003. – 56-бет.
7. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шығармалары, 2-том. – Алматы: Ғылым, 2003. – 225-бет.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Шығармалары», 3-том. – Алматы: Ғылым, 2004. – 166-бет.
9. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Шығармалары», 4-том. – Алматы: Ғылым, 2004. – 143-бет.
10. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Діни-философиялық көзқарастары». – Алматы: Ғылым, 2005. – 102-бет.
11. Оразбаева, Г. (2018). *Экстремизмге қарсы күрестегі діни білімнің ролі*. Алматы: Ғылым.
12. Мәшһүр Жүсіп Көпеев/ Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

13. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Баянауылдан / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

14. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Баянауылдан / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

15. Wiktorowicz, Q. (2005). *Radical Islam Rising: Muslim Extremism in the West*. Rowman & Littlefield Publishers.

16. Juergensmeyer, M. (2003). *Terror in the Mind of God: The Global Rise of Religious Violence*. University of California Press.

17. Nussbaum, M. (2010). *Not for Profit: Why Democracy Needs the Humanities*. Princeton University Press.

Moldakhmet Bidas

**THE RELEVANCE AND SIGNIFICANCE FOR
MODERN SOCIETY OF MASHHOUR'S LEGACY
AND THE THINKER'S RELIGIOUS VIEWS
IN THE CONFRONTATION AGAINST EXTREMIST
AND RADICALIST IDEOLOGY IN THE
RELIGIOUS SPHERE**

Global trends. Global trends in universal socio-political development after the collapse of the Soviet system led to the emergence of the capitalist order of economic relations between states. Thus, the end of the twentieth century marked an even more sophisticated struggle for the resources and minds of the post-Soviet space, in which young Kazakhstan was no exception. Economically weak, undeveloped public administration, weak civil institutions, and the restructuring of the state apparatus exerted pressure on the formation of national identity. In addition, global shifts, the struggle for resources, and the building of a new world order on the part of Western countries had a significant impact on the countries of Central Asia, because the geographical space of these countries could be functional in terms of fighting the opposition of the young Russian Federation on the one hand and against Afghanistan in the region on the other.

Nevertheless, the geopolitical situation was accompanied by an upsurge in the national and cultural characteristics of the Central Asian countries. The state policy of Kazakhstan has begun to form a national identity, without infringing on the rights and choices of other ethnic groups on the path of their development. This policy can be traced in the process of institutionalization of the sphere of religious relations and public policy.

The process of institutionalization. The revival of Islamic practice among the population in the first decade of Kazakhstan's independence can be traced according to data on Islamic religious associations in the period from 1989 to 1998. If in 1989 there were 46 Islamic religious associations, by 1998 there were 1000 associations [1]. At the moment, the picture is changing and the number of Islamic religious associations in Kazakhstan is 2,813 [2].

One of the important factors in the institutionalization of Islamic religious activity in the country was the establishment of diplomatic relations between Kazakhstan and the countries of the Islamic world in the early 90s. The development of foreign policy relations opened up the opportunity for free preaching and the activation of missionaries from the Middle East, Turkey and Pakistan, which led to the penetration of various religious movements. In the struggle for the minds of its citizens, the political leadership of Kazakhstan subsequently had to actively regulate the religious sphere of the country.

